

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ
Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**«Бекітемін»
Академия бастығының
ғылыми жұмыс жөніндегі
орынбасары, з.ғ.к.
полиция полковнигі
_____ О.Т. Сейтжанов**

2019 ж. «_____» _____

5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

**GPPPK 3218
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ»
пәні бойынша
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

**Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 3
Семестр: 5
Кредит саны: 2
Дәріс: 15 сағат
Семинарлық сабақ: 15 сағат
КООЖ: 15 сағат
КӨЖ: 45 сағат
Емтихан: 5 семестр**

Қарағанды 2019

**5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған
GPPPK 3218 – «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ
ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ»
пәні бойынша
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

**Құрастырушы: Қалиев Абылай Ақылбайұлы, кафедра аға
оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры.**

**Кафедра отырысында қаралды.
2019 жылғы «11» маусым, № 20 хаттама**

**Азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры**

Д.Қ. Райбаев

**ОӘК отырысында қаралды.
2019 жылғы «_11_»_07_, № 11 хаттама.**

2.1. Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300 «Құқыққорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 5 семестр
3. Пән циклы	Таңдау бойынша компоненті - КРАПК –3217
4. Кредиттер саны	2
5. Сабақты өткізу орны	Оқу аудиториялары, дәріс залы
6. Дәріс беруші (Т.А.Ә, лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа байланыс ақпараттары)	Калиев Абылай Ақылбайұлы, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Жұмыс тел. 3-11
7. Қалған сабақтар түрлерін өткізетін оқытушы (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа байланыс ақпараттары)	Калиев Абылай Ақылбайұлы, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы заң ғылымдарының магистрі, Жұмыс тел. 3-11

2.2. Пререквизиттері: «Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» пәнін оқып-білу және дұрыс түсіну үшін «Құқық негізі», «Мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы», «Рим құқығы», «Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы», «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)», «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)», «Қазақстан Республикасының еңбек құқығы», «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы», «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы» және т.б. пәндерінің білімдерін білу қажет.

2.3. Постреквизиттері: Жоғарыда аталған оқу пәндерін және осы пәнді меңгеру жалпы құзыреттегі және мамандандырылған соттардың құрылымы, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің бұзылған немес даулы құқықтары мен заңды мүдделерін соттық қорғаудың нысандары мен тәсілдері, азаматтық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың процестік құқықтары мен міндеттері, азаматтық сот ісін жүргізу өндірісінің ұғымы мен сатылары және жекелеген сот ісін жүргізу өндірістері туралы қажетті білімдерді алуға септігін тигізеді. «Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» пәні «Қазақстан Республикасының адвокатураны», «Қазақстан Республикасындағы нотариат», «Қазақстан Республикасы азаматтық процестік заңнамасын қолданудың теориясы мен практикасы» және т.б. курстарды оқып білу үшін негізгі пән болып табылады.

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Кез-келген мемлекетте сияқты Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті құру тұжырымдамасын іске асыру сот билігінің тиісті түрде жұмыс істеуінсіз мүмкін емес. Қазақстан Республикасының жалпы құзыреттегі соттары жыл сайын азаматтардың, сонымен қатар, мемлекет пен ұйымдардың,

оның ішінде құқыққорғау органдарының мүддесін қозғайтын конституциялық, әкімшілік, азаматтық, тұрғын-үй, отбасылық, еңбектік, экологиялық, жер және басқа да құқыққатынастардан туындайтын мыңдаған істерді қарастырып, шешеді. Азаматтық істерді қазіргі таңда қарастыру және шешу нарықтық қатынастардың дамуына, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам мен азаматтардың ар-намысы мен абыройын, саяси және басқа да құқықтарын қорғауға құқығының кеңеюіне байланысты өте күрделі сипатқа ие.

Бұл азаматтық процестік құқығы нормаларымен реттелген жалпы құзыреттегі соттардың азаматтық істерді қарастыру мен шешу бойынша қызметінің нысаны болып табылатын азаматтық процес ұғымының ерекше рөлі мен маңыздылығын көрсетеді.

Азаматтық процестік құқығы – Қазақстан Республикасының жоғары білім беру орындарындағы негізгі оқу пәндерінің бірі.

Бұл оқу курсы менгерудің пәні болып азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары, сонымен қатар, азаматтық іс жүргізу ғылымына тән құқықтық санаттар, теориялық көзқарастар мен тұжырымдар табылады.

Қазақстан Республикасындағы сот реформасы соңғы жылдары Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексін, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексін, Қылмыстық-процесстік кодексін, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін, сонымен қатар, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Медиация туралы», «Білікті заң көмегін көрсету туралы» заңдарды қабылдаумен ерекше көзге түсті. Бұл реформа объективті түрде сот ісін жүргізу жүйсін жетілдіруге бағытталған және сөзсіз оның жай-күйіне оң ықпалын тигізеді. Қабылданған заңнамалық актілер бұрынғы актілерге қарағанда едәуір жоғары деңгейде екенін ескермеу мүмкін емес. **Ондағы оң жетістіктердің ішінен:**

- заңдардың сот ісін жүргізудің халықаралық стандарттарына бағдарлануын;

- азаматтық процестің негізгі қозғаушы күші ретіндегі диспозитивтілік қағидасының жаңа мазмұнмен толықтырылуын;

- азаматтық сот ісін жүргізу түрлерінің саралануын және сот процесін оңтайландыру арқылы сот өндірісінің мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін жекелеген істерді шешудің процессуалдық нысандарының біршама жеңілдетілуін;

- ведомстволық институтының жаңаруын, әр түрлі материалдық құқыққатынастардан туындайтын құқық туралы кез-келген дауларды соттардың қарауына жатқызу;

- азаматтық істер бойынша дәлелдеу қызметіне көзқарастың жаңаруын және азаматтық сот өндірісіндегі жарыспалылық қағидасына жаңа мазмұнын бекітуді;

- әр түрлі процессуалдық актілердегі ұғымдар мен құқықтық институттардың бір ізге келтірілуін атап өтуіміз қажет.

Пәнді оқытудың мақсаты. «Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» пәнін оқытудың мақсаты болып:

- азаматтық процестік және материалдық құқық нормаларын бір жиынтықта оқыту;

- курсанттарда азаматтық істерді қарастыру мен шешу кезінде пайда болатын құқықтық қатынастар жүйесі жөнінде және процеске қатысушы тұлғалардың рөлі мен процестік құқықтары мен міндеттері жөнінде түсініктерді қалыптастыру;

- жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің бұзылған немесе даулы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизмдерінің жалпы жүйесіндегі әділ сот рөлі және оның артуы туралы түсініктерін қалыптастыру;

- курсанттардың жалпы құзыреттегі, мамандандырылған және төрелік соттардағы сот процесінің негізгі қағидаларымен және нормаларымен таныстыру;

- азаматтық процестік заңнаманы дұрыс қолдана білу үшін сот практикасын түсіндіру табылады.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- азаматтық процестік заңнаманың негіздері мен қағидалары жөніндегі білімдерге ие болу;

- азаматтық процестік құқығының және азаматтық процестің негізгі ұғымдары мен санаттарын зерделеу;

- азаматтық процестік құқығын меңгеру үшін қажет қайнар көздерді, оның ішінде, маңызды заңнамалық актілер мен азаматтық сот ісін жүргізуді сол немесе басқа үлесте реттейтін азаматтық процестік нормалары бар халықаралық құқық нормаларын зерделеу;

- жалпы құзыреттегі соттармен, халықаралық төрелік соттар мен аралық соттардың азаматтық процестік құқығы нормаларын қолдану практикасымен танысу және зерделеу;

- соттың және сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері, оларға заңмен бекітілген талаптар жөніндегі нақты, әрі жан-жақты түсініктеріне ие болу;

- болашақ құқыққорғау қызметінің мамандарында мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай білу іскерліктерін қалыптасыру;

- іс бойынша құқықтық ұстанымын қалыптастыра білу, сот ісін жүргізуге қатысушы әр түрлі субъектілер тұрғысында құқықтық жағдайларды талдай білу, процессуалдық құжаттарды жасай білуге дағдыландыру және оны жетілдіру;

- қолданыстағы азаматтық процестік заңнаманың кемшіліктері мен проблемаларын анықтау, құқық қолдану практикасының проблемаларын талдау мен шешу жолдарын іздеу;

- ғылыми әдебиттер мен нормативтік-құқықтық актілерді талдай білу мен пайдалана білуге дағдылану.

Пәнді меңгеру нәтижесінде курсанттар білу қажет:

- Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығының негізгі ережелерін;

- Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығы заңнамасының жүйесін құрайтын нормативтік құқықтық базаны, азаматтық процестік құқығы жүйесінің негізгі институттарын;

- соттар арасындағы ведомстволықтың ара-жігін ашуды;

- азаматтық іс жүргізудің сатыларын;

- соттармен шешілетін даулар санының өсуіне орай құқық саласының даму болашағын.

Мынандай дағдыларды істей білу қажет:

- заң ұғымдарымен және санаттармен негіздей білу;

- заңдық фактілерді және оған байланысты туындайтын қатынастарды талдау;

- құқықтық нормаларды талдау, талқылау және дұрыс қолдану;

- заңға сай шешімдер қабылдау және заңдық әрекеттер жасау;

- нормативтік-құқықтық актілердің құқықтық сараптамасын жүргізу;

- білікті заңдық қорытындылар мен кеңестер беру;

- заңдық құжаттарды дұрыс жасау және ресімдеу;

- азаматтық істер бойынша процестік құжаттарды жасау (әзірлеу);

- материалдық құқық нормаларын қолданудың негізінде азаматтық істерді қарастыру мен шешуге байланысты процестік қызметті орындау;

- жазбаша жұмыстарды орындау, практикалық (семинарлық) сабақтарға қатысты тапсырмаларды шешу.

Иелену қажет:

- заң терминдерін қолданау білу дағдысын;

- құқықтық актілермен жұмыс істей білу дағдысын;

- құқық қолдану және құқық қорғау практикасын талдау дағдыларын;

- құқықтық проблемалар мен қарама-қайшылықтарды шешу дағдыларын;

- материалдық және процестік құқық нормаларын іске асыру біліктілігін;

- адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті шараларды қабылдау дағдыларын.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі:

№	Жұмыстар түрлері	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсын-ылған әдеби-еттер тізіміне сілтеме	Бақ-ылау ныса-ны	Балдар (рей-тингтік жүйеге сәйкес)	Есеп беру нысан-дары	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1.Дәрістер конспект-ілерін тексеру 2.Кесте жасау 3.Тапсыра шешу	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон-пекті	Кесте бойынша
2.	1.Тақырып бойынша сұрау 2.Кесте жасау. 3.Тапсырма шешу	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3, 18,19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон-спекті	Кесте бойынша
3.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3.Ағымдағы тестілеу	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон-спекті Тест	Кесте бойынша
4.	1. Тақырып бойынша сұрау 2.Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектiсi 3. Тапсырма шешу 4. Ағымдағы тестілеу 5.Іскерлік	Ағымда-ғы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Кон-спекті Тест	Кесте бойынша

	ойын						
5.	1. Тақырып бойынша сұрау 2.Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі 3. Тапсырма шешу 4. Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18,19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті Тест	Кесте бойынша
6.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3. Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті Тест	Кесте бойынша
7.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3. Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті Тест	Кесте бойынша
8.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі. 3.Кесте жасау 4.Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті Тест	Кесте бойынша
9.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Тапсырма шешу 3. Ағымдағы	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32,		0-100	Жауап Конспекті	Кесте бойынша

	тестілеу		33				
10.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі. 3.Кесте жасау 4.Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті	Кесте бойынша
11.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі. 3.Кесте жасау 4.Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті	Кесте бойынша
12.	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектісі. 3.Кесте жасау 4.Ағымдағы тестілеу	Ағымдағы бақылау	1, 2, 3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 31, 32, 33		0-100	Жауап Конспекті	Кесте бойынша

2.6. Курс саясаты:

- танымның (оқып білудің) ғылыми әдістерін пайдалану;
- процестік мектептер мен бағыттарда сапалы бағыт-бағдар жасау, азаматтық процестік құқығының теориясы мен азаматтық процестік заңнаманы қолдану практикасын бағалау мен зерделеуде ғылыми көзқарастарды да, өз көзқарастарын да қалыптастыру;

- азаматтық процестік заңнаманың негізгі ұғымдары мен проблемаларына сүйену;

- азаматтық процестік құқығы, азаматтық процестік заңнама білімдерінің теориялық және қолданбалы аспектілерін анықтай білу, оларды күнделікті өмірге де, кәсіби қызметке де қатысы бар практикалық шешімдерді негіздеу үшін қоладана білу;

- талдау жасау, өз еркімен және сын көзбен ойлау, сәтті құқыққорғау қызметі үшін белгілі бір әдіснамалық (методологиялық) базаға ие болу;

- өз санасын өз еркімен дамыту, ойлау өрісі мен қабілетін, шығармашылық қызметке қызығушылығын және үзіліссіз өзін-өзі оқытуға қажеттілігін кеңейту.

Жол берілмейді:

- сабаққа кешігуге және одан кетуге;

- тапсырманы уақытында тапсырмауға;

- сабақ үстінде ұялы телефон қолдануға, беталды әңгімелер айтуға, сағыз шайнауға;

- алдауға және плагиатқа.

2.7. Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

№ р/н	Автор, атауы	Жылы, шыққан басылымы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
2	Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 2014 жыл 17 қаңтар.	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
3	Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымыздың 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
	Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // 2009 ж.	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
4	Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
5	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .

6	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 ж., 1 шілде. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
7	Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. 2015 ж., 23 қараша. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
8	Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі, (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
9	Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қарашадағы Кодексі, (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
10	Қазақстан Республикасының Орман кодексі. 2003 ж., 8 шілде. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
11	Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 ж., 20 маусым. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
12	Қазақстан Республикасының Су кодексі. 2003 ж., 09 шілде. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
13	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2007 жылғы 9 қаңтар. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
14	Қазақстан Республикасының Салық кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
15	Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексі. 2015 жылғы 29 қазан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. online.zakon.kz .
16	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық Заңы. 2000 ж. 25.12. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .

17	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
18	Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы, 1997 ж. 16.04. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
19	Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы. 1997 ж. 05.12. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
20	Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
21	Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
22	Қазақстан Республикасының ««Астана» халықаралық қаржы орталығы» туралы 2015 ж. 7 желтоқсандағы Конституциялық Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
23	Қазақстан Республикасының «Атқарушылық өндіріс және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
24	Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы. 1997 ж. 14.07. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
25	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының құқыққорғау қызметі туралы» Заңы, 2011 жылдың 6 қаңтары. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
26	Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 2017 ж. 30.06. Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
27	Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .

		online.zakon.kz.
28	Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1998 ж. 14.05. №1 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
29	Қазақстан Республикасының «Сотта азаматтық істерді қарау кезінде жариялылық принципін сақтау туралы» Жоғарғы сотының 28 қазандағы 2005 жылғы № 5 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
30	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
31	Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының «Сотта азаматтық істерді қарау кезінде жариялылық принципін сақтау туралы» 28 қазандағы 2005 жылғы № 5 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
32	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот шешімі туралы» № 5 нормативтік Қаулысы. 2003 ж. 11.07. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
33	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот қарастыруына азаматтық істерді әзірлеу туралы» № 21 нормативтік Қаулысы. 2001 ж. 13.12. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
34	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасының «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 29 маусымдағы № 5 Қаулысы(Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
35	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 ж. 28.04. №4 қаулысы. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
36	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .

37	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» 1996 жылғы 25 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
38	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтардың тұрғын үй-жайларды жекешелендіру жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» 1997 жылғы 18 шілдедегі № 9 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
39	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» 2013 жылғы 27 ақпандағы № 1 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
40	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 ж. 09.07. №7 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
41	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы туралы» 1999 ж. 09.07. №9 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
42	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Тұрғын үйге меншік құқығы туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1999 ж. 09.07. №10 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
43	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2007 жылғы 16 шілдедегі № 6 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
44	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы соттарының банкроттық туралы заңды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2000 ж. 28.04. №3 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: акпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының	Параграф-WWW:

45	«Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 ж. 28.04. №4 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
46	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» 2000 ж. 28.04. №5 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
47	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы» 1999 ж. 9 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
48	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын қолдану тәжірибесі туралы» 2000 ж. 22.12. №16 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
49	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 ж. 21.06. №3 Нормативтік қаулысы.// 2013 ж. 20 наурыздағы өзгертулер мен толықтырулар	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
50	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату жөнінде заңдардың кейбір нормаларын соттардың қолдануы туралы» 2005 ж. 23.12. №10 Нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
51	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2000 ж. 22.12. №17 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
52	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2002 ж. 28.06. №13 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.
53	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 ж. 11.07. № 8 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http:// online.zakon.kz.

	толықтырулармен)	
2. Негізгі әдебиеттер		
54	Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім.	Қарағанды: Санат-полиграфия, 2008.-135 б.
55	Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім.	Қарағанды: Санат-полиграфия, 2008.-289 б.
56	Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы.	Астана: Фолиант, 2006.-388 б.
57	Қамбарова Н.Ш. Азаматтық іс жүргізу құқығы: Электрондық оқу құралы. Альбом-кесте/Н.Ш. Қамбарова	Алматы: Нұр-пресс, 2009.
58	Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие	Астана: ТОО «Профимакс ДК», 2010 - 402с.
59	Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие- 2-е изд., перераб.и доп	Астана: ТОО «Профимакс ДК», 2011- 530с.
60	Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебник.	Алматы: ҚазМЗА, 2001 ж.
61	Егорова О.А., Коршунов Н.М., Лабыгин А.Н., Мареев Ю.Л. Гражданский процесс: Учебник	М. : Юнити, 2011 - 431с.-
62	Жантуаров Б. С. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть: учебно-наглядное пособие	Алматы : ООНИ и РИР Алматин. акад. МВД РК, 2012 - 40 с.
63	Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие.	Алматы: Nurpress, 2012 - 476 с.
64	Гражданский процесс: Учебник-Отв. ред.В.В.Ярков. 7-е изд., перераб.и допол.	В.:Волтерс Клувер, 2009 - 784с.
65	Исполнительное производство: Учебное пособие Под ред.С.С. Маиляна , А. Н. Кузбагарова -	М. : Юнити, 2009 - 303с.
3. Қосымша әдебиеттер		
66	Егембердиев Е. О. Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы/Е.О. Егембердиев.- 2- ші бас.	Астана: Фолиант, 2011.-160 б.
67	Касенова А. Ж. Талап қою құқығын іске асырудың шарттары (өзекті мәселелері): Заң ғыл.канд.ғылыми дәреж.алу үшін жаз.диссертац.автореф./ А.Ж.	Алматы: Қазақстан Республикасы,

	Касенова	2006.-29 б.
68	Баймолдина З.Х. Производство по пересмотру судебных актов по гражданским делам: Учебное пособие	Алматы: ҚазМЗУ, 2002.
69	Аленов М.А. Образцы процессуальных документов по гражданским делам. Тестовые вопросы по гражданскому процессуальному праву: Оқу-әдістемелік құрал /М.А. Аленов.	Астана. вып.2.- 2006.-100с.
70	Манабаева М. А. Подготовка гражданских дел к судебному разбирательству (проблемы теории и практики): Автореферат дисс. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук	Астана: Республика Казахстан, 2010 - 32с
71	Конусова В.Т. Негосударственные процедуры урегулирования гражданско-правовых споров: Автореферат дисс. На соиск. учен. степ. канд. юрид. наук	Астана: Республика Казахстан, 2010 - 32с
72	Бурибаев Е.А. Теоретические проблемы конституционно-правового регулирования нотариальной деятельности и нотариата: на материалах Республики Казахстан и постсоветских государств: Автореферат дис. на соиск. учен. степ. доктора юрид. наук	Алматы, Республика Казахстан, 2010 - 46с.
73	Макарчук А. Ф. Правовые проблемы становления и развития частного нотариата в Республике Казахстан: Автореферат дисс. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук	Алматы: Республика Казахстан, 2009 - 23с.
74	Арбитражный процесс: Оқу құралы /Под ред. П.В. Алексия, Д.Эриашвили.	М.: Юнити-Дана, Закон и право, 2009.-367 б.
75	Рамазанова, А.С. Правоохранительные аспекты в деятельности третейских судов Республики Казахстан: Автореферат дисс. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук.	Алматы: Республика Казахстан, 2009 - 26с.
76	Гражданский процесс: Учебник / Отв. ред. В.В. Ярков.-7-е изд., перераб. и допол.	М.: Волтерс Клувер, 2009.- 784 стр.
77	Комментарий к изменениям и дополнениям в гражданско-процессуальный кодекс Республики Казахстан/ Авт. кол.: А.Е. Кабдуев, Г.А. Аубакирова, А.Ж. Нурушев, Қ.Ө. Қарабеков, А.А. Калиев.	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2010.-96 б.
4. Интернет-қайнар көздер		
78	Под ред.: Мирзоева Г.Б., Волковой Н.А., Щербачевой Л.В. Нотариат [Электронный ресурс]: электрон. учеб. пособие для вузов по специальности	М.: Юнити-Дана: Закон и право, 2011.

	«Юриспруденция» - 5-е изд., перераб. и доп.	
79	Туманова Л. В. Гражданское процессуальное право [Электронный ресурс]: электронный учебник.	М.: Кнорус, 2011
80	Нурмашев У.У. Практикум по гражданскому процессуальному праву Республики Казахстан [Электронный ресурс]: электронное учебное пособие	Алматы : Nurpress, 2012.

**2.8. Заң институты КОФ 3 курс (2017 ж.а.) курсанттарымен
сабақ жүргізуге арналған «Қазақстан Республикасының
азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

№ р/с	Тақырып	Тақырып атауы	Ауд. сағаттар			КӨӨЖ	КӨЖ
			Дәрістер	Сем. сабақтар	Практик. сабақтар		
1	1	Азаматтық процестік құқығы құқық саласы ретінде. Азаматтық процестік құқығының қағидалары	1	1	-	1	3
2	2	Азаматтық процеске қатысушы тұлғалар	1	1	-	1	3
3	3	Соттағы өкілдік. Азаматтық процестегі процестік мерзімдер мен сот шығындары.	2	2	-	2	6
4	4	Азаматтық істердің ведомствалық бағыныстылығы мен соттылығы.	2	1	-	1	3
5	5	Азаматтық процестегі талаптың ұғымы, элементтері және түрлері. Талап арыз беру және оны қамтамасыз ету	1	1	-	1	4
6	6	Істі сотта қарауға әзірлеу. Сотта азаматтық істі қарау.	2	2	-	2	6
7.	7	Ерекше талап қоюмен іс жүргізу.	1	1	-	1	3
8	8	Ерекше іс жүргізу.	2	2	-	2	6
9	9	Апелляциялық инстанцияда іс жүргізу.	1	1	-	1	3

10	10	Кассациялық инстанцияда іс жүргізу.	1	1	-	1	3
11	11	Сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайтадан қарастыру.	-	1	-	1	2
12	12	Атқару ісін жүргізу.	1	1	-	1	3
		БАРЛЫҒЫ:	15	15	-	15	45

2.9. САБАҚТАР ЖОСПАРЫ

№ 1 тақырып. Азаматтық процестік құқығы құқық саласы ретінде (пәні, әдісі және жүйесі). Азаматтық процестік құқығының қағидаттары

Сабақ мақсаты: Мақсаты – курсанттарда «Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» саласы жөнінде жалпы түсінікті қалыптастыру, Қазақстандағы заманауи заңдық білім беру аясында осы құқық саласын меңгерудің тұжырымдамалық қажеттілігін негіздеу.

«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» саласының негізгі қағидаттарымен таныстыру және олардың азаматтық істерді қарастыру барысындағы ерекше маңызын белгілеу

Бұл орайда, ПО қызметінде азаматтық процестік құқығы нормаларын қолдануға көңіл бөлу қажет.

Міндеті – жаңа толқындағы заңгер жеке тұлғасының қалыптасуы үшін «Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» саласының практикалық маңыздылығын көрсету.

«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» саласының қағидааттарының жүйесін, оларды жіктеудің проблемалары мен өзараәрекеттесуін білу.

Дәріс - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық процестік құқығының ұғымы, пәні, әдісі, жүйесі және қайнар көздері
2. Азаматтық процестік құқығы қағидаттарының ұғымы, мазмұны, жүйесі.
3. ПО қызметкерлерімен азаматтық процестік құқығын оқудың маңызы.

Дәріс тезистері:

Азаматтық процестік құқығы – бұл азаматтық процестік заңдарында соттың құзыреттілігіне жатқызылған талап қою және өзге істерді қарау мен шешу барысында сот төрелігін атқару мен шешімді орындау кезінде сот пен басқа субъектілер арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығы.

Басқаша айтқанда, азаматтық процестік құқығымен азаматтық процестік әрекеттер мен қатынастар реттеледі.

Ал құқық саласының атауымен тығыз байланысты ұғым болып табылатын азаматтық процес – бұл сот пен басқа субъектілер арасында азаматтық істі қарау мен шешу кезіндегі туындайтын азаматтық процестік құқығының нормаларымен реттелген азаматтық процестік қатынастар мен процесстік іс-әрекеттердің жиынтығы.

Құқық саласының басты мақсаты – бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау, ал міндеті – азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын,

бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

Азаматтық процестік құқығының өзіне тән ерекшеліктері бар қоғамдық қатынастардан тұратын пәні бар. Оның пәніне азаматтық іс жүргізу (талап қоюдан бастап қойылған талап бойынша шешім шығаруға дейінгі) барысында және соттың шығарған шешімін орындау барысындағы сот және басқа да субъектілер арасындағы қоғамдық қатынастар жатады. Бұл қатынастар процессуалдық қатынастар.

Азаматтық процестік құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың 2 түрін бөліп көрсетуге болады:

1) Азаматтық процестік құқыққатынастары – бұл бір жағынан мүдделі тұлғалардың, екінші жағынан сот органдары арасында қалыптасатын қатынастар.

Мұндай мүдделі тұлғалар ретінде азаматтық, отбасылық, еңбек, экологиялық, сақтандыру, қаржы және басқа да құқық салаларының субъектілері ретінде болатын азаматтар мен ұйымдар табылады. Бұл қатынастардың мәнісі дәлелдемелерді жинауды, оларды зерттеуді, баға беру мен істің нақты мән-жайларын орнату мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтауды, сонымен қатар, егер олар бұзылған кезде осы құқықтарды қорғауды білдіреді. Осы қоғамдық қатынастар азаматтық процестік құқығының пәнін құрайды

2) Азаматтық, еңбек, отбасылық және т.б. құқық салаларындағы материалдық құқық қатынастар. Мұндай қатынастар мүдделі тұлғалардың арасында қалыптасады, сондықтан да соттың бұндай қатынастарға тікелей қатысы жоқ. Мүдделі тұлғалардың арасындағы материалдық-құқықтық қатынастар сотқа талап арыз берілгеннен кейін соттық қарастырудың объектісі болып табылады. Бұл азаматтық іс жүргізудің барлық сот қызметі бағытталған қатынастары. Сондықтан мұндай қатынастарды азаматтық процестік құқығының жанама құқықтық реттеу пәні деп айтуға болады.

Азаматтық процестік құқығының оның пәніне кіретін қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған әдістері бар.

Азаматтық процестік құқығының әдісі – бұл азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарын реттеуге бағытталған амал, тәсілдердің жиынтығы.

Жалпы құқық теориясындағы барлық құқық саларына тән әдістер де азаматтық процестік құқығының әдістері болып табылады. Олар императивтік және диспозитивтік әдістер.

Азаматтық процестік құқығы әдісінің басты ерекшелігі өзара қарама-қайшы келетін 2 әдістердің бір мезгілде кездесуінде болып отыр, онда – бір жағынан, билік пен бағыну қатынастары болса, екінші жағынан, диспозитивтік бастамалар болады. Сондықтан «азаматтық процестік құқығы азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу саласындағы қоғамдық қатынастарды императивтік және диспозитивтік әдістердің қосындысымен реттейді»

Императивтілік азаматтық процестік құқыққатынастарына қатысушылардың, яғни, сот пен іске қатысушылардың құқықтық жағдайымен айқындалады. Азаматтық процес – бұл көбінесе соттық қызмет, яғни, билік

қызметі, өйткені сот мелекеттік орган, мәжбүрлеуші орган. Сондықтан да, азаматтық процестік құқығының әдісінде сот органдарының билігі негізгі орын алады, ал қалған қатысушылар оның заңды талаптарына бағынуы керек (мысалы, қажетті жағдайларда сот алимент төлеуден жалтарып жүрген жауапкерді мәжбүрлеп келтіру, оның мүмкінен өндіріп алу сұрақтарын көтеруі мүмкін).

Сонымен қатар, азаматтық процестік құқығының әдісі диспозитивті де болып келеді. Кейбір авторлар бұндай әдісті «диспозитивті-рұқсат етуші» деп те атайды.

Диспозитивтілік азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қорғалуға жататын құқықтардың сипатымен айқындалады. Азаматтық құқық субъектілері өз құқықтарына билік ету бойынша әрекеттер жасауда толығымен ерікті болып келеді. Сондықтан да даулы материалдық құқық қатынастары субъектілерінің диспозитивті әрекеттері азаматтық процестік құқығы әдісінде де орын алады. Азаматтық іс жүргізу, әдетте, мүдделі тұлғаның сот органдарына талап арызымен жолдануынан басталады. Соттың өз бастамасы бойынша азаматтық іс қозғауға құзыреті жоқ. Азаматтық іс жүргізудің алға жылжып отыруы және одан әрі жалғасын табуы құқық туралы дау субъектілерінің еріктеріне байланысты болады.

Азаматтық процестік құқығының жүйесі - бұл құқықтық реттеу пәнінің сипатымен негізделген құқықтық нормалар мен институттардың жиынтығы.

Азаматтық процестік құқығының жүйесі 2 бөлімнен тұрады: жалпы және ерекше бөлім.

Жалпы бөлім негізгі ережелерден тұрады. Олар азаматтық іс жүргізудің жалпы сұрақтарын реттеуге арналған.

Азаматтық процестік құқығының ерекше бөлімі азаматтық іс жүргізудің сатылары бойынша істерді қарастыру мен шешудің тәртібін реттейтін нормалар мен құқықтық институттардан тұрады.

Азаматтық процестік құқығының қайнар көздері. Қай құқық саласы болмасын, «оның қайнар көздері ретінде құқықтық мағынада алғанда мемлекеттік актілер есептеледі»

Қазақстан Республикасында құқықтың қайнар көздері ретінде нормативтік құқықтық актілер танылады. Осының негізінде азаматтық процестік құқығының қайнар көздеріне өзіне азаматтық процесстік нормаларды қамтыған, азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жатқызуға болады.

Мұндай актілер жүйесі Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасын құрайды. Азаматтық процестік заңнамасына қатысты ережелер Қазақстан Республикасы АПК 1 тарауында белгіленген. (1-3 баптар)

Азаматтық процестік құқығының қағидаттары туралы әр түрлі анықтамалар берілген.

Азаматтық процестік құқығының қағидаттары деп оның іргелі ережелерін, азаматтық істер бойынша сот әділеттілігі туралы негіз қалаушы идеялар мен бастауларды атайды.

Азаматтық процестік құқығы қағидаттарының жүйесі. Азаматтық сот өндірісі азаматтық процестік құқығының нормаларында бекітілген бірнеше басты негіздерге сүйенеді.

Олар азаматтық істер бойынша сот әділеттілігін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Азаматтық процестік құқығының қағидаттары өзара сабақтасқан, бір бірімен тығыз байланысты және өзара әрекеттесіп отырады. Сол себепті олар толық құрылымды, яғни, жүйені құрайды. Құқықтық құбылыстардың біртекті жиынтығы ретінде осы жүйе азаматтық сот өндірісінің мәнін және азаматтық процестік құқығының маңызды белгілерін сипаттайды.

Сонымен, азаматтық процестік құқығы қағидаттарының жүйесі – бұл құқық саласының тиісті тәртіпте бекітілген, біртұтас, логикалық тұрғыда өзара байланысқан барлық қағидаттарының жиынтығы.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізмі

1, 4, 16, 27, 29, 54, 56, 59, 63, 79

№ 1 тақырып. Азаматтық процестік құқығы құқық саласы ретінде (пәні, әдісі және жүйесі). Азаматтық процестік құқығының қағидаттары

Сабақтың мақсаты: Сабақтың мақсаты курсанттармен дәрісте алған білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту, сонымен қатар материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар, бұл сабақта курсанттар азаматтық процестік құқығының ұғымын, пәнін, әдісін, жүйесі мен қайнар көздерін, азаматтық процестік құқығы қағидаттарын сипаттап берулері тиіс.

Семинарлық сабақ – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығының ұғымы, пәні, әдісі.
2. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығының жүйесі және қайнар көздері.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығы қағидаттарының ұғымы, маңызы, жіктелуі мен жалпы сипаттамасы.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 1, 2 тарауларының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттармен азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» 2003

жылғы 20 наурыздағы № 2 Нормативтік қаулысының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (әдебиетер тізімін қараңыз).

Сабақты өткізудің 2 нұсқасы

Семинар тренинг Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығының қағидаттары - 1 сағат.

Мақсаты: азаматтық процестік құқығы қағидаттарының негізгі жіктелуін игеру.

Міндеттері: азаматтық процестік құқығы қағидаттары туралы білімдердің қолданбалы маңызын зерделеу, азаматтық процестік құқығының әрбір қағидаттарының мазмұнын ашу.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізмі

1, 4, 16, 27, 29, 54, 56, 59, 63, 79

№ 1 тақырып. Азаматтық процестік құқығы құқық саласы ретінде (пәні, әдісі және жүйесі). Азаматтық процестік құқығының қағидаттары

КОӨЖ- 1 сағат

Тапсырмалар шешу

Өткізу нысаны: ауызша жауап

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Азаматтық процестік құқықтың құқық жүйесіндегі орнын талдап, анықтау. Азаматтық процестік құқығының басқа құқық салаларымен арақатынасын анықтау.

2. Азаматтық процестік құқығы қағидаттарының өзарабайланысын көрсету.

3. «Құқық субъектісі», «Процес субъектісі», «Құқыққатынастар субъектісі» ұғымыдарының арақатынастарын ашу. Азаматтық процестік құқыққатынастар субъектілерінің ара-жігін ашу.

4. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектілеу және т.б.

5. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізмі

1, 4, 16, 27, 29, 54, 56, 59, 63, 79

№ 1 тақырып. Азаматтық процестік құқығы құқық саласы ретінде (пәні, әдісі және жүйесі). Азаматтық процестік құқығының қағидаттары

Тақырыптар бойынша рефераттар қорғау:

1. Азаматтық сот ісін жүргізу өндірісіндегі сот билігінің рөлі.
2. Азаматтық процестік нысан.
3. Азаматтық процестік құқығы қайнар көздері жүйесіндегі сот практикасы.
4. Азаматтық процестік құқыққатынастар.
5. Азаматтық іс бойынша бірінші саты сотының процестік қызметі.
6. Азаматтық сот ісін жүргізу өндірісінің жүйесі.
7. Азаматтық құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың нысандары мен тәсілдері.
8. Азаматтық сот ісін жүргізу өндірістерінің түрлері.
9. ПО қызметкерлерімен азаматтық процестік құқығын оқудың маңызы.

Тақырыптар бойынша баяндамалар дайындау:

1. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығының қайнар көздері;
2. Азаматтық процестік құқығының функционалдық қағидаттары;
3. Азаматтық процестік құқығының ұйымдастырушылық-функционалдық қағидаттары.

Тапсырма № 1

Азамат Ахметов 2015 жылдың 09 шілдесінде Қарағанды қ. Қазыбек би ауданының сотына қыз баланы асырап алу (бала 2 жаста, ол терорлық акті салдарынан ата-анасы қайтыс болып қараусыз қалған) туралы арызымен жүгінді.

Сот арызды қайтарып берді, себебі, Қазақстан Республикасында бала (ұлы, қыз) асырап алу туралы істерді қарастыру реттелетін нормативтік-құқықтық акті жоқ деп есептейді.

Бала асырап алу туралы арызды қайтару заңды ма?

Тапсырма № 2

Азамат Жүргенов пен Кузнецов Қазақстан Республикасының Орал қаласында тұрады. 2014 жылдың маусымында олардың арасында несие (қарыз) шарты жасалды, ол бойынша Жүргенов Кузнецовқа «Audi 100» маркалы көлігін 1 жылға уақытша пайдалануға берді, яғни, 2015 жылдың 25 маусымына дейін. 2014 жыл бойы несие беруші мен қарыз алушы Ресей Федерациясының Саратов қаласына тұрақты тұруға көшіп кетті. Кузнецов көлікті несие шартында келісілген мерзімде қайтарып бермегеннен кейін, 2015 жылдың қазан айында Саратов қалалық сотына көлікті қайтару туралы талап арызымен жүгінді.

Саратов қалалық соты Қазақстан Республикасының азаматтық кодексін қолданды және дауды қарастыру мен шешу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің нормаларын басшылыққа алды, себебі, тараптар арасындағы құқыққатынастар Қазақстан Республикасы аумағында пайда болған.

Азаматтық процестік құқық нормалары кеңістікте және уақыт

бойынша қалай қолданылады?

Кеңістікте материалдық және процестік құқық нормаларын қолдану ережесіне салыстыру жасаңыз.

Сот дұрыс істеді ма?

Тапсырма № 3

Мақсаты кәсіпкерлік қызметтің бостандығын қорғауды көздейтін саяси партия сотқа анықталған дәлсіздіктерге орай оның кандидатарын тіркеуден бас тартқан сайлау комиссиясының шешімін заңсыз деп тану туралы арызымен жүгінді Сот партияны заңды тұлға және кәсіпкерлердің экономикалық мүдделерін қорғайды деп есептейді, сондықтан пайда болған қатынастар азаматтық іс жүргізу нормаларымен реттелмейді деп шешіп, арызды қабылдаудан бас тартты.

Қандай өлшемдер мен белгілер қатынастарды азаматтық процестік құқығының пәніне жатқызуға мүмкіндік береді?

Жағдайға құқықтық баға беріңіз.

Тапсырма № 4

Қазыбек би аудандық сотында азамат Ариновтың көлік жөндеу бекетіне қарсы көлікті дұрыс жөндеу жүргізбеудің салдарынан көлікке келтірілген нұқсанды өтеу туралы арызы бойынша іс қарастырылып жатыр. Сот отырысында талап қоюшы сотқа қарсылық білдірді, қарсылық білдіру негізі болып соттың сол көлік жөндеу бекетінде көлігін жөндеуі табылады, сондықтан ол жауапкерге белгілі бір бағыныштылықта болады.

Берілген қарсылықты қанағаттандыру үшін негіздер бар ма? Судьялардың тәуелсіздігі және тек заңға бағынуы қағидаты нені білдіреді?

Тапсырма № 5

Сот жалақыдан өндіріп алу туралы іс бойынша жауапкер міндетті түрде келу керектігін айтты, алайда, жауапкер келмеді. Сот жауапкерге айып пұл салды, себебі, азаматтық процестік құқығының әдісі императивтік сипатқа ие, соған байланысты барлық тұлғалар соттың нұсқауын орындауға міндетті.

Соттың талабы заңнама талабына сәйкес келеді ма?

Тапсырма № 6

Талап қоюшы сот отырысына келген жоқ және ол соттан оның емтихан сессиясына қатысуына байланысты істі қарастыруын кейінге қалдырудың сұрады. Ал сот істі отырыста қарастыруға келген жауапкерге талап қоюшының қатысуынсыз істі қарастырудың мүмкіндігі туралы мәселені айтты. Жауапкер соттан талап қоюшы қатысуынсыз істі қарастыруын сұрады, себебі, азаматтық іс жүргізудің бір міндеті болып азаматтық істі уақытылы қарастыру мен шешу табылады. Сот онымен келісті және істі қарастырды.

Соттың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

Тапсырма № 7

Судья сот процесінің барысын сотқа қатысып отырғани тұлғаға бейнетаспаға түсіруге тиым салды. Сот мұндай тиым салудың негізі ретінде процесің басқа қатысушылары сот талқысының барысында бейнетаспаға түсуден бас тартқандығымен түсіндіреді. Одан әрі бейне түсірілімге тиым салынған процеске қатысушы хаттамада сот талқылауының барысы дұрыс белгінбеуіне әкелген сот талқысының жариялылық қағидатының бұзылғандығын сілтей отыра сот шешімін шағымдады.

Азаматтың шағымдары мен негіздемелері заңды ма?

Өткізу нысаны: дәптерлерде жазбаша жұмыс жасау, ауызша жауап.

Өзін-өзі бақылау материалдары:

Өзін-өзі бақылау үшін тестілік тапсырмалар.

№ 2 тақырып. Азаматтық процеске қатысушы тұлғалар

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық процесегі талап қоюшы және жауапкер ұғымдары сияқты негізгі санаттар мен ұғымдарды түсіндіру болып табылады, сонымен қатар, даудың пәніне дербес талап мәлімдейтін және даудың пәніне дербес талап мәлімдемейтін үшінші тұлғалар сияқты іске қатысушы тұлғалардың құқықтық жағдайына аса көңіл аудару қажет.

Дәріс – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық процесегі тараптардың ұғымы
2. Процессуалдық бірігіп қатысушылық. Тиісті емес жауапкердің және процесегі құқықтық мирасқорлықтың ұғымы.
3. Азаматтық процесегі үшінші тұлғалардың ұғымы және түрлері.

Дәріс тезистері:

Азаматтық процеске қатысушы тұлға, онда белгілі бір құқықтық жағдайды иеленеді. Іске қатысушының процессуалдық мәртебесі дұрыс анықталмауы сот қателігі деп есептеледі.

Азаматтық процесегі тараптар деп соттың олардың арасындағы материалдық-құқықтық дауды шешу үшін іс жүргізуге қатысатындарды айтамыз.

Дауға салынған материалдық құқықтық қатынас нақты азаматтық іс бойынша процесің объектісі, ал іске қатысушы тараптар оның субъектілері болады.

Азаматтық процес бойынша негізгі қатысушылар болып мыналар танылады: талап қобшы мен жауапкер. Себебі, бұлардың қатысуынсыз істі жүргізу мүмкін емес.

Өз мүдделерін немесе талап қойылған мүдделерді сотқа талап арызды беру арқылы қорғайтын, сотқа жолданушы тұлға талапкер деп танылады, ал жауапкер деп өздеріне қуным талабы қойылған тұлға танылады.

Іске қатысушы тұлғалар тарап ретінде құқықтар мен міндеттерге иеленеді: іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінім жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтінімдері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға; азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалану құқықтары.

Кейбір жағдайларда даулы материалдық құқық қатынастарға қатысатын субъектілер көп болуы да ықтимал. Бұндай жағдайларда талапкердің де, жауапкердің де жақтарында бірнеше адам қатысады.

Азаматтық істе талап қоюшы мен жауапкер жағында бірнеше адам қатысса, оны процессуалдық бірігіп қатысушылық деп атайды. Бір істің ішіне бірнеше талапты біріктіру олардың бір уақытта қаралуына мүмкіндік береді. Бұл өз алдына іс бойынша шешім шығаруды тездетеді.

Кейбір жағдайларда даулы материалдық құқық қатынастарға қатысатын субъектілер көп болуы да ықтимал. Бұндай жағдайларда талапкердің де, жауапкердің де жақтарында бірнеше адам қатысады.

Азаматтық істе талап қоюшы мен жауапкер жағында бірнеше адам қатысса, оны процессуалдық бірігіп қатысушылық деп атайды. Бір істің ішіне бірнеше талапты біріктіру олардың бір уақытта қаралуына мүмкіндік береді. Бұл өз алдына іс бойынша шешім шығаруды тездетеді.

Белсенді бірігіп қатысушылықта талапкер болып бірнеше тұлғалар танылады, ал жауапкер жағында бір тұлға.

Талапкер болып бір тұлға, жауапкер болып бірнеше тұлғалар іске қатысса мұны пассивті бірігіп қатысушылық деп атайды.

Ал екі жақта бірнеше тұлғалар болатын болса, онда мұндай бірігіп қатысушылықты аралас деп атайды.

Міндетті бірігіп қатысушылық – бұл, іс жүргізуге іске ортақ қатысушылардың барлығы қатысуы міндетті болатын жағдайлар.

Факультативті бірігіп қатысушылық – іс жүргізуге іске ортақ қатысушылардың барлығы қатыспай-ақ, біреуінің қатысуы.

Бірігіп қатысушылықты ажыратуда келесі негіздерге сүйене отыра жүзеге асыра аламыз. Бірінішіден, тараптардың қай жағында көп тұлғалар бар екендігіне орай оларды белсенді, пассивті және аралас бірігіп қатысушылыққа ажарытады. Екіншіден істі ортақ қатысушылардың қатысу мүмкіндігінің бар

жоқтығына орай қажетті (міндетті) және факультативті (міндетті емес) бірігіп қатысушылық деп ажаратады.

Тиісті емес тарап (талап қоюшы мен жауапкер) – нақты іс бойынша азаматтық іс жүргізудің нағыз қатысушысы емес, яғни даулы құқық қатынасының субъектісі болуы мүмкін деген болжау іс материалдары бойынша жоққа шығарылатын тарап

Азаматтық процестік құқықта тиісті емес тарап деген түсінік көбінесе жауапкерге қатысты қолданылады.

АПК сәйкес тиісті емес жауапкер тиістісімен келесі жағдайларда ауыстыралады:

1. сотпен істі дайындау үстінде немесе сот процесі барысында анықталса;

2. талап қоюшының тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыру жөнінде өтініші түскен кезде.

Тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыру тек талапкердің келісімімен ғана жүзеге асырылады. Егер талап қоюшы ауыстыруға келісімін бермесе, онда сот істі ұсынылған талап қою бойынша қарайды.

Тиісті емес жауапкер тиістісімен ауыстырылса, онда істі қарау басынан басталады.

Азаматтық істі қозғау үшін көбіне талап қоюшының өзінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы жөнінде талап арызды берудің өзі жеткілікті, бірақта кейбір істер бойынша талап қоюшы бола алатын тұлғалардың шеңбері анықталуы тиіс (мысалы, некені бұзу туралы, ата-ана құқығынан айыру және т.б.). бұл арада сот тек ауысша берілген түсініктемемен шектелмейді, оған тұлғаның осы санаттағы істер бойынша талап қоюшы бола алатындығы жөнінде дәлелдемелер талап етіледі.

Бұл мәселе жауапкерге де қатысты. Бастапқыда сот үшін жауапқа тартылатын тұлға талапкердің құқықтарын бұзғандығы жөнінде көрсетудің өзі жеткілікті. Бірақ кейбір жағдайларда жауапкер болатын тұлғалардың шеңбері заңмен белгіленген. Осындай жағдайларда талап қоюшының құқықтарын бұзғандығына орай жауапқа тартылатын тұлға осы санаттағы материалдық құқыққатынастық даулардың тарабы болатындығын дәлелдейтін қосымша дәлелдемелер талап етіледі.

Себебі процесс барысында іс бойынша жауапкер болып тартылған тұлға емес, керісінше жауапкер ретінде танылмаған тұлға жауап беретіндігі анықталуы мүмкін. Осыған орай, заңсыз жауапкер болып танылған тұлға заң бойынша тиісті емес жауапкер деп аталады.

Азаматтық процестік құқығының және азаматтық процестік құқыққатынастарының субъектілері ретінде азаматтар мен ұйымдар танылады. Олар азаматтық іс жүргізуге қатыса отыра процестің нақты субъектілеріне айналады, яғни талап қоюшы, жауапкер, куәгерлер, сарапшылар және т.б. болады.

Азаматтық іс жүргізу бойынша қарастырылатын істер көп қырлы болып келеді. Мысалға кейде процесте тек талап қоюшы мен жауапкердің қатысуы

жеткіліксіз, себебі іс бойынша талқыланатын фактілер және басқа да жағдайлар басқа тұлғалардың құқықтар мен заңды мүдделерін қамтулары мүмкін.

Азаматтық істі шешуге талап қоюшының және жауапкердің мүдделерін қайшы келетін тұлғаларда мүдделерін танытулары мүмкін.

Азаматтық іс жүргізу құқығындағы үшінші тұлғалар дегеніміз – өздерінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотта қозғалған іске қатысатын тұлғалар. Азаматтық іс жүргізуге қатысу мақсатына орай үшінші тұлғалар келесі 2 түрге ажыратылады:

1. даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар;
2. даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар.

Дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар – талап қоюшы да және жауапкерге де талап қою арқылы басталған процеске қатысатын тұлға.

Олар талап қоюшыға қатысты барлық құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

Даудың пәніне дербес талабын мәлімдейтін тұлғаның талабы бойынша оған талап қоюшы да жауапкер де жауапкер болып келеді. Талап қоюшы үшінші тұлғаның алдында жауап береді, себебі ол дауға салынған құқығын қорғауын талап етеді. Ал жауапкер үшін бұлардың екеуі де талап қоюшы болып танылады, себебі олардың талабы даудың пәнін тартып алу.

Дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар жөнінде заңнама былай деп бекіткен «Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдеймейтін үшінші тұлғалар, егер іс тараптардың біреуіне қатысы өздерінің құқықтарына немесе міндеттеріне әсер етуі мүмкін болса, іс бойынша бірінші сатыдағы соттың шешімі шыққанға дейін талап қоюшы немесе жауапкер жағында іске кірісе алады»

Олар тараптардың және іске қатысушы басқа адамдардың өтінімімен немесе соттың бастамасымен іске қатысуға тартылуы мүмкін.

Даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаларға келесі анықтама бере аламыз, – ол, өзінің жеке құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін талапкер немесе жауапкердің жағында болып процеске қатысатын тұлға. Даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар процеске қатыса отыра өздерінің мүдделерін қорғайды, сол себептіде процеске дербес қатысушы болып танылады.

Ұсынылатын әдібиттердің тізімі

4, 5, 16, 26, 27, 30, 54, 56, 57, 59, 63, 79

№ 2 тақырып. Азаматтық процеске қатысушы тұлғалар

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттармен дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту, және де оларда материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Бұл сабақта курсанттар азаматтық процестегі тараптардың түсінігін ашып, процессуалдық бірігіп қатысушылықты сипаттап, азаматтық процестегі үшінші тұлғаларға қатысты сұрақтарға жауап берулері қажет.

ЖОСПАР:

1. Азаматтық процестегі қатысушылардың ұғымы және құрамы.
2. Тараптар – азаматтық процестің негізгі қатысушылары. Азаматтық процестегі үшінші тұлғалар және олардың түрлері.
3. Азаматтық сот ісін жүргізуге прокурордың, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуы.
4. Процессуалдық бірігіп қатысушылық және оның ерекшеліктері. Тиісті емес жауапкердің және іс жүргізу құқықтық мирасқорлықтың ұғымы.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 5 бөлімінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттармен азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 Нормативтік қаулысының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (әдебиетер тізімін қараңыз).
4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
5. Курсанттар азаматтық сот ісін жүргізудегі тараптардың түсінігін ашуға назар аудару қажет. Олардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерін атап өту керек. Процессуалдық бірігіп қатысушылықты және оның ерекшеліктерін сипаттап өту қажет. Тиісті емес жауапкер түсінігін ашып, қандай жағдайда азаматтық сот іс жүргізуде процестік құқықтық мирасқорлыққа жол берілуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Үшінші тұлғалар түсінігін қарастырып, олардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы жөнінде айтып беруілері тиіс. Одан әрі үшінші тұлғалардың екі түрге жіктелуі, яғни, даудың пәніне дербес талап мәлімдеуші тұлғаларға және даудың пәніне дербес талап мәлімдемейтін тұлғаларға тоқталады.

Сабақты өткізудің 2 нұсқасы

Рөлдік ойын – курсанттар азаматтық сот ісін жүргізу қатысушыларына бөлінеді және өзара сұхбаттасу арқылы қойылған сұрақтардың мазмұнын ашады.

Сабақты өткізудің 3 нұсқасы

Ұсынылған сұрақтар бойынша баяндаушыларды қатыстыра отыра пікірталас жүргізу.

Талқылау сұрақтары:

1. Азаматтық процеске қатысушы тұлғалардың ұғымы және құрамы.

2. Азаматтық процестегі тараптардың ұғымы және олардың құқықтық жағдайы.

3. Азаматтық процестік құқықабілеттілік және әрекетқабілеттілік.

4. Процестік бірігіпқатысушылық (негіздері мен түрлері).

5. Тиісті және тиісті емес тараптардың ұғымы.

6. Процестік құқықмирасқорлық.

Ұсынылатын әдебиттердің тізімі

4, 5, 16, 26, 27, 30, 54, 56, 57, 59, 63, 79

№ 2 тақырып. Азаматтық процеске қатысушы тұлғалар

КОӨЖ – 1 сағат

Сабақты өткізудің 1 нұсқасы

Тапсырмаларды шешу

КОӨЖ өткізу нысаны: ауызша

Сабақты өткізудің 2 нұсқасы

Семинар тренинг «Азаматтық сот ісін жүргізуге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін прокурордың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың қатысуы».

Мақсаты: Азаматтық іске азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін прокурордың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың қатысу нысандарын игеру.

Міндеттері: Азаматтық іске азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін прокурордың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың қатысу мақсаттарын зерделеу.

Өткізу нысаны: Жобалық әдіс нысанында өткізіледі, мұның өзінде курсанттар топтарға бөлінеді және әрбір топқа ұсынылған сұрақтар бойынша жоба құрастыру тапсырылады. Тренинг барысында топтар өз жобаларын қорғайды.

Талқылау сұрақтары:

1. Азаматтық процеске прокурордың қатысуы (негіздері мен нысандары).
2. Прокурордың процестік жағдайы.
3. Азаматтық процеске мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысу негіздері мен нысандары.

4. Азаматтық істі қозғауға қатысудың шарттары және сот талқылауына қатысушы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының процестік құқықтары.

5. Іс бойынша қорытынды беру (мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен іс бойынша қорытынды беру негіздері мен тәртібі).

6. Сот талқылауына ұйымдар мен азаматтардың қатысу негіздері және процестік тәртібі.

Әдістемелік ұсынымдар

1. Тараптар процестік жағдайын үшінші тұлғалардан ажырату

2. Процестік бірігіп қатысушылар мен құқықмирасқорлар құқықтық жағдайының ерекшеліктерін қарастыру.

3. Басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғайтын прокурордың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың азаматтық процеске қатысуының ерекшеліктерін айқындау.

4. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектілеу және т.б.

5. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі

4, 5, 16, 26, 27, 30, 54, 56, 57, 59, 63, 79

№ 2 тақырып. Азаматтық процеске қатысушы тұлғалар

КӨЖ – 3 сағат

Тақырып бойынша рефераттар қорғау:

1. Азаматтық процестегі талап қоюшы мен жауапкердің құқықтық жағдайы.

2. Процестік бірігіп қатысушылықтың мақсаты мен түрлері.

3. Азаматтық процестегі үшінші тұлғалардың ұғымы мен белгілері.

Тақырып бойынша баяндамалар әзірлеу:

1. Тараптардың негізгі белгілері;

2. Үшінші тұлғалардың заңдық мүддесі;

3. Прокурордың іске міндетті түрде қатысу ережесін бұзудың салдары.

№ 1 тапсырма

15 жастағы С. Шорманов 18 жастағы Ж. Еркіновтен 65000 теңгені өндіріп алу туралы талап арызымен сотқа жүгінді. Талап қоюшы Ж. Еркіновтың бұл ақшаны компьютерлік қосалқы жабдықтарды сатып алу үшін алғанын және келісілген мерзімде қайтармағанын айтты.

Өз кезегінде жауапкер Ж.Еркінов С. Шормановқа «Панасоник» бейнежүйесін қайтару туралы қарсы талап қойды, себебі ол оны ерікті түрде қайтарудан бас тартты.

С. Шорманов пен Ж. Еркіннің процесуалдық жағдайын анықтаңыздар.

№ 2 тапсырма

Жасөспірімдер 13 жастағы А. Жашкенов, 15 жастағы С. Төлеуов және 18 жастағы Т. Есеев түнде «Арқа» ұйымына тиесілі жылқыларды бағып жүрді.

Түнгі сағат 02:00-де тас жолмен мотоциклде жүріп келе жатқан Е.Ержанов жолдан өтіп бара жатқан атты қағып түсірді.

Е. Ержанов аттың үйірден кетіп қалғанына және соның салдарынан жол апаты болғанына сілтеме жасай отыра А. Жашкенов, С. Төлеуов, Т. Есеевке қарсы талап арыз қойды.

Сот отырысында А. Жашкеновтың әкесі сот процесіне «ат» жоғары қауіп көзі болып табылатындығына сілтеме жасап жылқылардың меншік иесі болып табылатын «Арқа» ұйымын тарту жөніндегі шағымымен арызданды.

Осы іс бойынша процестегі іске қатысушылардың құқықтық жағдайларын анықтаңыздар. Істі шешіңіздер.

№ 3 тапсырма

Шет ауданының аудандық сотына Нұра-Талды ауылының 54 тұрғыны ауылшаруашылығы мақсатындағы жер қорынан жер учаскелерін пайдалануға беру туралы талап арыздарымен жүгінді.

Сот отырысында талап қоюшылардың өкілдері ретінде олармен бұрын құрылған «Арғын» ауылшаруашылығы жұмыскерлері бірлестігінің бас бұхгалтері сенімхат бойынша қатысты.

Өздерінің талап арыздарындағы талаптарын барлық талап қоюшылар жер учаскесінің жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін қажет деп негіздеді.

Судья талап қоюшылардың саны тым көп болғанына байланысты оларға бірнеше талап арыздар жазуды ұсынды және істі бір өкілге емес, бірнеше сенімхат негізінде қатысатын бірнеше өкілдерге тапсыруды ұсынды.

Бірнеше талап қоюшылар болғанда олардың істі қарастырудағы құқықтық жағдайы қандай?

Бірнеше талап қоюшылардың бірге қатысу жағдайларына талдау жасаңыздар.

Бұл жағдайда бірігіп қатысудың түрі орын алып отыр ма ? әлде жоқ па? Себебін түсіндіріңіздер.

№ 4 тапсырма

1998 ж. қазан айында С.А. Тұрсынова Абай қаласындағы 3 бөлмелі пәтерді жекешелендірді. Меншік иесінің тізбесіне шешесімен бірге тұратын кәмелетке толмаған Д. Тұрсынов енгізілген жоқ.

1999 ж. қарашасында С.А. Тұрсынова аталған пәтерді П.О. Оспановаға тиесілі 1 бөлмелі пәтерге ауыстыру жөніндегі айырбас шартын жасасты.

Д. Тұрсынов кәмелетке толғаннан кейін барлық аталған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап арызын сотқа берді.

Іс жүргізуге қатысушы барлық тұлғалардың процессуалдық жағдайын анықтаңыздар.

№ 5 тапсырма

Ш. Тлеуова некеге тұрғанға дейін сатып алынған мүлік деп айта отыра бұрынғы күйеуі А. Ескермесовтен пианинаны қайтарып алу туралы талап арызымен сотқа жүгінді.

Бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы дау туралы білген жалға беру бюросы сотқа пианинаға меншік құқығы тану туралы арызымен жүгінді.

Жалға беру бюросы талап арызында пианинаның А. Ескермесовпен баласын музыкалық аспапқа үйрету үшін жалға алынғандығы жазылған. Ерлі-зайыптылардың басқа ауданға көшіп, мекен-жайын өзгерткеніне байланысты жалға беру бюросының келісілген мерзімде пианинаны талап ету мүмкіндігі болмаған.

Іске қатысушы тұлғалардың құқықтық жағдайын анықтаңыздар.

№ 6 тапсырма

Прокурор Әшімхановтарды ата-аналық құқықтарынан айыру туралы арызымен сотқа жүгінді. Арызда баланың ата-аналары баланы тәрбиелеумен айналыспайды және ешбір жерде жұмыс істемейді деп көрсетілген. Ақырғы кездері пәтерде сауда операцияларын жасау үшін келетін туысқандары тұрақты тұрады. Балалардың көршілері мен әжесінің бірнеше мәрте полиция бөлімдеріне жүгінуі жағымды нәтиже берген жоқ.

Баланың мүддесін қорғау үшін бұл іске кім қатысуы керек? Прокурордың ата-аналық құқықтан айыру туралы арызымен сотқы жүгіну үшін негіздер мен алғышарттар бар ма?

№ 7 тапсырма

17 толған К. Петров оған және інісі Виталиге қатысты ата-анасының ата-аналық құқықтарынан айыру жөніндегі арызымен сотқа жүгінді. К. Петровтың ана-анасы соттың кәмелетке толмаған тұлғалардан олардың келісімінсіз арыз қабылдауға құқығы жоқ екендігін сілтеді, оның үстіне олар балалардың заңды өкілдері болып табылады.

Жағдайға құқықтық талдау жасаңыз.

Аталған тұлғалардың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

Процессуалдық құқықсубъектілікті сипаттаңыздар.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылау үшін тестілік тапсырмалар

№ 3 тақырып. Соттағы өкілдік. Азаматтық процестегі процестік мерзімдер мен сот шығындары.

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық процестегі өкілдіктің түсінігі мен түрі сияқты негізгі санаттар мен ұғымдарды

түсіндіру болып табылады. Бұл орайда, сот шығындарының түсінігі мен мазмұнын, мерзімдерді анықтауды, олардың жіктелуін, процестік мерзімдерін тоқтата тұру мен тоқтатуды қарастырып өту қажет.

Дәріс № 1 – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық істер бойынша соттағы өкілдіктің ұғымы.
2. Соттағы өкілдіктің негіздері мен түрлері

Дәріс № 2 – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық процестегі процестік мерзімдер: маңызы мен түрлері.
2. Сот шығындарының ұғымы және түрлері.

Дәріс тезисі:

Соттағы өкілдік ету.

Соттағы өкілдік - өкілдік берушінің мүддесін қорғап және соның атынан өзіне берілген өкілеттік шеңберінде тұлғаның процессуалдық әрекетті жүзеге асыруына байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуші құқықтық институт.

Соттағы өкілдік келесі процессуалдық қатынастарды ескереді:

- біріншісі сотпен өкіл арасында пайда болады;
- соттан өзге болады және ұсынылып тұрған тұлғамен (мысалға, талап қоюшы) және өкіл (мысалға, адвокат) арасына пайда болады.

Сот өкілдерінің қызметі өкілдік берушінің атынан және оның мүддесін қорғаудағы процессуалдық әрекеттерді жасауды қамтиды. Осы әрекеттерді жасаудың нәтижесінде процессуалдық құқылар мен процессуалдық міндеттер өкілде емесе өкілдік берушіде пайда болады.

Соттағы өкіл дегеніміз - өкілдік берушінің атынан және соның мүддесін қорғап, өзіне берілген өкілеттік шеңберінде процессуалдық іс-әрекетті жүзеге асырушы, әрекет қабілеттілігі бар тұлға

Соттағы өкіл ретінде сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше рәсімделген өкілеттілігі бар әрекетке қабілетті кез келген адам сотта өкіл бола алады

Өкілдіктің туындау негіздерін азаматтық процессуалдық құқықтық қатынастардың түрлеріне орай ажарата аламыз. Сот пен өкіл арасында пайда болатын процессуалдық қатынастар өкілдік беруші тұлға және соттағы өкілдің арасында болатын процессуалдық қатынастардан туындайтын заңды фактілердің басқасына негізделеді:

- сотқа жеке басын куәландыратын және азаматтық істі жүргізу өкілеттігі рәсімделген құжаттарды тапсыру қажет немесе өкілдің сотта ауызша мәлімдеуін хаттамаға енгізу қажет;

- өкілді іске қатысуға жол беру туралы соттың ұйғарымы шығарылуы мүмкін.

Соттағы өкілдің екі түрі бар:

- тапсырма бойынша өкілдік;
- заңды өкілдік.

Тапсырма бойынша өкілдік өкіл мен өкілдік беру тұлғаның арасында процессуалдық қатынастардың пайда болу негіздеріне орай келесілерге топтастыруға болады:

Заңды өкілдік ету ҚР АПК тікелей ескерілген. Мұндай өкілдік міндетті болып келеді. Себебі, ол азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілігіне толығымен иемденбеген немесе әрекетке қабілетсіз тұлғалардың және сотпен хабар-ошарсыз кетті деп танылған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Заңды өкілдіктің пайда болу негіздері:

- туыстық фактісінің болуы;
- әкімшілік акті – қорғаншы мен қамқоршыны тағайындау туралы қорғаншы және қамқоршы органдарының актісі;
- сот актісі – асырап алу туралы шешімі және ресми адвокат-өкілді тағайындау туралы соттың ұйғарымы.

Процестік мерзімдер.

Процестік мерзімдер туралы ережелер ҚР АПК 10 тарауымен реттеледі. Азаматтық істерді қарастыру мерзімдері және нақты бір процестік әрекеттерін жасауға бағытталған мерзімдер ҚР АПК жеке баптарында көрсетілген.

Процестік мерзім – бұл заңмен немесе сотпен тағайындалған уақыт, осы уақыт ішінде азаматтық іс қаралуы тиіс, қандай да бір процестік әрекет жүзеге асырылуы тиіс немесе мүмкін немесе сот өндірісінің белгілі бір бөлігі аяқталуы тиіс

Заңдылықты сақтау мен бұзбау үшін белгілі бір әрекеттерді жасау үшін және азаматтық істерді қарастыру үшін мерзімдерді бекітеді. Осы мерзімдерді бұзу заңдылықты бұзу, азаматтық процестік құқық нормаларын бұзу деп танылады.

Процестік мерзімдерді бекіту – процеске қатысушыларға тәртіптік ықпал жасау құралдарының бірі деп қарастырылады. Процестік мерзімдерін іске қатысушы тұлғалардың бірімен бұзу оларға жағымсыз салдарды туғызады.

Азаматтық процестік құқығында процестік мерзімдерді екіге бөледі, бұлар:

1. заңмен белгіленген мерзімдер;
2. сотпен немесе судьямен белгіленген мерзімдер.

Заңмен белгіленген мерзімдер императивті болып келеді, олар тараптардың келісімімен немесе сотпен өзгертілмейді.

Сотпен немесе судьямен белгіленген мерзімдер өтіп кетуіне байланысты олар сотпен немесе судьямен өзгертілуі немесе ұзартылуы мүмкін.

Сот шығындары.

Сот шығындары дегеніміз – бұл азаматтық істі қарастыруға және ол бойынша шығарылған сот актісінің орындалуына байланысты пайда болатын мемлекеттің және іске қатысушы тұлғалардың шығындары.

Сот шығындарын төлеу бойынша міндеттер істің шешілуінде мүдделі тұлғаларға (тараптарға, даулы мәселеге дербес талап қоятын үшінші тұлғаларға, ерекше іс жүргізу бойынша істерге қатысушы арыз берушілерге және мүдделі тұлғаларға) жүктеледі. Бұл міндетті жүктеу арқылы мемлекет сот төрелігін іске асыратын сот жүйесін қамтамасыз ету бойынша шығарылған мемлекеттің шығындарын қайтаруға бағытталған.

Сот шығындары мемлекеттік баждан және іс жүргізуге байланысты шығындардан тұрады.

Бұл ережелер апелляциялық инстанцияда да қолданылады. Егерде жоғары сатыда (инстанцияда) тұрған сот бірінші инстанциялық соттың шешімін өзгертсе немесе істі қайтадан қарастыруға бермей-ақ жаңа шешім шығаратын болса, ол тиісінше сотшығандарын бөлуді де өзгертеді.

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар – сот шығындарының екінші түрі болып табылады.

Сот шығындарын бөлу және өтеу.

Азаматтық істер бойынша сот шығындарын өтеу оның талаптарын сот қанағаттандырмай және өтініштерін қарастырмай тастаған тарапқа жүктеледі. Көрсетілген ережеге сәйкес сотпен шығарылған сот шешімінің қарар (резолютивті) бөлігінде сот шығындарын бөлу тәртібі де көрсетіледі.

Пайдасына шешім шығарылған тарапқа, бұл тарап сот шығындарын төлеуден босатылса да, басқа тараптан іс бойынша жұмсалған барлық шығындарды сот алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығындар талап қоюшыға қойылған талаптардың сот қанағаттандырған мөлшеріне тепе-тең, ал жауапкерге – талап қою талаптарының талап қоюшыға бас тартылған бөлігіне тепе-тең беріледі.

Мемлекеттік баж салығы – сот шығындарының бір түріне жатады. Мемлекеттік баж салығының ұғымы, оны төлеудің тәртібі, мемлекеттік баж салығының көлемдері және осыған байланысты басқа да сұрақтар ҚР-ның «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 90-тарауымен реттеледі.

Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі

4, 5, 14, 19, 62, 27, 30, 39, 54, 56, 58, 63, 79

№ 3 тақырып. Соттағы өкілдік. Азаматтық процестегі процестік мерзімдер мен сот шығындары.

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар соттағы өкілдіктің ұғымы мен түрлерін, сот шығындарының түсінігі мен мазмұнын ашып, мерзімдерді анықтауды, олардың жіктелуін сипаттап, процестік мерзімдерді тоқтата тұру мен тоқтатуға қатысты сұрақтарға жауап берулері қажет.

Семинарлық сабақ № 1–1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық істер бойынша соттағы өкілдіктің ұғымы және жіктелуі.
2. Тапсырма бойынша өкілдік ету.
3. Өкілдің өкілеттіктері және оны ресімдеу.

Семинарлық сабақ № 2–1 сағат

ЖОСПАР:

1. Процестік мерзімдердің ұғымы, маңызы, түрлері.
2. Процестік мерзімдерді есептеу, өткізіп алу, тоқтата тұру, ұзарту және қалпына келтіру.
3. Сот шығындарының ұғымы мен құрамы.
4. Мемлекеттік баж ұғымы және түрлері.
5. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар және оның түрлері.

Тапсырма: жазбаша жауап әзірлеу.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің 6, 8, 10 бөлімдердің негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасы салық кодексінің 79 тарауын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 Нормативтік қаулысын қысқаша конспектілеу (ұсынылған әдебиеттерді қара).
4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарлық сабақта қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
5. Курсанттар соттағы өкілдік түсінігін, оның мазмұнын, мақсаты мен міндетін ашқан жөн. Сонымен қатар, өкілдікпен айналысуға құқығы бар тұлғаларды атап өту қажет. Соттағы өкілдіктің негізі мен түрлеріне тоқталу қажет. Соттағы өкілдің әрбір түлерін сипаттау қажет және әрбір түлері бойынша мысалдар келтіру қажет. Азаматтық процестегі мерзімдердің маңыздылығына, олардың есептелуіне, тоқтатылуы мен тоқтатыла тұруына назар аударған жөн. Сонымен қатар, сот шығындарының мазмұнын, олардың нормативтік-құқықтық реттелуін ашу қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 14, 19, 62, 27, 30, 39, 54, 56, 58, 63, 79

№ 3 тақырып. Соттағы өкілдік. Азаматтық процестегі процестік мерзімдер мен сот шығындары

КОӨЖ 1 –1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

КООЖ 2 –1 сағат

№ 1 Тапсырма

Соттағы өкілдік етудің түрлерін көрсете отыра сызба жасаңыз.

№ 2 Тапсырма

«Азаматтық процестегі процестік мерзімдер» сызбасын құрастырыңыз.

№ 3 Тапсырма

Сот шығындары түрлерін кесте түрінде Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі мен Салық кодексіне сүйене отыра құрастырыңыз.

Өткізу нысаны – ауызша және жазбаша

Әдістемелік ұсынымдар

1. Азаматтық процестік құқығындағы өкілдік институтының ережелері: негіздері мен өкілдіктің түрлерін (тапсырма бойынша өкілдік етуді, заңды өкілдік етуді, тапсырма бойынша өкілдік етудің түрлерін); азаматтық процесте адвокатпен мүддеге өкілдік етудің ерекшеліктерін қарастыру.

2. Азаматтық процестік құқықтағы процестік мерзімдердің маңыздылығын ашу, мерзімдерді есептеудің тәртібі мен ондағы ерекшеліктерге аса көңіл бөлу.

3. Сот шығындарының құрамына талдау жасау, сот шығындарының көлемін айықындау көңіл бөлу.

4. Тәжірибелік тапсырмаларды жазбаша орындап, ол бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмаларды шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 14, 19, 62, 27, 30, 39, 54, 56, 58, 63, 79

№ 3 тақырып. Соттағы өкілдік. Азаматтық процестегі процестік мерзімдер мен сот шығындары

КӨЖ –6 сағат

Тақырып бойынша баяндамалар әзірлеу:

1. Өкілдердің өкілеттігін растайтын құжаттар;
2. Азаматтық процестік құқықтағы мерзімдерді жүйелеу мен жіктеудің проблемалары;
3. Соттық айып пұл азаматтық-процестік жауаптылықтың түрі ретінде.

Тақырып бойынша рефераттар қорғау:

1. Процестік құқыққабылдаушылық.

2. Процестік бірігіпқатысушылық.
3. Еңбек қатынастарынан туындайтын істерге үшінші тұлғалардың қатысуы.
5. Арнайы негіздер бойынша өкілдік ету.
6. Заңды тұлғаларға өкілдік ету.
7. Соттың тағайындауы бойынша өкілдік ету.
8. Азаматтық процестегі мерзімдер
9. Азаматтық процестегі мерзімдерді қалпына келтіру сарақтары.
10. Сот шығындарын өтеудің қолайлы шегі. Ұғымы және сот практикасы.
11. Азаматтық істер бойынша мемлекеттік баж шығындары.
12. Сот айып пұлдарын қосу немесе төмендету туралы арызды қарастырудың тәртібі.
13. Соттық өкілдіктің азаматтық құқықтағы өкілдік институтынан айырмашылығы.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 4 тақырып. Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы

Сабақ мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық процестегі ведомстволық және соттылық, оның түрлері сияқты негізгі санаттар мен түсініктерді талдап көрсету, ведомстволықтың соттылықтан қандай айырмашылығы барын түсіндіру болып табылады. Сонымен қатар, соттарда азаматтық істерді қарастыру кезінде дұрыс ведомстволықтың қандай маңызы бар екенін түсіндіру.

Дәріс № 1 – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Ведомстволық бағыныстылықтың ұғымы мен түрлері.
2. Азаматтық істердің соттарға ведомстволығы
3. Азаматтық істердің төрелікке ведомстволығы

Дәріс № 2 – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Соттылықтың ұғымы мен түрлері.
2. Істі бір соттан екінші сотқа берудің негіздері

Дәріс тезистері:

Ведомстволық – бұл азаматтық іс жүргізу тәртібінде қаралатын құқық туралы істер мен дауларды қарастыруға қатысты әр түрлі құзыретті органдардың арасындағы өкілеттіліктің бөлінуі.

Ғылыми әдебиеттерде көрсетілген бірнеше негіздерді (өлшемдерді) ескере отыра ведомстволықтың бірнеше түрлерін ажыратуға болады.

Бұл мәселенің теориялық өңделуіне Ю.К. Осиповтың ғылыми еңбектерінде кеңінен назар аударылған. Бізде оның көзқарасымен келісетін болғандықтан, осы сұрақтың негізін құрайтын маңызды жайттарға назар аударайық.

Біріншіден, азаматтық іс жүргізу тәртібінде қаралатын даулардың олармен қаралуға және шешлуге жататын органдарға қатысты ведомстволық бағыныстылықтың келесі түрлері ажыратылады: соттық, әкімшілік, қоғамдық және т.б.

Екіншіден, істердің ведомстволық бағыныстылығын реттейтін ережелердің сипатына байланысты оны жекеше (немесе ерекше) және көпшілік деп түрлерге ажыратамыз.

Азаматтық істердің соттарға ведомстволығы.

Соттық ведомстволық бағыныстылық ретінде азаматтық істерді мәнісі бойынша қарастыру мен шешу бойынша соттардың құзыреті түсініледі.

Азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағыныстылығын орнатудың жалпы ережелері ҚР АПК 24 б. көрсетілген.

Нақты даудың қай құзыретті органға бағынысты екендігіне қатысты күмән туындаса немесе қолданыстағы заңдарда қайшылықтар болған жағдайда оны сот қарастыруы керек.

Істі сотта қозғауға қатысты сұрақты дұрыс шешу үшін істердің ведомстволық бағыныстылығына қатысты тиісті білімдер және азаматтық іс жүргізу құқығымен қатар, материалдық құқық нормаларын ұғып алу қажет.

Азаматтық-құқықтық даулардан туындайтын даулар сонымен қатар аралық соттармен де қарастырылады және шешіледі. Аралық соттар дегеніміз, ғылыми тұрғыдан алғанда – бұл мүліктік дауларды шешу бойынша тараптардың келісімімен сайланатын соттар.

Соттылық.

Кез-келген сот азаматтық процесілік құқыққатынастарының субъектілері бола отыра, әрқашанда белгілі бір азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінің иесі ретінде болады. Сондықтан соттылық ведомстволықтың сот жүйесіне қатысты одан әрі жалғасы болып табылады. Соттылық туралы құқық нормалары ведомстволық туралы нормалардан туындайды және олардың құрамдас бір бөлігі болып табылады. Бұл нормалар, мәнісінде, сот органдарының нақты құзыреттерін орнататын азаматтық іс жүргізу құқығының ортақ институтын құрайды. Бірінші сатыдағы (инстанциядағы) сотқа қатысты оған бір мезгілде ведомстволық пен соттылық ережелері қолданылады.

Соттылық дегеніміз – бұл соттарға ведомстволық бағынысты болатын азаматтық істерді қарастыру мен шешу бойынша бірінші сатыдағы соттың нақты құзыреттері.

Қазіргі қолданыстағы азаматтық істерді қарастыру тәжірибесінде соттылықтың құзыреттерін қарастыруға қатысты *топтық* және *аумақтық соттылықты* ажыратады.

Топтық соттылық сот жүйесінің әр түрлі деңгейлеріне жататын соттардың пәндік құзыреттерін анықтайды, яғни, сот жүйесінде қарастырылуға

жататын істердің барлығы өздерінің сипатына қарай бірінші сатыдағы келесі соттарда қарастырылады:

- 1) аудандық және оларға теңестірілген соттар;
- 2) облыстық және оларға теңестірілген соттар;
- 3) Қазақстан Республикасының Жоғары Соты.

Аумақтық соттылық сот жүйесінің сол немесе басқа құрылымды бөлігіне жататын соттардың нақты құзыреттерін анықтайды. Бұл тиісті соттың құзыреті таратлуына қатысты істің сол сотқа лайықты соттылықта болуы.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 7, 16, 20, 21, 22, 24, 26, 27, 30, 33, 54, 56, 59, 63, 79

№ 4 тақырып. Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы

Сабақ мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар азаматтық процестегі ведомстволықтың түсінігі мен мазмұнын ашып, ведомстволықтың соттылықтан қандай айырмашылығы барын сипаттайды. Сонымен қатар, соттарда азаматтық істерді қарастыруда ведомстволықты дұрыс таңдаудың маңыздылығына байланысты сұрақтарға жауап берулері қажет.

Семинарлық сабақ–1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық процесстегі ведомстволықтың түсінігі мен жіктелуі.
2. Соттылықтың түсінігі және жіктелуі.
3. Істі бір соттың қарауынан екінші соттың қарауына беру негіздері және тәртібі.

Тапсырма: ауызша жауап әзірлеу.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 3 бөлімінің негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (Ұсынылған әдебиеттерді қара).
4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
5. Курсанттар азаматтық процесстегі ведомстволықтың түсінігін, оның маңызы мен жіктелуін ашып, қарастыру қажет. Сонымен қатар, азаматтық іс жүргізу бойынша ведомстволықтың әрбір түрін сипаттау керек. соттылықтың анықтамасын беріп, оның жіктелуін ашу. Азаматтық процесте соттылық қандай

белгілер бойынша бөлінетінін көрсету. Істі бір соттан басқа сотқа ауыстырудың негізіне назар аудару қажет.

Ұсынылған әдебиттер тізімі

4, 5, 7, 16, 20, 21, 22, 24, 26, 27, 30, 33, 54, 56, 59, 63, 79

№ 4 тақырып. Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы

КООЖ–1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

Өткізу нысаны - ауызша

Әдістемелік ұсынымдар

1. Ведомстволық және соттылық ұғымдарын ажырату, ведомстволық пен соттылық ережелерін бұзудың құқықтық салдарын зерделеу.
2. Тәжірибелік тапсырмаларды жазбаша орындап, ол бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмаларды шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 7, 16, 20, 21, 22, 24, 26, 27, 30, 33, 54, 56, 59, 63, 79

№ 4 тақырып. Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы

КӨЖ– 3 сағат

Тақырыптар бойынша рефераттар қорғау:

1. Азаматтық істердің сотарға ведомстволығы (соттық юрисдикцияның шегі, соттық ведомстволықтың басымдығы).
2. Істің ведомстволығы туралы ережені сақтамаудың салдары
3. Топтық соттылық ережесі.
4. Аумақтық соттылықтың түрлері.
5. Ведомстволық түрлері: шарттық, императивтік, жағдайлы, балама, аралас.
6. Істердің төрелік соттарға ведомствалық бағыныстылығы.
7. Соттарға талап қою, ерекше талап қоюмен жүргізілетін істердің және ерекше жүргізілетін істердің ведомстволық бағыныстылығы.

№ 1 тапсырма

Федоров пен Искра баспасөз ұйымы шарт жасай отыра, олардың арасында дау пайда болған жағдайда ол облыстық сотта қаралады деп келісімге

келді. Кейіннен, Федоров өз атқарған жұмысы үшін тиісті авторлық гонорар дұрыс есептелмеді деген талабымен облыстық сотқа жолданды.

Мұндай талап арыз облыстық сотпен қарастырылуы керек пе?

№ 2 тапсырма

Қарағанды облысының Осакаровка ауданында тұратын Оңғарбаева заң кеңсесіне келіп, мына жағдайлар бойынша өзінің субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қалай қорғай алатыны туралы кеңес сұрады:

- пәтер жалдаушы Қорабаев 30 000 теңге көлемінде пәтер ақы қарыз бола отыра, жаңа мекен- жайын айтпай кетті. Оның үстіне талаптың (беру) ескіру мерзімі өтіп барады;

- Оңғарбаеваның күйеуі - Джафаров 1999 ж. отбасын тастап кетті, қазіргі уақытта оның тұрғылықты жері белгісіз. Оңғарбаева күйеуінің атына жазылған үйді сатқысы келеді;

- Абай қаласындағы нотариалдық кеңсе нотариусы оның анасы қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік мүлікке деген куәлік беруден бас тартты;

- 2001 ж. желтоқсанында сатып алынған «Самсунг» телевизоры өзінен өзі жанып кеткендіктен істен толығымен шығып қалды. Телевизор сатылған сауда үйінде оны ауыстырудан немесе құнын қайтарудан бас тартты.

№ 3 тапсырма

Каримова Қостанайдағы пәтерде тұрып жатқан Елемесованы үйден шығару туралы арызбен сотқа жолданды. Жауапкер өз кезегінде үйді жөндеу барысында шығарған шығындарын өндіру туралы қарсы талап қойды. Сот істі қарауды тоқтата тұра, Елемесоваға талап арызымен Каримованың тұрғылықты жері бойынша жолдану қажеттілігін айтты.

Сот анықтамасы дұрыс па?

№ 4 тапсырма

Қазақстан Республикасының Облыстық әділет департаментінің 2015 жылғы 23 қазандағы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына байланысты «Республикалық аграрлық партия» қоғамдық саяси ұйымның қызметі тоқтатылды.

Ведомстволық және соттылық талаптарын ескере отыра бұл шешім қандай сотта даулануы мүмкін?

№ 5 тапсырма

Төмендегі істердің ведомстволығын анықтаңыздар, ал егерде сотқа ведомстволығы болған жағдайда, істердің аумақтық және топтық (ұқсастық) соттылығын анықтаңыздар:

1. Тараз қаласының тұрғыны Воробаевтың өз денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы Қарағанды қаласының Қазбек би ауданында орналасқан Оргсинтез зауытына қарсы қойылған талап арызы бойынша (Воробаев Жезқазған қаласында іс сапармен болған кезде жауапкер ұйымының автокөлігі оны қағып кеткен);

2. Қарағанды қаласы Октябрь ауданы әкімінің Огонек кафесінің қызметін тоқтата тұру туралы әкім шешімінің күшін жою туралы кафе иесінің берген арызы бойынша;

3. Талдықорған қалалық прокурорының 2002 ж. 7 қазанында қала әкімі бекіткен «Қалалық әмбебап базарлардың қызметін реттеу туралы» қаулысын заңсыз деп тану туралы арызы бойынша.

№ 6 тапсырма

Қарағанды қаласы Аймақтық сайлау комиссиясының шешімімен Ермековті Қарағанды облыстық маслихаттың депутаттығына тіркеу бас тартылды.

Ермековтың шағымы бойынша Орталық сайлау комиссиясының шешімімен Аймақтық сайлау комиссиясының шешімі заңды деп танылды.

Ермеков Қарағанды аудандық сотына сайлау комиссияларының шешімдерін шағымданып жүгінді, ол шағымында оны маслихат депутаттығына тіркеуді міндеттеуді сұрап сайлау комиссияларының шешімдерінің күшін жоюды талап етті.

Қарағанды қалалық сот ұйғарымымен шағымды қабылдаудан бас тартылды. Сотпен шағымды қабылдаудан бас тартудың негіздемесі болып шағымданушы шағымының мәні бойынша Орталық сайлау комиссиясымен қарастырылып, қанағаттандырусыз қалдырылғандығы табылады. Осылайша, Ермеков өзінің шағымдану құқығын іске асырды, сондықтан, сот оның арызын қарастыру үшін қабылдауға құқығы жоқ.

Сот ұйғарымы дұрыс па?

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 5 тақырып. Азаматтық процестегі талаптың ұғымы, элементтері және түрлері. Талап арыз беру және оны қамтамасыз ету

Сабақтың мақсаты. Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық процестегі талаптың ұғымы мен түрлері, элементтері сияқты негізгі санаттар мен түсініктерді, талапты өзгерту, тану, бас тартудың негіздерін талқылап түсіндіру. Сонымен қатар, талапты қамтамасыз ету бойынша шараларға қатысты сұрақтарды және азаматтық сот өндірісіндегі жауапкердің мүддесін қорғаудың сұрақтарын қарастыру.

Міндеттер: Талап қою институтының негізгі ережелерін зерделеу, талап арыз жобасын жасауға дағдылану.

Дәріс-1 сағат

ЖОСПАР:

1. Талаптың ұғымы, элементтері және түрлері
2. Талапты өзгертудің, талаптан бас тартудың және талапты танудың негіздері

3. Талапты қамтамасыз ету шаралары. Жауапкер мүдделерін қорғау.

Дәрі тезісі:

Талап өндірісі азаматтық істерді қарастырудың кең таралған өндірісі. Сол себепті талап қою бойынша іс жүргізудің көптеген ережелері азаматтық сот өндірісінің жалпы ережелері болып есептеледі. Азаматтық сот өндірісінің басқа екі түріне қатысты істерді қарастыру мен шешу барысында талап қою бойынша іс жүргізудің ережелері қолданылады, бірақ азаматтық процестік құқығының арнайы нормаларымен бекітілген белгілі бір ерекшеліктері ескеріледі.

Талап өндірісі – азаматтық процестік құқығы нормаларымен реттелген, материалдық құқықтық қатынастардан туындайтын субъективтік құқық немесе заңмен қорғалатын мүдделер туралы дауларды қарастыру және шешу жөніндегі соттың қызметі

Соттар азаматтық (корпоративтік дауларды қоса алғанда), отбасылық, еңбек, тұрғын үй, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы, қаржы, шаруашылық, жер құқықтық қатынастарынан, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастардан және басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапқа билік бағыныстылығына негізделген қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді қарайды.

Азаматтық процестік құқығының нормаларынан талап қою бойынша іс жүргізуде материалдық құқықтық қатынастардың әрқилы түрлеріне қатысты пайда болған даулар бойынша істерді қарастыратындығы және шешілетіндігі нақты көрінеді. Талап өндірісінің барлық істеріне құқық немесе заңды мүдде туралы даудың болуы тән болып келеді. Құқық туралы даудың негізі ретінде құқықты дауға салу, құқықтың бұзылуы, құқықтың ықтимал бұзылу қауіптілігі немесе құқық субъектілерінің арасында түсінбеушілік пен келіспеушіліктің болуы табылады.

Талап дегеніміз – бұл мүделі тұлғаның бұзылған немесе даулы субъективтік құқығы немесе заңмен қорғалатын мүддесін, құқық туралы дауды шешу жолымен қорғауды талап етіп сотқа жолдануы.

Талаптың элементтері. **Талап элементтері** – бұл талаптың құрылымдық бөлшектері.

Біздің пікірімізше талап 3 элементтен тұрады, бұлар: талаптың пәні (нысанасы), талаптың негізі және мазмұны.

Талаптарды ажырату олардың үшінші элементі бойынша жүзеге асырылады.

Құқыны қорғау әдісіне орай талаптар үш түрге ажыратылады:

1. ұйғару туралы (орындату);
2. тану туралы;
3. құқылық қатынастарды тоқтату немесе өзгертеу (конститутивтік).

Талап өндірісі азаматтық істерді қарастырудың кең таралған өндірісі. Сол себепті талап қою бойынша іс жүргізудің көптеген ережелері азаматтық сот өндірісінің жалпы ережелері болып есептеледі. Азаматтық сот өндірісінің басқа екі түріне қатысты істерді қарастыру мен шешу барысында талап қою бойынша

іс жүргізудің ережелері қолданылады, бірақ азаматтық процестік құқығының арнайы нормаларымен бекітілген белгілі бір ерекшеліктері ескеріледі.

Талапты өзгерту.

Талапты өзгерту, талаптан бас тарту, талапты тану және бітімгершілік келісімге келу ғылыми әдебиеттерде құқы туралы дау субъектілерімен жасалатын өкімдік әрекеттер деп аталады. Материалды тұрғыда мүдделі тұлғалардың (талапкердің, жауапкердің және талап пәніне дербес талап қойып отырған үшінші тұлғалар) өкімдік әрекеттерді жасауға деген құқығы диспозитивтік қағидаттан туындайды.

Талапты өзгерту дегеніміз талап қоюшының талаптың негізін немесе пәнін өзгертуі танылады. Осы арада, талап құрылымының ішкі өзгеріске түсуіне қарамай нақты бір азаматтық іс бойынша жүргізіліп жатқан сот өндірісі барысында ешбір өзгеріске түспейді.

Талап негізінің өзгеруі әрқилы нысандарда көрініс табуы мүмкін:

1. бастапқыда талапкермен көрсетілген мән-жайларды ауыстыруда;
2. талапты негіздейтін мән-жайларды толықтыру;
3. талапкермен бастапқыда көрсеткен мән-жайларды алып тастау.

Талаптан бас тарту.

Талаптан бас тарту – бұл, мүдделі тұлғаның құқығын немесе заңды мүддесін сот арқылы қорғау талабынан бас тарту. Талаптан бас тарту жазбаша өтініш беру жолымен жүргізіледі және оларға бірінші сатыдағы сот шешім қабылдағанға дейін жол беріледі

Талапты тану.

АПК сәйкес жауапкер талап қоюды тануға құқылы, бұл жөнінде одан қолхат алынады.

Талапты тану – сотта талап қоюшының талаптарын қанағаттандыруға және талап қоюшы үшін лайықты сот шешімін шығаруға бағытталған жауапкердің келісімі.

Татуластыру келісімі – бұл заңмен белгіленген жағдайларға сәйкес, сотта тараптардың арасында жасалған материалдық-құқықтық дауды ерікті түрде шешу туралы келісім. Келісім талап қоюшы мен жауапкер арасындағы жана немесе өзгертілген құқықтық қатынастарды бекіту туралы белгілі бір жағдайларға сүйене отыра бекітіледі. Бітімгершілік келісімге тараптың екеуі қол қояды және сотпен бекітіледі. Тараптардың бітімгершілік келісімі туралы сот ұйғарым шығарып, іс бойынша өндірісті қысқартады

Азаматтық істер бойынша сот өндірісі сайысушылық бастамасына сүйенеді. Талапкер мен жауапкердің заңды мүдделерінің қарама-қайшылығы іс жүргізу барысында олардың бір бірімен сайысқа түсуіне соқтырады. Әрбір тарап іс бойынша өзінің құқылық позициясын таңдауда тәуелсіз болып келеді.

Жауапкер талап қоюшыға қарсы тарап ретінде сот процесінде өз мүдделерін қорғау бойынша талапкермен тең мүмкіндік алады. Жауапкердің осы мүмкіндіктері талапқа қарсылық білдіруімен көрініс табады.

Талапқа қарсылық.

Жауапкердің талапқа қарсылық білдіруі дегеніміз – жауапкердің талап қоюшы сотқа жүгінген талабымен келіспеу жолымен сотта қорғану құқығының бір нысаны.

Қарсы талап.

Қарсы талап – бұл, алғашқы қойылған талаппен бірге қарастыру үшін жауапкердің талапкерге қойған дербес материалдық-құқықтық талабы. Қарсы талап сот шешімі шыққанға дейін сол сотқа берілуі тиіс.

Талапты қамтамасыз ету.

Талапты қамтамасыз ету – талап арыз қанағаттандырылған жағдайда шешімді орындау мүмкіндігіне кепілдік беретін, сотпен қолданылатын шаралар. Талапты қамтамасыз ету шаралары іске қатысушы тұлғаларды арызы бойынша сотпен жүргізіледі. Талап қоюды қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындауды қиындатса немесе оның орындалуын мүмкін етпесе, істің барлық жағдайларында да жол беріледі

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 6, 7, 8, 9, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 30, 33, 56, 59, 63, 67, 79

№ 5 тақырып. Азаматтық процестегі талаптың ұғымы, элементтері және түрлері. Талап арыз беру және оны қамтамасыз ету

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар азаматтық процестегі талаптың түсінігі мен түрін талдауы қажет. Талаптың элементтерін сипаттап, олардың мақсаты мен міндетін көрсету. Сонымен қатар, талап арыз беруді рәсімдеу тәртібін және оған қойылатын талаптардың қатарын ашу.

Семинарлық сабақ – 1 сағат

ЖОСПАР

1. Азаматтық іс жүргізудегі талаптың ұғымы. Азаматтық сот ісін жүргізудегі талаптардың элементтері мен түрлері.
2. Талап қою құқығы. Талап қою құқығының алғышарттары.
3. Талап арызын қамтамасыз ету.
4. Жауапкердің талапты тануы және қарсы болуы.

Тапсырмалар: ауызша жауап әзірлеу.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік кодексінің 14, 15, 16, 17 тарауларының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (Ұсынылған әдебиеттерді қара).

4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.

5. Курсанттар талаптың түсінігін, түрін, элементтерін және оның мақсаты мен міндетін ашып қарастырулары қажет. Сонымен қатар, бірінші саты сотында істі қарастырудың сипаттамалық ерекшеліктерін қарастыру. Тұлғаның талапқа материалдық-құқықтық негізін сипаттау қажет. Олардың азаматтық сот өндірісін қозғау үшін олардың мінісі мен маңызы. Талапты қамтамасыз ету бойынша шаралардың түсінігі мен мазмұнын ашу қажет. Сонымен қатар, жауапкердің мүддесін қорғаудың құқықтық тәсілдерін сипаттау қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 6, 7, 8, 9, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 30, 33, 56, 59, 63, 67, 79

№ 5 тақырып. Азаматтық процесітегі талаптың ұғымы, элементтері және түрлері. Талап арыз беру және оны қамтамасыз ету

КӨЖ –1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

Өткізу нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар

1. Талаптың түрін, ұқсастығын, оны біріктіру мен ажыратуды зерделеу.
2. Азаматтық істі қозғау және оны соттық талқылауға дайындау кезеңіндегі судьяның әрекеттерін талдау.
3. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектілеу және т.б.
4. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 6, 7, 8, 9, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 30, 33, 56, 59, 63, 67, 79

№ 5 тақырып. Азаматтық процесітегі талаптың ұғымы, элементтері және түрлері. Талап арыз беру және оны қамтамасыз ету

КӨЖ - 4 сағат

Тақырып бойынша рефераттар қорғау:

1. Құқықты қорғаудың талаптық нысаны.
2. Талапқа қарсы жауапкердің процесілік қорғану құралдары.
3. Топтық талаптар.

4. Талап ісін жүргізудің түсінігі мен мәнісі.
5. Талап қою бойынша іс жүргізу ережелерінің маңызы.
6. Талаптың түрлері және сипаттамасы.
7. Талаптың түсінігі және элементтері, теориялық және тәжірибелік маңызы.
8. Талаптың (талаптардың) ұқсастығы, оларды қосу және бөлу, өзгерту, бас тартуы.
9. Татуластыру келісімі.

№ 1 тапсырма

Сот талап қоюшы А.С. Оспановтың өз өкілі Н.П.Ермековтің қол қойылып берілген талап арызын қозғалыссыз қалдырды, себебі, талап арызға қоса тіркелген сенімхатта өкілдің талап арыз беруге құқығы көзделгенмен де талап арызға қол қою құқығы қарастырылмаған.

Тағы бір істе сот өкілден онымен қол қойылған талап арызды қабылдаудан бас тартты, себебі, сенімхатта өкілдің талап арызға қол қою құқығы және сотта сенім білдірушінің мүддесін білдіруге байланысты басқа да процестік әрекеттер жасау құқығы көзделсе де, АПК нормасы талап еткендей сотқа талап арыз беруге арнайы құқығы қарастырылмаған.

Сот дұрыс істеді ма? Жағдайды талдаңыз.

№ 2 тапсырма

А.Н. Макаров Ақтөбе аудандық сотына Денсаулық сақтау министрлігінің облыстық департаментіне қарасты құрылымдық бөлімшеге оны дәрігер ретінде жұмысқа қабылдаудан бас тартуын заңсыз деп тану туралы талап арызымен жүгінді. Талап арызында ол жұмысқа қабылдаудан бас тарту алған соң 2 күннен кейін дәл сол жұмысқа тиісті дипломы жоқ, бұрын қаланың емханасында отоларинголог ретінде жұмыс істеген осы мамандық бойынша жеткілікті жұмыс өтілі жоқ Петров қабылданғанын мәлімдеген.

Судья талап арызды істің сотқа ведомстволығы жоқ деп қабылдаудан бас тартты және А.Н. Макаровқа Денсаулық сақтау саласындағы жоғары тұрған органға жүгіне алатынын көрсетті.

Сот дұрыс істеді ма? Осы талаптың элементтерін көрсетіңіз.

№ 3 тапсырма

Төмендегі үлгілер бойынша талаптың түрін және оның элементтерін анықтаңыздар:

А) «Таң» АҚ Әділет Департаментіне жарлықты жаңа редакцияда тіркеуді міндеттеу жөніндегі талабымен жүгінді;

Ә) «Фора» АҚ тауар жеткізілім шарты бойынша есептесу бойынша берешекті борышқордан өндіріп алу туралы талабымен жүгінді;

Б) Каспий Банк борышқордың несиені қайтармауына байланысты оның мүлкінен өндіріп алу туралы талабымен жүгінді;

Г) «Ақнар» ЖШС Қарағанды қаласы бойынша салық комитетінің нұсқамасын жарамсыз деп тану туралы арызымен жүгінді.

№ 4 тапсырма
Тест тапсырмаларын шешу

Өзін-өзі бақылау сұрақтары
Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 6 тақырып. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау.
Істі сотта талқылау.

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық іс жүргізудегі істі соттың талқылауына әзірлеуінің, сот талқылауының түсінігі мен маңызы сияқты негізгі санаттар мен түсініктерді түсіндіру. Сонымен қатар, істі соттың талқылауына әзірлеудің мақсаты мен міндетіне және істі соттың талқылауына әзірлеу кезіндегі соттың процессуалдық әрекеттеріне байланысты сұрақтарды қарастыру.

Міндеті: соттық талқылауға істі дайындаудың тәртібін зерделеу.

Дәріс № 1 – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Істі сотта талқылауға дайындаудың ұғымы, мақсаты мен маңызы
2. Істі сотта талқылауына дайындау бойынша әрекеттер.
3. Сот талқылауына істі тағайындау. Соттық хабарлаулар мен шақырулар. Жауапкерді іздестіру.

Дәріс № 2 – 1 сағат

ЖОСПАР

1. Сот талқылауының бөліктері.
2. Істі кейінге қалдыру мен тоқтата тұрудың негіздері. Сот отырысының хаттамалары.

Дәріс тезисі

Әрбір азаматтық іс бойынша істі сотта қарауға дайындау шараларын іске асыру міндетті болып келеді.

Азаматтық істі сотта қарауға дайындаудың **мақсаты** – азаматтық істің уақытылы және дұрыс шешілуін қамтамасыз ету

Азаматтық істі сотта талқылауға әзірлеу дегеніміз азаматтық істі уақытылы және қысқа мерзімдерде қарастыруға және шешуге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жиынтығы.

Азаматтық істі сотта қарауға дайындау талап арызы қабылданған бойда судьямен жеке дара іске асырылады және ол ол сот отырысына дейін жалғаса береді. Істі қарастыруға қатысты дайындық әрекеттері оны қарау кейінге қалдырылғанда сот отырыстары арасында да, сонымен қатар, бұрын шығарылған сот шешімінің күші жойылғанда және іс қайтадан бірінші сатыдағы сотқа жіберілген кездерде де іске асырыла береді.

Қазақстан Республикасы АПК судьяның азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу бойынша судьяның нақты процессуалдық әрекеттерінің тізімін қамтыған.

Бұл әрекеттерді іске асыру істі сотта қарауға дайындау бойынша мақсаттарға жету үшін және тиісті міндеттерді орындау үшін бағытталған. Әзірлеу сол немесе басқа санаттағы азаматтық істердің ерекшеліктеріне, сонымен бірге нақты істің сипаты мен күрделілігіне байланысты жүргізіледі.

Істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарымда істі сот отырысында қарастырғанға дейін міндетті болып келетін нақты әрекеттер көрсетілуі тиіс.

Судья талапкерді талап арызында көрсетілген талаптарының мәнісі бойынша сұрастыруға, жауапкер тарапынан болуы мүмкін қарсылықтар туралы білуге құқылы.

Істі сотта қарауға тағайындау. Сот хабарлаулары мен шақырулары.

Істі сотта қарауға тағайындау тек оны дайындау қатысты барлық қажетті әрекеттер орындалғаннан кейін іске асырылады. Бір мезгілде судья тиісті істің қоғамдық және мемлекеттік маңыздылығына қарай оны соттан тыс жерде қарастыру сұрағын шеше алады.

Сотқа қатысушы адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар және аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың қағаздарымен сотқа шақырылады.

Қажет болған жағдайда, іске қатысушы адамдар, сондай-ақ куәлар, мамандар және аудармашылар хабарландырылуы немесе тапсырылғаны туралы хабарлай отырып, тапсырыстық хат, телефонограмма немесе жеделхат арқылы, сондай-ақ хабарлау мен шақырудың жасалуын қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы хабарландырылуы немесе шақырылуы мүмкін.

Хабарлаулар мен шақырулар хабарландырылған немесе шақырылған адамның сотқа уақтылы келуі және іске даярлануы үшін жеткілікті мерзім есептеле отырып жолдануы тиіс.

Хабарлаулар сот отырысында немесе жекелеген процессуалдық әрекеттерді жасау кезінде қатысу-қатыспауларын өз бетімен шешуге құқықтары бар іске қатысушыларға қатысты болады. Бұл тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар.

Шақырулар сот отырысына келу мен процессуалдық функцияларды орындау олар үшін міндетті болып келетін іске қатысушыларға жіберіледі (мыс., куәлар, сарапшылар, мамандар, аудармашылар).

Азаматтық істерді қарастыру барысында сотпен іске асырылатын міндеттер және осы құқық саласымен реттелетін қатынастардың маңыздылығы сотта іс қарау институты азаматтық процестік құқығы саласының орталық институты болып табылатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сотта іс қараудың құрамдас бөлігі болып табылатын сот отырысының өзін бірнеше бөліктерге бөлу көзделген. Сот отырысының әрбір бөлігінде жасалатын процессуалдық әрекеттердің жиынтығы өзінің мақсатын көздейді

және олар істі сотта қарауға байланысты нақты сұрақтарды шешуге бағытталған.

Істі бірінші инстанциялық сотта қарастыру төрт бөлімнен тұрады:

- дайындық бөлімі.
- істі мәнісі бойынша қарастыру;
- сот жарыссөздері және жалпы, істің мәнісі бойынша басталған іске қатысқан прокурордың қорытындысы;
- шешім шығару және оны жариялау.

Дайындық бөлімі. Бұл бөлімде осының алдындағы процессуалдық әрекеттердің, яғни, азаматтық істі сотта қарауға дайындаудың қорытындылары жасалады және істі мәнісі бойынша шешу үшін одан әрі сот қызметіне қажетті жағдайлар жасалады.

Істі мәні бойынша қарау

Сотта іс қараудың бұл бөлігінің негізгі міндеті – іс үшін қажетті фактілердің бар-жоғын растайтын дәлелдемелерді зерттеу арқылы азаматтық істің мән-жайларын анықтау. Істі мәні бойынша қарау сотқа істің зерттелген дәлелдемелерін және басқа да назар аударуды талап ететін фактілерін зерттеу негізінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сот жарыссөздері және прокурор қорытындысы

Сот жарыссөздері сотта іс қараудың жеке бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл бөлімде іс бойынша зерттелген дәлелдемелер мен оның мән-жайларына қорытынды жасалады.

Сот жарыссөздері іске қатысушы адамдар мен олардың өкілдерінің сөздерінен тұрады

Алдымен талап қоюшы және оның өкілі, ал содан соң жауапкер мен оның өкілі сөз сөйлейді. Басталып кеткен іс жүргізуге даудың нысанасы бойынша дербес талаптар қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөз сөйлейді. Ал, даудың нысанасына дербес талаптар қоймайтын үшінші тұлғалар мен олардың өкілдері болса, олар кімнің жағында қатысып отырғанына байланысты талап қоюшыдан немесе жауапкерден кейін сөз сөйлейді.

Процессуалдық нормаға сай, іс бойынша тарап болып табылмайтын және Қазақстан Республикасы АПК көзделген тәртіппен іс жүргізуге қатысушы прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды береді.

Шешім шығару және оны жариялау

Сот отырысында азаматтық істі қарауды соңғы сатысы ретінде шешімді шығару және жариялау болып табылады. Сотта іс қараудың осы бөлімінде бірінші саты сотының тиісті азаматтық істі қарастыру бойынша бүкіл қызметіне қорытынды жасалады.

Сот жарыссөздері аяқталғаннан кейін, ал іске прокурор қатысқан жағдайда онымен қорытынды жасалғаннан кейін, сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді, бұл туралы төрағалық етуші сот отырысы залында отырғандарға хабарлайды.

Шешім кеңесу бөлмесінде шығарылады. Бұл бөлмеде өзге адамдардың болуына жол берілмейді. Жұмыс уақытының аяқталуына қарай, сондай-ақ жұмыс күні ішінде судья кеңесу бөлмесінен шығып демалу үшін үзіліс жариялауға құқылы.

Шешімді жариялау. Сот шешімге қол қойғаннан кейін сот отырыс залына қайтып келіп, сот шешімін жариялайды. Содан кейін шешімге шағымданудың тәртібі мен мерзімдері түсіндіріледі.

Шешім шығарылған кезде судья іске қатысушыларға және өкілдерге шешіммен қашан танысуға және оның көшірмесін алуға болатынын жариялауға міндетті

Ұсынылған әдебиттердің тізімі

4, 16, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 28, 33, 56, 57, 59, 63, 65, 66, 70

№ 6 тақырып. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау. Істі сотта талқылау.

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру Бұл сабақта курсанттар бірінші саты сотында қарастырылатын істердің түсінігі мен санаттарын ашып, көрсетулері қажет. Сонымен қатар, соттық талқылаудың негізгі бөлімдерін қарастыру.

Семинарлық сабақ № 1 - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Істі сот талқылауына дайындау сатысының мақсаты мен міндеті.
2. Істі сот талқылауына дайындаудың мазмұнын құрайтын процестік әрекеттер .
3. Алдын ала сот отырысы.
4. Сот талқылауына істі тағайындау.

Семинарлық сабақ № 2 - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Азаматтық процестегі сот талқылауы сатысының маңызы.
2. Сот отырысының бөлімдері.
3. Істі талқылауды кейінге қалдыру. Іс бойынша іс жүргізуді тоқта тұру.
4. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, қараусыз қалдыру.
5. Сот отырысының актілері.

Тапсырам: ауызша жауап әзірлеу.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 16, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26 тараулардың негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсан № 21 нормативтік Қаулысын қысқаша конспектілеу (әдебиетті қара).

4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.

5. Курсанттар азаматтық істі соттың талқылауына дайындау бойынша процесуалдық әрекеттерді талқылау қажет. Нақты алғанда, істі соттың талқылауына дайындауда судья қандай нақты процесуалдық әрекеттер жасау керек екендігіне назар аударту. Азаматтық істі қозғаудың процесуалдық ерекшеліктерін сипаттау қажет, ал нақты алғанда, азаматтық істі өндіріске қабылдау мен оны қозғаудың мерзімдеріне байланысты сұрақтарға назар салу. Соттық талқылаудың тәртібін сипаттап, ашу, соттық талқылаудың әрбір жекелеген бөлімдерін қарастыру: дайындық бөлімін, істі мәнісі бойынша қарастыру, сот жарыссөздері мен прокурордың қорытындысы, шешімді қабылдау мен жариялау. Азаматтық істі тоқтату мен кейінге қалдыру үшін азаматтық процестік заңнамамен көзделген барлық негіздерді қарастыру қажет.

Сабақ өткізудің 2 нұсқасы

1. **Семинар тренинг** «Істі сот талқылауына дайындау. Сот хабарлаулары мен шақырулары» -2 сағат

Мақсаты: істі сот процесіне дайындау тәртібін зерделеу.

Міндеті: істі дайындау бойынша тараптар мен судьяның процестік әрекеттерін талдау.

2. **Семинар тренинг** «Сот талқылауы. Азаматтық істерді талқылаудың тәртібі» - 2 сағат

Мақсаты: соттық талқылаудың ұғымы мен кезеңдерін игеру және сот талқылауы аяқталуын талдауы.

Міндеті: сот талқылауы кезеңдерінде азаматтық процес қағидаттарын зерделеу.

Сабақ өткізудің 3 нұсқасы

1. Іскерлік ойын, курсанттар 2 топқа бөлінеді және белсенді сөз сөйлеулер арқылы істі сот талқылауына дайындау жағдайын бейнелейді (моделдейді, көрсетеді).

2. Рөлдік ойын, курсанттар сот талқылауын бейнелейді (моделдейді, көрсетеді) және сұхбаттасу мен жария түрде сөз сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Талқылау сұрақтары:

1. Азаматтық процес кезеңдері арасындағы сот талқылауы кезеңінің ұғымы, маңызы және алатын орны.

2. Сот талқылауы сатысында азаматтық процестік құқығы қағидаттарының қолданысы.

3. Сот талқылауына басшылық ету мен сот отырысында тәртіпті қамтамасыз етудегі төрағалық етушінің рөлі. Тәртіп бұзушыларға қолданылатын шаралар.

4. Сот отырысының бөліктері.

5. Істі талқылауды кейінге қалдыру.

6. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрудың кейінге қалдырудан айырмашылығы.

7. Шешім шығарусыз істі аяқтау:

а) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату;

б) Талап арызды қараусыз қалдыру. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың талап арызды қараусыз қалдырудан айырмашылығы.

8. Сот отырысының хаттамасы. Хаттамаға ескертулер беру мен қарастырудың тәртібі.

Сабак жүргізудің 4 нұсқасы

1. Ұсынылған сұрақтар бойынша «Дөңгелек үстел».

2. Курсанттар 2 қарама-қарсы топқа бөлінеді және сұхбаттасу (диалог) арқылы өз ұстанымдарын негіздеу (дәлелдеу) дағдыларын қалыптастырады

Талқылау сұрақтары:

1. Істі сот талқылауына дайындаудың ұғымы мен маңызы.

2. Істі сот талқылауына дайындау бойынша міндеттер.

3. Істі дайындау бойынша тараптар мен судьяның процестік әрекеттері.

4. Істі сот талқылауына дайындау кезіндегі судьяның ұйғарымы.

5. Істі сот талқылауына дайындау кезінде тараптардың процестік құқығы мен міндеттері.

6. Алдына ала сот отырысы.

7. Істі сот талқылауына тағайындау.

8. Сотқа шақыру және соттың басқа да хабарлаулары.

9. Сотқа шақыру қағазының мазмұны. Шақыру қағазын берудің тәртібі.

10. Істі дайындау кезінде іс жүргізуді аяқтау.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 16, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 28, 33, 56, 57, 59, 63, 65, 66, 70

№ 6 тақырып. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау.

Істі сотта талқылау.

КОӨЖ 1 - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмалар шешу

КОӨЖ жүргізу нысаны: ауызша

КОӨЖ 2 - 1 сағат

№ 1 Тапсырма

Азаматтық істі сотта дайындаудың кезеңдерін көрсете отыра сызба жасаңыз.

№ 2 Тапсырма

Азаматтық істі сотта талқылау бөлімдерін көрсете сызбасын құрастырыңыз.

КООЖ өткізу нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Сот талқылауын кейінге қалдыру», «Сот талқылауын тоқтата тұру», «шешім шығарусыз сот талқылауын тоқтату» ұғымдарының ара-қатынасын талдау және түсініп алу.
2. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабақтарының сұратарын және т.б. конспектілеу.
3. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 16, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 28, 33, 56, 57, 59, 63, 65, 66, 70

**№ 6 тақырып. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау.
Істі сотта талқылау.**

КӨЖ - 6 сағат

№ 1 Тапсырма

Тақырып бойынша рефераттар қорғау:

1. Азаматтық істі талқылау бірінші саты сотында іс жүргізу кезеңі ретінде.
2. Сот талқылауының бөліктері және олардың міндеттер.
3. Сот талқылауының тікелейлігі, ауызшалығы және үзіліссіздігі қағидаттарын іске асыру.
4. Сот отырысының хаттамасы және сот төрелігінің мақсатын іске асыру үшін оның маңызы.
5. Шешім шығарусыз істі аяқтау.
6. Азаматтық іс бойынша бірінші саты соты актілерінің түрлері.
7. Азаматтық іс бойынша сот шешімі және оған қойылатын талаптар.
8. Сот шешімінің заңды күші.
9. Сот талқылауы сатысында азаматтық процестік құқығы қағидаттарының қолданысы.

№ 2 Тапсырма

Тақырып бойынша баяндамалар дайындау:

1. Сот талқылауына азаматтық істерді дайындау кезіндегі іске қатысушы тұлғалардың процесілік құқықтарының мазмұны;
2. Сот талқылауы кезеңіндегі азаматтық процес қағидаттары қолданысының ерекшеліктері.

№ 3 тапсырма

Кәмелетке толмаған Қаракөзова 2000 жылы 12 ақпанында қыз туды. Жеке өміріндегі қиын жағдайларға қатысты Қаракөзова өз қызы Айгүлді перзентханаға тастап, оны басқа адамдардың асырап алуына қарсы еместігі туралы арыз жазып кетті. Бұл арызды Қаракөзованың анасы да қолдады. 2000 жылы 4 мамырда Қаракөзованың қызын ерлі-зайыпты Ниязовтардың асырап алуы туралы шешім шығарылды. Қыз балаға Гүлназ деген басқа есім берілді.

2001 жылы желтоқсанда Қаракөзова сотқа жолданып қызды өзіне қайтаруын талап етті. Өз арызында талап қоюшы баланы перзентханаға тастағанын үлкен қателік деп мойындап, кәмелетке толған соң тұрмысқа шығып, материалдық жағдайы жақсарғандықтан баланы өзі асырай алатындығын көрсетті. Оның үстіне күйеуі талап арызымен келісіп, қызды асырап алуға келісімін берді.

Жауапкерлер талап арызды мойындаудан бас тартты. Олардың айтуынша асырап алу процесі заңды түрде өтті, ешқандай құқықбұзушылық болған жоқ, сонымен қатар Гүлназ оларды өз ата-анасы ретінде есептейді.

Судья істі сотта талқылауға дайындық барысында қандай шаралар қолданып, қандай әрекеттер жасауы керек еді? Іске кімдер қатысулары керек?

№ 4 тапсырма

Судья істі сотта талқылауға дайындау әрекеттерін жасау барысында мынандай әрекеттерді жасауға құқылы ма:

- а) тиісті емес тарапты ауыстыру туралы ұйғарым шығарды;
- ә) қайта немесе қосымша сараптама тағайындау туралы шешім шығарды;
- б) тараптар ұсынбаған іске қажетті басқа да заттай немесе жазбаша дәлелдемелерді сұратты;
- в) талап арызын қабылдаудан бас тартты;
- г) талап арызды қозғалыссыз қалдырды.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№7 тақырып. Ерекше талап қою мен іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық істерді ерекше талап қою өндірісі тәртібінде қарастырудың түсінігі мен маңызы сияқты негізгі санаттар мен түсініктерді түсіндіру. Сонымен қатар, ерекше талап қою өндірісі істерінің сипаттамасына және оларды қарастырудың процесілік тәртібіне қатысты сұрақтарды талқылау.

Міндеті: соттармен ерекше талап қою санатындағы істерді талқылауының ерекшеліктерін игеру.

Дәріс – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізудің мәнісі мен маңызы.
2. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізу тәртібімен қаралатын істердің санаттары.

Дәріс тезистері:

Қазақстан Республикасы АПК-тің 3 кіші бөлік «Ерекше талап қою ісін жүргізу» деп аталады және өзіне 27-30 тарауларды қамтиды. Бұл процестік нормалар ерекше талап қою ісін жүргізу бойынша нақты істердің санаттарын реттейді.

Сонымен қатар, айта кетер жай – сот билігі Конституция, заңдар, басқа да нормативтік құқықтық актілер, Республиканың халықаралық шарттары негізінде пайда болған барлық істер мен дауларға қатысты қолданылады (Конституциясының 76 б. 2-т.). Сондықтан да заңмен тікелей көзделген жағдайлардан басқа кездерде жариялық-құқықтық сипаттағы қатынастардан туындайтын кез-келген даулар соттық тәртіпте қарастырыла алады. Азаматтық істердің ведомстволығын анықтау бойынша бұндай көзқарас АПК нормаларында орын алған: «Мемлекеттік органмен немесе оның лауазымды тұлғамен қабылданған акт сотта даулануы мүмкін». Осы баптың мына бөлімі ерекше талап қою ісін жүргізу аумағында қарастырылатын істер АПК-тің 27-30 тарауларында көрсетілгеніне сілтеме жасап отыр.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу дегеніміз – бұл бірінші сатыдағы соттың заңмен орнатылған жариялық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша азаматтық істердің шеңберін қарастыру және шешу тәртібін белгілейтін іс жүргізу өндірісі.

Ерекше талап қою істеріне белгілі бір жариялық-құқықтық қатынастардың түрлерінен пайда болатын, тек қана заңда көрсетілген құқық туралы даулар жатады. Оларға заң келесі санаттағы істерді жатқызады:

1) Сайлауға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу;

2) Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын жөніндегі арыздар бойынша іс жүргізу.

3) Мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы іс бойынша іс жүргізу;

4) Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы іс бойынша іс жүргізу.

Ерекше талап қою ісін жүргізу көлемінде қарастырылатын істер жалпы сот ісін жүргізу тәртіптері бойынша, яғни, талап қою ісін жүргізу істеріне

қатысты қолданылатын ережелерге сай іске асырылады. Жалпы ережелер барлық азаматтық істерді қарастыру тәртібіне қолданылады (сот өндірісінің қағидаттары, процестің сатылар бойынша дамуы, дәлелдеу және дәлелдемелерге баға беру ережелері, сот мәжілісінің хаттамасын жүргізу, сот актілерін шығару тәртібі, іс бойынша өндірісті тоқтату ережелері және т.б.).

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 4, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 18, 26, 30, 33, 55, 56, 59, 63

№7 тақырып. Ерекше талап қою мен іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар ерекше талап қою өндірісінің ұғымы мен маңызын ашып көрсету керек. Сонымен қатар, ерекше талап қою өндірісі институтына қатысты істер санатын қарастырудың тәртібі және оларды шешудің мерзімі мен айрықша белгілеріне қатысты сұрақтарды қарастыру.

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Ерекше талап қою ісін жүргізудің ұғымы және оның ерекшеліктері.
2. Ерекше талап қою тәртібінде қаралатын іс санаттары бойынша іс жүргізу

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 27, 28, 29, 30 тарауларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі 27 тарауының нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 20 Нормативтік Қаулысын қысқаша конспектілеу (әдебиетті қара).
4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
5. Курсанттар ерекше талап қою өндірісінің түсінігі мен ерекшеліктерін ашып, көрсету қажет. Семинарлық сабақта ерекше талап өндірісі істерінің барлық санаттарын сипаттау қажет: а) Сайлауға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздары бойынша іс жүргізу; б) Жергілікті атқарушы органдардың

азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі арыздар бойынша іс жүргізу; в) Мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту туралы іс бойынша іс жүргізу; г) Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы іс бойынша іс жүргізу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 4, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 18, 26, 30, 33, 55, 56, 59, 63

№7 тақырып. Ерекше талап қою мен іс жүргізу

КОӨЖ – 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

КОӨЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Негізгі әдебиеттерді игеру.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектілеу және т.б.
4. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 4, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 18, 26, 30, 33, 55, 56, 59, 63

№7 тақырып. Ерекше талап қою мен іс жүргізу

КӨЖ–3 сағат

№ 1 тапсырма

Тақырып бойынша рефераттар қорғау:

1. Ерекше талап қою ісін жүргізудің талап қою ісін жүргізуден айырмашылығы.
2. Ерекше талап қою тәртібінде қарастырылатын іс санаттарының жалпы сипаттамасы.
3. Ерекше талап қою істерін қарастыру мен шешудің ерекшеліктері.
4. Прокурордың азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау туралы істерге қатысуы.

№ 2 тапсырма

Өңір тұрғындарын өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында жергілікті өкілді билік органының шешімімен облыстан ауылшаруашылығы өнімдерін сырт жаққа шығаруға тиым салынды.

И.М. Кротов өз тұрғылықты жері бойынша аудандық сотқа оның құқығын бұзатын осы шешімнің заңдылығын даулап жүгінді. Атап айтқанда, өзінің шаруа қожалығында өндірілген ауылшаруашылығы өнімінен өз аумағына жақын орналасқан, бірақ басқа облыстың рыногында сатып, пайда алу құқығы бұзылатынын мәлімдеді.

Сот арызды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым шығарды, себебі, жергілікті өкілді билік органының шешімі нормативтік сипатқа ие, сондықтан оны даулап тек прокурор ғана наразылық білдіре алады. Оның үстіне іс аудандық сотқа емес, облыстық сотқа бағынысты.

Сот ұйғарымына И.М. Кротов жеке шағым берді.

Апелляциялық саты соты не істеуі керек ? Істі шешіңіз.

№ 3 тапсырма

Б.В. Николаев мемлекеттік тұрғын үй қорының пәтер жалдаушысы, ол аудандық сотқа тұрып жатқан пәтерін жергілікті атқарушы билік органдардың жекешелендіріп беруден бас тартуын шағымдап жүгінді. Арыз шағымында ол атқарушы билік органдарының мұндай әрекеттері «Тұрғын үй қатынастары» туралы Заңында белгіленген құқықтарын бұзатынын көрсетті. Істі сот талқылауына дайындау кезінде сот шағымды қарастырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарды. Бас тарту ұйғарымын шығарудың негізі болып талап қою тәртібінде қарастыруға жататын азаматтық құқық туралы даудың бар екені табылады, сондықтан тұрып жатқан пәтерді жекешелендіруден бас тартуға байланысты олардың арасындағы дау жариялық қатынастардан туындайтын заңсыз әрекеттерге шағымдану тәртібінде қарастырылмайды. Сот Николаевқа жергілікті атқарушы билік органдарына қарсы оның иелігіндегі тұрып жатқан пәтерді меншікке ақысыз беру туралы талап арызбен жүгіну керек екендігі ұсынылды.

Сот әрекеттері заң талаптарына сай келеді ма? Істі шешіңіздер.

№ 4 тапсырма

Төмендегілер қандай тәртіпте қарастыруға жатады:

1. Қ.А. Есжановтың сот отырысы залында тәртіпті бұзғаны үшін айып пұл салудың дұрыс еместігі туралы арызы.

2. Облыс прокурорының Жезқазған қаласы әкімшілігінің «Табиғи ортаны Мысқорыту комбинатымен ластағаны үшін төлемдерді түзету туралы» өкімін заңға қайшы деп тану туралы арызы. Бұл өкіммен комбинатқа тиісті төлемдер төмендетілді. Арызда бұл мәселе мемлекеттік және қоғамдық мүддемен, сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану органдарының мүддесімен қорғалуға жататындығы белгіленген.

3. А.Б. Шакаримовтың Парламент мәжілісінің депутатын сайлау бойынша сайлаушылар тізбесіне қосылмағандығы туралы арызы. Арызға ешбір жауапсыз қалдырылған оның учаскелік сайлау комиссиясына жүгінуі қоса тіркелген.

№ 5 тапсырма

Төмендегі істер қандай тәртіпте қарастырылады:

1. К.М. Иванованың арызы бойынша іс. Өз арзында К.М. Иванова қайтыс болған күйеуі И.П. Ивановтың тұрғылықты мекен-жайына мекен-жайға тіркеу органының оны тіркеуден бас тартқанын көрсетеді. Бас тартудың негізі болып қайтыс болмай тұрып И.П. Ивановпен жекешелендірілген 1 бөлмелі пәтер мұрагерлерінің К.М. Иванованы тіркеуге қарсылығы табылады.

2. О.А. Смирнованың ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін залалдарды өндіріп алу туралы Орман комитетінің актісіне шағымы бойынша іс.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№8 тақырып. Ерекше іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға азаматтық істерді ерекше іс жүргізу тәртібінде қарастырудың ұғымы мен маңызы сияқты негізгі санаттар мен түсініктерді түсіндіру. Сонымен қатар, ерекше іс жүргізу өндірісі істерінің санаттары сипаттамасына және оларды қарастырудың процестік тәртібіне қатысты сұрақтарды қарастыру.

Міндеті – ерекше іс жүргізу істерін соттармен қарастырудың ерекшеліктерін зерделеу.

Дәріс № 1-1 сағат

ЖОСПАР:

1 Ерекше іс жүргізудің мәнісі мен маңызы. Ерекше іс жүргізуге тән белгілер.

2. Ерекше іс жүргізу істерін қарастырудың тәртібі және ондағы ерекшеліктер.

3. Зандық маңызы бар фактілерді анықтау.

Дәріс № 2–1 сағат

ЖОСПАР:

1. Ерекше іс жүргізу тәртібінде қарастырылатын іс санаттары (АПК 33-40 тарауындағы істер).

2. Ерекше іс жүргізу тәртібінде қарастырылатын іс санаттары АПК 41-49 тарауындағы істер).

Дәріс тезистері:

Сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істерге:

- 1) заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы;
- 2) бала асырап алу туралы арыздар бойынша;

3) азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы;

4) азаматтың әрекет қабілетін шектеу туралы, азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанды өз табысына өз бетінше билік ету құқығын шектеу туралы немесе одан айыру туралы;

5) кәмелетке толмағанды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы;

6) кәмелетке толмағандарды девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы;

7) азаматты заңда көзделген негіздер бойынша психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы;

8) азаматты туберкулезден, алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы;

9) қаржы ұйымдарын, және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы;

10) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу, мерзімінен бұрын аяқтау және оның мерзімін ұзарту туралы;

11) оңалту және банкроттық туралы;

12) жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы;

13) азаматтық хал актілері жазбаларының дұрыс еместігін анықтау туралы;

14) нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға берілген шағымдар бойынша;

15) бағалы қағаздарды көрсетуші тұлғаның жоғалған бағалы қағаздар және ордерлік бағалы қағаздар (шақырту ісін жүргізу) бойынша құқықтарын қалпына келтіру туралы;

16) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік деп тану туралы, оның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы;

17) интернет-казиноны, Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімін заңсыз деп тану туралы;

18) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыздар бойынша істер жатады.

Заңда ерекше іс жүргізу тәртібімен басқа да істерді қарау көзделуі мүмкін.

Ерекше жүргізілетін істерді Кодекстің 32-49 тарауларында белгіленген алыныстармен және толықтырулармен қоса талап қою ережелері бойынша соттар қарайды. Ерекше жүргізілетін істерді сот арыз беруші мен мүдделі адамдардың қатысуымен қарайды.

Егер істі ерекше іс жүргізу тәртібімен қарау кезінде соттың қарауына жататын құқық туралы дау туындаса, сот істі талап қою тәртібімен қарау туралы ұйғарым шығарады.

Сот ұйғарымы белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда арыз қаралмай қалдырылады, ал мүдделі адамдарға олардың жалпы негіздерде талап қою құқығы түсіндіріледі.

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер

1. Сот азаматтардың немесе ұйымдардың жеке не мүліктік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды.

2. Сот мынадай фактілерді:

1) адамдардың туыстық қатынастарын;

2) адамның біреудің асырауында болуы;

3) тууды, бала асырап алуды, некелесуді, ажырасуды және қайтыс болуды тіркеу;

4) құқық белгілейтін құжаттардың (әскери құжаттарды, паспорттарды, жеке куәліктерді және азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) құжатта көрсетілген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспорттың немесе жеке куәлігінде, немесе туу туралы куәлігінде көрсетілген атқа, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамдікі екендігі;

5) мүлікті меншік, шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқықтарымен иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету;

6) жазатайым жағдай;

7) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болу оқиғасын тіркеуден бас тартқан жағдайда адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болуы;

8) мұрагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орны;

9) егер заңдарда оларды анықтаудың өзгеше тәртібі көзделмесе, басқа да заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істерді қарайды.

Егер құқық туралы дау болмаған кезде азаматтық хал актілерін жазу органдары жасалған жазбаға түзетулер енгізуден бас тартса, сот азаматтық хал актілерін жазу кітаптарындағы жазулардың жаңсақтықтарын анықтау туралы істі қарайды. Азаматтық хал актілерін жазу кітаптарындағы жазбаның жаңсақтығын анықтау туралы арыз оны берушінің тұратын жеріндегі не азаматтық хал актілерін жазу органы орналасқан жердегі сотқа беріледі.

Арызда азаматтық хал актілерін жазу кітабындағы жазудың жаңсақтығы неде екендігі, қашан болғаны және азаматтық хал актілерін жазудың қандай органы жасалған жазбаны түзетуден немесе өзгертуден бас тартқандығы көрсетілуге тиіс.

Азаматтық хал актілерін жазу кітабындағы жазбаның жаңсақтығын анықтаған сот шешімі азаматтық хал актілерін жазу органдарының мұндай жазбаны түзетуіне немесе өзгертуіне негіз болып табылады.

Жасалған нотариаттық іс-әрекетті немесе нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуды дұрыс емес деп есептейтін мүдделі адам бұл жөнінде нотариус немесе нотариаттық іс-әрекет жасайтын орган орналасқан жердегі аудандық сотқа шағым беруге құқылы.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18,
24, 26, 27, 30, 34, 38, 44, 46, 51, 52, 55, 56, 59, 63

№8 тақырып. Ерекше іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерін тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар ерекше іс жүргізу өндірісінің ұғымы мен маңызын ашып көрсету керек. Сонымен қатар, ерекше іс жүргізу өндірісі институтына қатысты істер санатын қарастырудың тәртібі және оларды шешудің мерзімі мен айрықша белгілеріне қатысты сұрақтарды қарастыру тиіс.

Семинарлық сабақ № 1-1 сағат

ЖОСПАР:

1. Ерекше іс жүргізудің ұғымы және басқа азаматтық сот ісін жүргізуден ажырататын белгілері.
2. Ерекше іс жүргізу істерін талқылаудың тәртібі мен ерекшеліктері.
3. Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау мен бала асырап алу туралы арыздар бойынша іс жүргізу.

Семинарлық сабақ № 2-1 сағат

ЖОСПАР:

1. Ерекше сот ісін жүргізу тәртібінде мына іс санаттарын қарастыру:
 - 1) азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы;
 - 2) азаматтың әрекет қабілетін шектеу туралы, азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанды өз табысына өз бетінше билік ету құқығын шектеу туралы немесе одан айыру туралы;
 - 3) кәмелетке толмағанды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы;

4) кәмелетке толмағандарды девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы;

5) азаматты заңда көзделген негіздер бойынша психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы;

6) азаматты туберкулезден, алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы;

7) қаржы ұйымдарын, және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы;

8) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу, мерзімінен бұрын аяқтау және оның мерзімін ұзарту туралы;

2. Ерекше сот ісін жүргізу тәртібінде мына іс санаттарын қарастыру:

1) оңалту және банкроттық туралы;

2) жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы;

3) азаматтық хал актілері жазбаларының дұрыс еместігін анықтау туралы;

4) нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға берілген шағымдар бойынша;

5) бағалы қағаздарды көрсетуші тұлғаның жоғалған бағалы қағаздар және ордерлік бағалы қағаздар (шақырту ісін жүргізу) бойынша құқықтарын қалпына келтіру туралы;

6) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік деп тану туралы, оның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы;

7) интернет-казиноны, Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімін заңсыз деп тану туралы;

8) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы.

Тапсырма: жазбаша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар

1. «Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 31-49 тарауларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының

«Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 28.06.02 ж. №13 Қаулысын қысқаша конспектілеу (әдебиетті қара).

4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.

5. Курсанттар ерекше өндірістің түсінігі мен ерекшелік қырларын ашып, көрсету қажет. Ерекше өндіріс істерінің мәнісін сипаттау қажет. Бұл істерді қарастырудың рәсімдік ерекшеліктерін ашып, көрсету. ерекше өндіріс істерінің әрбір санаттарын жекелей қарастырып, талқылау қажет. Мұның өзінде де жүгінудің мерзімі, қарастыру үшін мерзімдер мен тараптар сияқты маңызды жағдайларды ұмытпаған жөн.

Сабақ өткізудің 2 нұсқасы

Семинар тренинг - «Ерекше іс жүргізу» - 2 сағат

Мақсаты: ерекше іс жүргізудің мәні мен маңызын түсіну.

Міндеті: ерекше іс жүргізудің жекелеген санаттары бойынша істерді қарастырудың ерекшеліктерін зерделеу.

«Жобалау әдісі» нысанында жүргізіледі, ол бойынша курсанттар 2 топқа бөлінеді, әрбір топ ерекше іс жүргізу өндірісінің жобасын дайындайды және оны тренинг барысында ұсынады.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18,
24, 26, 27, 30, 34, 38, 44, 46, 51, 52, 55, 56, 59, 63

№8 тақырып. Ерекше іс жүргізу

КОӨЖ № 1 - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмалар шешу

КОӨЖ № 2 - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмалар шешу

КОӨЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Негізгі әдебиеттерді игеру.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын конспектілеу және т.б.

4. Тапсырмаларды жазбаша шешу және олар бойынша жауап беруге дайын болу немесе тестілік тапсырмалар шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18,
24, 26, 27, 30, 34, 38, 44, 46, 51, 52, 55, 56, 59, 63

№8 тақырып. Ерекше іс жүргізу

КӨЖ - 6 сағат

№ 1 тапсырма

Тақырып бойынша рефераттар қорғау:

1. Ерекше іс жүргізудің талап қою және ерекше талап қою бойынша іс жүргізуден айырмашылығы.
2. Ерекше іс жүргізудің проблемалық сұрақтары.
3. Ерекше іс жүргізу тәртібінде істерді қарастырудың ерекшеліктері.
4. Ерекше іс жүргізу істері бойынша сот шешімдерінің мазмұны.

№ 2 тапсырма

Мамонтов сотқа арызбен жүгінді, онда ол Ұлы Отан соғысында жарақат алу фактісін тануды және фронтта жарақат алуға байланысты мүгедек ретінде тауын сұрады. Мұндай арыз беруге КСРО-ны қорғау кезінде Мамонтовпен фронтта жарақат алынды деп тану туралы 1992 жылғы 27 ақпанда шығарылған шешімнің күшін жойған Әскери-дәргерлік комиссияның (ӘДК) 1993 жылғы 6 қазанында шығарылған шешімі себепші болды. Арызды қабылдаудан сот бас тартты.

Сот дұрыс істеді ме? Бұл істі қалай шешкен жөн?

№ 3 тапсырма

Исаев сотқа жазатайым оқиға фактісін анықтау жөнінде арызбен жүгінді. Арызда 2004 жылы 21 қаңтарда Абай механика зауытының цехында учаске шебері болып жұмыс істеген кезде тығыздау-қалыпты көтеру барысында бел омыртқа мертігуін алды, соның салдарынан 2 топтағы мүгедек болып танылды. Зауыт әкімшілігі өз уақытында жазатайым оқиға туралы актіні ресімдемеді, ал ол жүгінген зауыттың кәсіподақ комитеті фактінің расталмағанына байланысты мұндай акті толтырудан бас тартты. Сот арызды сотқа қабылдады, арызды қарастырып, оны қанағаттандырмау туралы шешім шағарды.

Сот дұрыс істеді ма? Қандай жағдайда сот жазатайым оқиға туралы фактіні анықтауға құқығы бар?

№ 4 тапсырма

Аталған тақырып бойынша тестілеу.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№9 тақырып. Апелляциялық сатыда іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға апелляциялық сатыда істерді қарастырудың түсінігі мен маңызы сияқты негізгі снаттар мен түсініктерді түсіндіру. Сонымен қатар, апелляциялық сатыда істерді

қарастырудың процесуалдық ерекшеліктеріне, белгісі мен маңызына қатысты сұрақтарды қарастыру.

Міндеті: апелляциялық тәртіпте сот актілерін қайта қарастырудың негіздері мен тәртібін зерделеу. Апелляциялық саты сотының өкілеттігін игеру.

Дәріс – 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Апелляциялық сатыда іс жүргізудің ұғымы, мақсаты және маңызы.
2. Сот актілеріне апелляциялық шағым жасау және наразылық келтіру құқығы.
3. Апелляциялық саты сотында істі қарау

Дәріс тезистері:

Шағымдану (наразылық келтіру) құқығының тиісті түрде жүзеге асырылуы өз алдына бірінші саты сотының заң күшіне енбеген шешімдерінің және ұйғарымдарының заңдылығы мен негізділігін тексеру мақсатында қайта қарауды тудырады. Бұл заңнамалық актілермен бекітілген әдістер арқылы азаматтық істерді қарастыру мен шешуде бірінші саты сотымен жіберген кемшіліктерді түзеуге мүмкіндік береді. Осы әдістердің біріне апелляциялық өндіріс жатады.

Апелляциялық саты сотында істі қарауды Қазақстан Республикасы АПК азаматтық процестік заңнаманың маңызды институты ретінде қараумен бірге, азаматтық процестің жеке институты деп қарастырады.

Апелляциялық институт бірінші сатыдағы заң күшіне енбеген сот шешімдері мен ұйғарымдарының заңдылығын және негізділігін тексеру бойынша апелляциялық соттың қызметін реттейтін азаматты процестік нормалардың жиынтығы.

Апелляциялық өндіріс **іс жүргізудің деңгейі ретінде** – жеке мақсатқа қол жеткізуге бағытталған белгілі бір шеңбердегі процесуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі.

Апелляциялық шағымдану институтының **негізгі мақсаты** бірінші сатыдағы соттың істің нақты мән-жайын дұрыс анықтау жолымен қайта қарау, материалдық құқықтың нормаларын қолдану және түсіндіру, істерді қарастыру мен шешуде азаматтық процесуалдық құқықтың нормаларын сақтау табылады.

Іске қатысушы тұлғалар өздерінің сот шешімдері мен ұйғарымдарына шағымдану (наразылық келтіру) құқығын апелляциялық шағым немесе наразылық беру жолымен жүзеге асырады.

Шағым немесе наразылық беру маңызды құқықтық салдарға әкеледі. Ол екінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін тексеру құқығы мен міндетін туындататын процесуалдық әрекет болып табылады. Шағым немесе наразылық беру шешімнің заңды күшіне ену мерзімі және оның мәжбүрлі орындалу мүмкіндігін кейінге қалдырады

Апелляциялық шағымдану құқығы дегеніміз – бұл заңдық күшіне енбеген бірінші сатыдағы сот шешімін тексеру бойынша апелляциялық соттың қызметін қозғау құқығы.

Апелляциялық шағымданудың (наразылық келтірудің) объектісі ретінде апелляциялық тәртіп бойынша шағымдануға (наразылық келтіруге) жататын заңды күшіне енбеген соттың шешімдері табылады

Апелляциялық шағымдану - жоғары тұрған соттың құқықтары мен міндеттерін туындататын заңдық күшіне енбеген шешімдерді тексерудегі қажетті және бір ғана процестік әрекет.

Азаматтық істер бойынша сот алқасының төрағасы апелляциялық шағым мен наразылық келтірілген істі алып, оны қарастыруға әзірлеу үшін сот мүшесінің біреуіне тапсырма береді; сот алқасының мүшесі іс материалымен, шағым немесе наразылықпен, тіркелген қосымша құжаттармен қоса түгелдей танысып, бірінші сатыдағы соттың нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолдануын тексереді. Белгіленген уақытта апелляциялық сатыдағы сот төрағалық етуші және соттың екі мүшесінің қатысуымен істі қарайды.

Төрағалық етуші апелляциялық сатыдағы сот мәжілісін ашып, қандай іс, кімнің шағымы немесе наразылығы бойынша және қай соттың шешімі қаралып отырғанын хабарлайды. Сосын төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалардың қайсысы келгенін, өкілдерінің келгенін, олардың жеке басын анықтайды, іске қатысушы өкілдердің өкілеттігін тексереді. Іске қатысушылардың келуін анықтап болған соң төраға апелляциялық сатыдағы соттың құрамын және егер істің қаралуына қатысып отырса, прокурорды, мамандарды хабарлайды және іске қатысушыларға қарсылық білдіру құқықтарын жариялайды

Апелляциялық іс жүргізуде судьяға қарсылық білдірудің негізі болып істі негізі бойынша қарау кезінде негіз болған мән-жайлар болады. Қарсылық білдіру құқығын білдірген соң төрағалық етуші іске қатысушы тұлғаларға қалған процессуалдық құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Төрағалық етуші тараптарға процессуалдық құқықтыры мен міндеттерін айқындау барысында мынандай процессуалдық құқықтарға назар аудару керек: татуластыру келісімін жасасу, дауды медиация тәртібімен қарау, талап қоюшының талаптан бас тартуы, сонымен қоса олардың тек құқықтарын ғана түсіндіру емес және олардың процестік салдарын түсіндіру қажет. Сот мәжілісінің әзірлеу сатысында іске қатысушы тұлғалардың сот мәжілісіне келмей қалуына байланысты олардың қатысуынсыз істі қарастыру мүмкіндігі туралы мәселе шешіледі.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

4, 21, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№9 тақырып. Апелляциялық сатыда іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерін тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл

сабақта курсанттар апелляциялық саты сотында азаматтық істерді қарастырудың ерекшелігін ашып, көрсетулері қажет. Апелляциялық саты өндірісіне анықтама беру, оның мақсаты мен міндеттерін көрсету. Сонымен қатар, апелляциялық сатыда істерді қарастырудың процестік тәртібін және апелляциялық саты сотының өкілеттілігін қарастыруға тиіс.

Семинарлық сабақ-1 сағат

ЖОСПАР:

1. Апелляциялық шағым және наразылық келтіру құқығы.
2. Апелляциялық сатыда істерді қарайтын соттар. Апелляциялық шағым берудің тәртібі және мерзімі.
3. Апелляциялық саты сотында істі қараудың процестік тәртібі.
4. Апелляциялық саты сотының өкілеттігі мен актілері.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Негізгі әдебиттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 52-53 тарауларының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәріс конспектісін әзірлеу және семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап дайындау.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

4, 21, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№9 тақырып. Апелляциялық сатыда іс жүргізу

КОӨЖ - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмалар шешу

КОӨЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Апелляциялық тәртіпте шағымданудың (наразылы келтірудің) субъектілерін, объектілерін, шегін талдау.
2. Апелляциялық саты сотының өкілеттіктерін қарастыру.
3. Қосымша әдебиеттермен танысу.
4. Нормативтік актілердің негізгі ережелерін, дәрістік, семинарлық сабақтардың сұрақтарын және т.б. конспектілеу.
5. Тапсырманы (есепті) жазбаша орындау және ол бойынша шешімін айтуға дайын болу.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі
4, 21, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№9 тақырып. Апелляциялық сатыда іс жүргізу

КӨЖ - 3 сағат

№ 1 тапсырма

Талап қоюшы Петренко Ивановтан 100000 тенге өндіріп алу туралы талап арызы бойынша аудандық сотпен қабылданған шешіммен келіспей апелляциялық тәртіпте оны шағымдады. Апелляциялық шағымды Петренко Жоғары сотқа берді. Жоғары Сот оның апелляциялық шағымын қайтарып жіберді

Сот дұрыс істеді ме? Апелляциялық шағым берудің тәртібі қандай және оны сақтамаудың салдары қандай ?

№ 2 тапсырма

Тапсырмалар жинағындағы «Апелляциялық саты сотында іс жүргізу» тақырыбы бойынша тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

№ 3 тапсырма

«Апелляциялық шағымдануға құқығы бар субъектілер» тақырыбында баяндама дайындау.

№ 4 тапсырма

Тақырып бойынша тестілік тапсырмалар шешу

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№10 тақырып. Кассациялық сатыда іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттарға кассациялық сатыда істерді қарастырудың түсінігі мен маңызы сияқты негізгі снаттар мен түсініктерді түсіндіру. Сонымен қатар, кассациялық сатыда істерді қарастырудың процесуалдық ерекшеліктеріне, белгісі мен маңызына қатысты сұрақтарды қарастыру.

Міндеті: кассациялық тәртіпте сот актілерін қайта қарастырудың негіздері мен тәртібін зерделеу. Кассациялық саты сотының өкілеттігін игеру.

Дәріс-1 сағат

ЖОСПАР:

1. Кассациялық іс жүргізудің ұғымы, мақсаты және маңызы.
2. Сот актілеріне кассациялық өтініш хат беру және наразылық келтіру құқығы.

3. Кассациялық сатыда істерді қарастырудың процестік тәртібі және мерзімдері.

Дәріс тезистері:

Кассациялық инстанция сотында істі қарауды Қазақстан Республикасы АПК-тің азаматтық процестік заңнаманың маңызды институты ретінде қараумен бірге, азаматтық процестің жеке институты деп қарастырады.

Кассациялық сатыда істерді қарастыру өзінің процессуалдық маңыздылығы бойынша салыстырмалы түрде жаңа өндіріс ретінде есептеледі, алайда ол өз атауы бойынша жаңа болып табылмайды.

Кассациялық институт бірінші сатыдағы және апелляциялық сатыдағы заң күшіне енген сот ұйғарымдары мен шешімдерінің, қаулыларының заңдылығын және негізділігін тексеру бойынша кассациялық соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығы.

Кассациялық сотта іс жүргізу – бұл нақты мақсатқа қол жеткізуге бағытталған белгілі бір шектегі процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі.

Кассациялық сатыдағы сот мәлімделген талап қою шегінде жаңа фактілерді анықтап, тараптың дәлелді себептер бойынша бірінші сатыдағы сотқа беруге нақты мүмкіндігі болмаған жаңа дәлелдемелерді зерттей алады. Кассациялық соттың бірінші және апелляциялық сатыдағы соттың істі дұрыс шешілгендігін тексеру құқығы, сонымен бірге, жаңа дәлелдемелерді зерттеу мен бағалау арқылы жаңа фактілерді анықтауы кассациялық сатының істі жаңадан қарастыру және шешім шығару деп қарастыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп кассациялық саты істі мәні бойынша қайта шешу болып табылады.

Кассациялық саты кассациялық шағым мен наразылықтың шегінде шешімнің заңдылығын және негізділігін тексереді. Істі толық көлемде тексеру және шағымның шегінен шығу заңдылыққа сай жүзеге асырылады.

Процестің осы деңгейі азаматтық процессуалдық құқылық қатынастардың өзіндік субъектілік құрамымен ерекшеленеді. Кассациялық өндіріс деңгейінде азаматтық құқықтық қатынастар кассациялық сатыдағы сот және кассациялық өндірістің әрбір қатысушысы арасында пайда болады.

Іске қатысушы тұлғалар өздерінің сот шешімдері мен ұйғырамдарына шағымдану (наразылық келтіру) құқығын кассациялық шағым немесе наразылық беру жолымен жүзеге асырады.

Шағым немесе наразылық беру маңызды құқықтық салдарға әкеледі. Ол екінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін тексеру құқығы мен міндетін туындататын процессуалдық әрекет болып табылады.

Кассациялық шағымдану құқығы дегеніміз – бұл заңдық күшіне енген бірінші және апелляциялық сатыдағы сот актілерін тексеру бойынша кассациялық соттың қызметін қозғау құқығы.

Кассациялық шағымдану - жоғары тұрған соттың құқықтары мен міндеттерін туындататын заңдық күшіне енген шешімдерді тексерудегі қажетті және бір ғана процессуалдық әрекет.

Кассациялық шағымдану (наразылық келтіру) құқығының пайда болуы үшін шағымдануға (наразылық келтіруге) құзіреттілігі бар тұлға бірінші және апелляциялық сатыдағы сот шешім дұрыс емес деп тануы жеткілікті. Бірақта кассациялық сот бірінші және апелляциялық сатыда басталған өндірістің жалғасы емес. Заңи тұжырымдамалар кассациялық сатыдағы сот өндірісінің дербестігін бекітеді. Себебі, объектісі бірінші сатыдағы және апелляциялық сот өндірісінің объектісінен ерекшеленеді

Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізуде қалыптасатын азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар процессуалдық құқық қатынастар жүйесінде үшінші қайтара қатынастар болады, себебі бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта істі қарастырудан кейін пайда болады және бастапқы қатынастар оларға заңдық негіз ретінде есептеледі. Олардың өзінділігі бірінші және апелляциялық сатыдағы сот актісінің заңдылығы мен негізділігін тексерудегі сот дербестігі мақсатымен негізделеді.

Кассациялық шағымданудың (наразылық келтірудің) объектісі ретінде кассациялық тәртіп бойынша шағымдануға (наразылық келтіруге) жататын заңды күшіне енген соттың шешімдері табылады.

Іс кассациялық сатыға бірінші сатыдағы соттан келіп түскен күннен бастап АПК белгіленген мерзімнен кешіктірілмей қаралуға тиіс. Кассациялық сатыдағы соттың мәжілісі Қазақстан Республикасы АПК 54 тарауында бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Кассациялық сатыдағы соттың актілері. Қаулы шығару – кассациялық сатыдағы сотта істі қараудың қорытынды және жауапты сатысы болып табылады.

АПК сәйкес, кассациялық сатыдағы сот істі бірінші және апелляциялық сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша қарай келіп, істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар қосымша материалдарды, алынған сараптамалық қорытындыларды зерттеу, отырысқа шақыртылған тұлғалардан жауап алу қажет болған жағдайларда сот отырысының хаттамасын жүргізеді. Кассациялық сатыдағы сот сондай-ақ өз бастамасы немесе тараптардың өтініші бойынша сот отырысының хаттамасын жүргізуге құқылы болып табылады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

4, 21, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№10 тақырып. Кассациялық сатыда іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерін тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіңдіру. Бұл сабақта курсанттар кассациялық саты сотында азаматтық істерді қарастырудың ерекшелігін ашып, көрсетулері қажет. Кассациялық саты өндірісіне анықтама беру, оның мақсаты мен міндеттерін көрсету. Сонымен қатар, кассациялық сатыда істерді қарастырудың процессуалдық тәртібін және кассациялық саты сотының өкілеттігін қарастыруға тиіс.

ЖОСПАР:

1. Кассациялық өтініш хат беру, наразылық келтіру, ұсыным жасау құқығы.
2. Кассациялық сатыда істерді қарайтын соттар. Апелляциялық шағым берудің тәртібі және мерзімі.
3. Істі кассациялық саты сотымен қарастырудың процестік тәртібі мен шегі.
4. Кассациялық саты сотының өкілеттігі мен сот актілері. Сот актісін (шешімді, қаулыны) өзгерту, күшін жою және жаңа шешім шығарудың негіздері.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 54 тарауының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (әдебиетті қара).
4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.
5. Курсанттар кассациялық өндірістің түсінігін, мақсаты мен міндетін және ерекшеліктерін ашып, көрсету қажет. Осы сатыда істерді қарастырудың сипаттамалық ерекшелігін қарастыру керек. Кассациялық өндіріс істерінің мәнісін сипаттау қажет. Бұл істерді қарастырудың рәсімдік ерекшеліктерін ашып, көрсету керек. Осы сатыда істерді шешу мен шағым жасаудың мерзімдерін, кассациялық саты сотында шығарылатын актілердің мазмұнын ашып, көрсету қажет. Сонымен қатар, соттың шешімін өзгерту немесе күшін жою үшін негіздерді сипаттау қажет.

Сабақ өткізудің 2 нұсқасы

Семинар тренинг «Кассациялық іс жүргізу» - 2 сағат

Мақсаты: кассациялық іс жүргізу сатысының мәнісі мен маңызын игеру

Міндеті: кассациялық саты сотына жүгінудің процесуалдық тәртібін және төменгі саты соттарының актілерін тексерудің тәртібін зерделеу.

Сабақ өткізудің 3 нұсқасы

Даулы проблемаларды көтерумен және ұсынылған сұрақтар бойынша НҚА-ді талдаудың материалдарымен пікірталас жүргізу.

Сабақ өткізудің 4 нұсқасы

Кассациялық іс жүргізу жағдайын бейнелеу (моделдеу, көрсету) арқылы рөлдік ойын.

Талқылау сұрақтары:

1. Сот актілерін кассациялық қайта қараудың мәні мен маңызы.

2. Сот актілеріне кассациялық өтінішхат беру мен наразылық келтіру құқығының субъектілері мен объектілері.
3. Кассациялық саты сотында істерді қарастырудың процестік тәртібі.
4. Сот актілерінің күшін жоюдың негіздері және кассациялық саты сотының өкілеттіктері.
5. Бірінші саты сотының актілеріне өтініш хат беру (наразылық келтіру).

Ұсынылған әдебиеттер тізімі
4, 21, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№10 тақырып. Кассациялық сатыда іс жүргізу

КОӨЖ - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

КОӨЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Кассациялық тәртіпте өтініш хат берудің (наразылық келтірудің) субъектілерін, объектілерін, шегін талдау.
2. Кассациялық саты сотының өкілеттіктерін қарастыру.
3. Қосымша әдебиеттермен танысу.
4. Нормативтік актілердің негізгі ережелерін, дәрістік, семинарлық сабақтардың сұрақтарын және т.б. канспектілеу.
5. Тапсырманы (есепті) жазбаша орындау және ол бойынша шешімін айтуға дайын болу.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі
4, 21, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№10 тақырып. Кассациялық сатыда іс жүргізу

КОЖ - 3 сағат

№ 1 тапсырма

Тапсырмалар жинағындағы «Кассациялық саты сотында іс жүргізу» тақырыбы бойынша тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

№ 2 тапсырма

«Кассациялық өтініш хат беруге құқылы субъектілер» тақырыбында баяндама дайындау.

№ 3 тапсырма

Тақырып бойынша тестілік тапсырмалар шешу.

№ 4 тапсырма
Тақырып бойынша рефераттар қорғау

1. Кассациялық тәртіпте сот актілерін қайта қарастырудың мәні мен маңызы.
2. Кассациялық іс жүргізудің тәртібі.
3. Кассациялық саты сотының өкілеттіктері.
4. Кассациялық саты сотының актілері.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары
Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

№ 11 тақырып. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерін тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарастырудың ерекшелігін ашып көрсетулері қажет. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарастыру өндірісіне анықтама беру, оның мақсаты мен міндеттерін көрсету. Сонымен қатар, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істерді қарастырудың процесуалдық тәртібін және соттың өкілеттігін қарастыруы тиіс.

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау азаматтық процестің сатысы ретінде
2. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіздер.
3. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы сұрақты қозғауға құқылы тұлғалардың шеңбері.
4. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыздарды қарастырудың процестік тәртібі.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Дәрістер тезистері:

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау мәселелері Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 55 тарауында көрсетілген.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институты өз алдына заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын

тексерудегі соттың қызметін реттейтін азаматтық процестік нормалардың жиынтығын құрайды.

Жаңадан анықталған мән-жайларды қайта қарау процес ретінде – дербес мақсаттарға қол жетуге бағытталған белгілі бір процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бір бөлігін атайды.

Жаңадан анықталған мән-жайлар дегеніміз – бұл, біріншіден, азаматтық істі қарауда және шешім шығаруда орын алған, екіншіден, істі дұрыс шешу үшін маңызды заңды фактілер.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың объектісі болып заңды күшіне енген келесі сот актілері табылады:

- бірінші сатыдағы соттың шешімдері;

- бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертілген немесе жаңа шешім қабылданған апелляция, кассация сатысындағы соттардың шешімдері, ұйғарымдары және қаулылары.

Жаңа дәлелдемелер – тараптардың талаптарын және наразылықтарын негіздейтін мәліметтер, сонымен бірге сотқа ұсынылмаған және белгілі бір себептерге байланысты істі қарастыру барысында және шешуде зерттелмеген іс үшін маңызды болып келетін басқа да мән-жайлар. Жаңа дәлелдемелер, қосымша ұсынылған материалдар сияқты сот актілерін қадағалау тәртібі бойынша тоқтатуға негіз бола алады.

Жаңа мән-жайлар дегеніміз – істі қарастыруда орын алмаған және істі мәні бойынша шешуден кейін ғана пайда болған заңды фактілер мен басқа мән-жайлар. Сот актісін шығарудан кейін пайда болған мән-жайлар дербес талап арызды беруге және басқа азаматтық істі қозғауға негіз бола алады.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиеттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 55 тарауының, Жоғарғы Соттың «Азаматтық процестік заңнаманың кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық істер жөніндегі сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың кейбір мәселелері туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 12 Нормативтік қаулысының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу (әдебиетті қара).

4. Дәрістер конспектісін дайындау мен семинарда қарастырылатын сұрақтардың қысқаша конспектісін жасау.

5. Курсанттар жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша күшіне енген сот актілерін қайта қараудың түсінігі мен мазмұнын ашып, көрсету қажет. Сонымен қатар, соттың шешімін өзгерту немесе күшін жою үшін негіздерді сипаттау қажет. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы арыздарды беру мен қарастырудың тәртібін ашып, көрсету қажет.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

4, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№ 11 тақырып. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу

КОӨЖ - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

КОӨЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау тәртібінде арызданудың (наразылық келтірудің) субъектілерін, объектілерін, шегін талдау.
2. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау сотының өкілеттіктерін қарастыру.
3. Қосымша әдебиеттермен танысу.
4. Нормативтік актілердің негізгі ережелерін, дәрістік, семинарлық сабақтардың сұрақтарын және т.б. канспектілеу.
5. Тапсырманы (есепті) жазбаша орындау және ол бойынша шешімін айтуға дайын болу.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

4, 26, 30, 55, 56, 59, 63, 68, 79

№ 11 тақырып. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу

КӨЖ - 2 сағат

№ 1 тапсырма

Тапсырмалар жинағындағы «Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу» тақырыбы бойынша тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

№ 2 тапсырма

«Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізуді қозғауға құқылы субъектілер» тақырыбында баяндама дайындау.

№ 3 тапсырма

Тақырып бойынша тестілік тапсырмалар шешу.

№ 4 тапсырма

Тақырып бойынша рефераттар қорғау

1. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарастырудың мәні мен маңызы.

2. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы арыздарды қарастырудың процессуалдық тәртібі.

3. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарастыратын соттың өкілеттіктері.

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар.

№12 тақырып. Атқару ісін жүргізу

Сабақтың мақсаты: атқару ісін жүргізуге жалпы сипаттама беру.

Міндеті: атқарушылық ісін жүргізудің негізгі ұғымдары мен санаттарын және сот актілері мен құзырлы органдар актілерін мәжбүрлеп орындатудың тәртібін зерделеу және түсіндіру.

Дәріс-1 сағат

ЖОСПАР:

1. Атқару ісін жүргізудің ұғымы және мәжбүрлеп орындату органдары.
2. Атқарушылық іс жүргізуге қатысатын тұлғалар және олардың процесстік құқықтары мен міндеттері
3. Мәжбүрлеп орындатуға жататын актілер. Атқару құжаттары.

Дәріс тезистері:

Қазақстан Республикасы АПК азаматтық сот ісін жүргізудің мынандай міндеттерін бекітеді:

1. азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе дауланған құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау;
2. заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту;
3. құқық бұзушылықтың алдын алу.

Бұзылған немесе дауланған субъективті құқықты және заңды мүддені қорғау тек қана бір адамның құқықтарын растап, екіншісінің оның алдындағы міндеттерін сот актісімен немесе басқа да шешіммен орнатуды ғана емес, сонымен бірге осындай құқықтардың, заңды мүдделердің шынайы қалпына келтірілуін көздейді.

Көптеген жағдайларда соттың шешімінің шығарылуы бұзылған немесе дауланған құқықтың қалпына келтірілгенін білдірмейді. Сонымен бірге сот актісінің орындалғаны қажет. Тек сот актісі дереу орындалғаннан кейін жеке немесе заңды тұлғалардың бұзылған немесе дауланған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша соттың міндеттері орындалды деп айтуға болады.

Кімнің де болмасын құқығын немесе заңды мүддесін қорғау – яғни, тұлғаның құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуын жою, заңды күшіне енген сот актілері арқылы борышқорды міндеттерді орындауға мәжбүрлеу. Азаматтар мен ұйымдардың бұзылған азаматтық, еңбек, отбасылық және т.б. құқықтарын қалпына келтіру үрдісі

соттардың шешімдерін, бұйрықтарын, ұйғарымдарын әне үкімдерін орындау туралы азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттеледі.

Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеті болып табылатын дауланған немесе бұзылған құқықты және заңды мүддені қорғау оның бұзылуын жою арқылы құқықты шынайы қалпына келтірусіз (борышқорды өзінің міндеттерін орындауға мәжбүрлеусіз) мүмкін емес. Сондықтан да азаматтық сот ісін жүргізу сот актісін шығарумен емес, оның атқаруымен аяқталады. Яғни, атқару ісін жүргізу азаматтық іс жүргізудің соңғы сатысы болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізу органдары Қазақстан Республикасының сот орындаушыларының мәртебесі мен атқарушылық іс жүргізуі туралы» Заңында көрсетілген. Бұндай органдар ретінде сот орындаушылары, сот приставтары (егерде олар сот шешімдерінің орындалуына көмектессе), салық органдары, банктер және басқа да банктік емес қаржы мекемелері болады.

Басқа да органдар, ұйымдар мен лауазымды тұлғалар атқарушылық іс әрекеттерін тікелей заңдармен көзделген жағдайларда іске асырады.

Сот актілері мен басқа да органдар актілерінің орындалуын басым көп жағдайларда сот орындаушылары іске асырады.

Қазақстан Республикасының сот орындаушыларының мәртебесі мен атқарушылық ісін жүргізу туралы» Заңында атқару құжатын іс жүргізуге қабылдаудың салдарын реттейді. Осы баптың нормаларына сай сот орындаушысы атқару құжаты келіп түскеннен кейін атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл туралы ол қаулы шығарады.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 20, 23, 24, 25, 26, 27, 50, 55, 59, 63, 65, 66

№12 тақырып. Атқару ісін жүргізу

Сабақтың мақсаты: Бұл сабақтың мақсаты курсанттардың дәрісте алған теориялық білімдерді тексеру, тереңдету және бекіту болып табылады, және де оларға материалды ауызша айту, пікір талас жүргізу дағдыларын сіндіру. Бұл сабақта курсанттар атқару өндірісінің ұғымын ашып, атқару органдарын қарастыру қажет. Атқару өндірісінің мақсаты мен міндеттерін көрсету тиіс. Сонымен қатар, атқару ісін жүргізудегі атқару әрекеттерінің жалпы тәртібін сипаттулары керек.

Семинарлық сабақ - 1 сағат

ЖОСПАР:

1. Атқару ісін жүргізудің ұғымы және мәжбүрлеп орындату органдары.
2. Атқару ісін жүргізуге қатысушы субъектілер, олардың процестік құқықтары мен міндеттері.
2. Атқару құжаттарының түрлері және олардың құқықтық маңызы. Мәжбүрлеп орындатуға жататын актілер. Атқару құжаты бойынша өндіріп алу.
3. Атқарудың жалпы шарттары.

4. Борышқор мүлкін анықтау, оған тиым салу және өндіріп алу.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Негізгі әдебиттерді оқып, танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 19 тарауының және Қазақстан Республикасы «Атқарушылық өндіріс және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттармен атқарушылық ісін жүргізу жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір сұрақтары туралы» 2005 жылғы 20 маусымдағы № 2 Нормативтік Қаулысының негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.

4. Дәріс конспетілерін дайындау және семинарлық сабақтардың сұрақтарын және т.б. канспектілеу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 20, 23, 24, 25, 26, 27, 50, 55, 59, 63, 65, 66

№12 тақырып. Атқару ісін жүргізу

КОӨЖ - 1 сағат

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу

КОӨЖ өткізудің нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Атқару ісін қозғаудың негіздерін, оның субъектілерінің құқықтық жағдайын, сот актілерін мәжбүрлеп орындатудың тәртібін қарастыру.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабағының сұрақтарын және т.б. конспектілеу.

4. Тапсырманы (есепті) жазбаша орындау және ол бойынша шешімін айтуға немесе тестілік тапсырмалар шешуге дайын болу

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

4, 20, 23, 24, 25, 26, 27, 50, 55, 59, 63, 65, 66

№12 тақырып. Атқару ісін жүргізу

КОЖ - 3 сағат

№ 1 тапсырма

Тақырып бойынша рефераттар қорғау

1. Соттар мен басқа да органдар актілерін орындау азаматтық процестің аяқтаушы сатысы ретінде.
2. Атқару өндірісінің органдары.
3. Атқару өндірісіндегі соттың рөлі.
4. Атқару өндірісін прокуратура органдарымен қадағалауды жүзеге асыру.
5. Атқару өндірісіне қатысушы тұлғалар, олардың процестік құқықтары мен міндеттері.
6. Атқару әрекеттерін жасау кезінде өндіріп алушының (несие берушінің), борышқордың және басқа да тұлғалардың құқықтарын қорғау.

№ 2 тапсырма

Тақырып бойынша тестілік тапсырмалар шешу

Өзін-өзі бақылау материалдары

Өзін-өзі бақылауға арналған тестілік тапсырмалар

2.10. ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Сабақтарға дайындалу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексі мен заңнамасын талдаған жөн, оқу материалдарын зерделеп, ғылыми проблемаларды игеру мақсатында периодикалық басылымдарды қорытындылау қажет. Негізгі ұғымдар мен санатарды және зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін заң терминдерінің сөздіктерін пайдаланған жөн, сонымен қатар, азаматтық процестік құқығының негізгі институттарының әр түрлі құқық жүйлерінде салыстырмалы талдауын жүргізу ұсынылады.

Оқу процесінде пайдалану үшін оқытушылармен әзірленген пән бойынша электрондық дәрістер және мультимедиялық презентациялар пайдаланған жөн.

Азаматтық процестік заңнаманы, сонымен қатар, семинарлық сабақтарға дайындалу шеңберінде пән бойынша теориялық негіздерді жүйелі зерделеу дәріс сабағында алған материалды бекітуге септігін тигізеді.

Пән бойынша өзіндік жұмыс түрлерінің **тізбесі және түрлері:**

1. Жылдам оқу (Skit) – оқыту бағдарламасына сәйкес берілген материалды оқу.

2. Тақырып бойынша шолу дайындау (Review) – басылымнан және Интернет ақпараттық ресурстарынан қосымша материалдарды қолдана отыра ұсынылған тақырып бойынша 1-2 беттен тұратын қысқаша әдебиеттер шолуын жазбаша жасау.

3. Глоссарии жасау – терминдерді латын тілінен мемлекеттік тілге қысқаша түсіндіру.

4. Нақты оқу жағдайлары – курсанттарға көптеген қарапайым және күрделі жағдайлар ұсынылады, ол бойынша сұрақтарға жауап беріледі немесе проблемаға қатысты өз көзқарасы жазылады, едәуір жақсы дайындалған курсанттар өз кейстерін жазуларына болады.

5. Топтық жоба – топта не бары 14-5 курсант болу керек, әрбір топ өз жобасын жасау қажет; мысалы, конференцияға баяндама.

6. Жеке жоба – едәуір жақсы дайындалған курсанттар өз ұмтылыстары бойынша орындайды; жұмыс өзінің бірігейлігімен, тақырыптың өзектілігімен, зерттеушілік сипатымен ерекшелену қажет; жобаның нәтижесі дөңгелек үстелде, халықаралық конференцияларда баяндалуы мүмкін.

7. Эссе – аз көлемдегі және ерікті композициядағы прозалық шығарма, публицистиканың, эстетиканың, әдеби сынның, әдебиеттің және т.б. тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарына жаңа қырынан қарап, әдеттегі дағдыланғаннан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерден құрылатын жанр. Эссе дайындау курсанттарға мынандай дағдылар береді:

- сын көзбен бағалау;
- өз жұмысында басқа авторлардың еңбектерін пайдалану;
- өз жұмысына түзетулер енгізу;
- ғылыми жұмыстың жобасын жасау.

Эссенің негізгі мақсаты болып курсанттарға авторлар ойын жеткізу емес, оның идеясын, өз ұстанымын көрсету табылады.

Өзіндік жұмыстың **нысаны мен мазмұны:**

1. Курсанттарға үй тапсырмасын жасауға жәрдем беру:

- тізімнен таңдалған немесе оқытушымен берілген рефератты, баяндаманы жазуға көмектесу және тексеру;

- пәннің құрылымдық-логикалық сызбасын жасауға көмек;

- игерілетін пән негізгі институттарының проблемалары бойынша шолуларды дайындауға көмек;

- глоссарии дайындауға көмек.

2. Курсанттармен дайындалған метариалдарды талқылау және тексеру:

- тақырып бойынша дайындалған глоссаридің мәтіндерін тексеру;

- үлгерімі жақсы курсанттармен орындалған тақырып бойынша әдебиеттер шолуымен таныстыру;

- курсанттар тақырып бойынша баяндаманың презентациясын жасауға дайындығын тексеру.

3. Дәптердегі конспектіні, үй тапсырасының орындалуын тексеру.

4. Курсантар білімін бақылауды жүргізу.

5. Орындалған тапсырмалар бойынша бағалар қою.

6. Өткізіп алған және үлгерімі төмен курсанттар үшін жеке кеңестер.

Курсант жұмыстың маңызды жалпыоқу тәсілдерін білу қажет:

1. Оқу қызметін жоспарлаудың іскерлігі мен дағдысы:

1) оқу міндетін сезіну;

2) мақсат қою;

3) оларға жетудің ұтымды және оңтайлы жолдарын таңдау;

4) қызмет кезеңдерінің реттілігі мен ұзақтығын анықтау;

5) қызмет моделін (алгоритімін) жасау;

6) сабақта және үйде өзіндік жұмысты жоспарлау;

7) планирование на день, неделю, месяц.

2. Өз оқу қызметін ұйымдастыру іскерлігі мен дағдысы:

1) жұмыс орнын ұйымдастыру – оқу құралдарының бар болуы мен жай-күйі, оларды ұтымды орналастыру, қолайлы тазалық талаптарына сай жағдай жасау;

2) жұмыс режимін ұйымдастыру;

3) өзіндік үй жұмысын ұйымдастыру;

4) ой қабілеті әрекеттерінің тәртібі мен тәсілін анықтау.

3. Ақпаратты қабылдау іскерлігі мен дағдысы, ақпараттың әр түрлі қайнар көздерімен жұмыс (коммуникативтік):

1) оқу, кітаппен жұмыс, конспектілеу;

2) библиографиялық іздеу, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс;

3) сөз сөйлеулерді тыңдау, тыңдалғанды жазу;

4) ақпаратты мұқият қабылдау, зейнді басқару;

5) байқау;

6) еске сақтау.

4. Ерекше топты компьютермен жұмыс іскерліктері мен дағдылары құрайды, оның ішінде:

- Интернетте жұмыс;

- электрондық оқулықпен жұмыс;

- білім беру бағдарламасымен жұмыс;

- бақылау бағдарламасымен жұмыс;
- қашықтықтан оқыту жағдайында жұмыс;
- электрондық пошта (off-line) немесе жедел режим (on-line) бойынша телеконференциялар;
- хабарландырудың электрондық тақталар;
- электрондық кітапханалар;
- электрондық пошта (off-line) немесе жедел режим (on-line) арқылы мәліметтер базасына қол жеткізу;
- телебейнеконференциялар.

Курсанттар оқу және арнайы әдебиеттермен өз еріктерімен жұмыс істей білулер қажет, оларға қызықты проблемаларды тауып, олардың мазмұнын аша білу қажет. Курсанттардың өзіндік жұмысының (аудиториядан тыс) негізгі нысаны болып:

- азаматтық процестік құқығы бойынша бағдарламаның жекелеген тақырыптары бойынша рефераттар, баяндамалар мен хабарламалар дайындау;
- ғылыми конференцияларға қатысу;
- аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу табылады.

Курсанттардың өзіндік жұмысының бірқатар нысандары (азаматтық процестік құқығы бойынша бағдарламаның жекелеген тақырыптары бойынша рефераттар, баяндамалар мен хабарламалар дайындау, ғылыми студенттік конференцияларға қатысу және т.б.) шеңберінде мынандай қағидалық сұрақтарға басты көңіл бөлу қажет:

- оқытушының ұсынуы бойынша азаматтық процестік құқығы пәнінен жаңа монографиялық басылымдарды, сонымен қатар, заң журналдарындағы барынша маңызды мақалаларды оқу; осы жұмыстарды тәжірибелік сабақтарда одан әрі баяндау және талқылау үшін конспектілеу;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Бюллетенінде басылымға шыққан жиі кездесетін азаматтық істер бойынша қысқаша шолу жасау. Мұндай шолулардың қорытындылары тәжірибелік сабақтарда талқылауы тиіс;

- соттың, адвокатура жұмысы практикасына курсанттардың қызығушылығын арттыру үшін жалпы құзыреттегі сот отырыстарына қатысу (оқытушының тапсырмасы бойынша). Едәуір қызықты азаматтық істер бойынша мұндай қатысулардың қорытындылары тәжірибелік сабақтарда немесе ғылыми үйірмелердің отырыстарында талқылану қажет;

- курсанттарды олардың жұмыстарымен таныстыру үшін кәсіпкерлік пен әлеуметтік-мәдени қызметтің әр түрлі салаларындағы заң бөлімдеріне (басқармаларына), сонымен қатар нотариалдық кеңселерге бару (оқытушының тиісті басшылықпен алдын ала келіскенінен кейін). Едәуір қызықты азаматтық істер бойынша мұндай барулардың қорытындылары тәжірибелік сабақтарда талқылануы тиіс;

- үй тапсырмасы ретінде заң жобаларына пікір дайындау, себебі, құқықшығармашылық процеске курсанттарды да тартқан жөн болады. Дайындалған пікірлерді тәжірибелік сабақтарда немесе ғылыми үйірме отырыстарында талқылаған орынды болады;

- 3 немесе 4 курста зерделенетін тақырыптарды екере отыра үй тапсырмасы ретінде азаматтық процестік құжаттар жобасын жасау (мысалы, талап арыз жасау, заңды фактілерді анықтау туралы арыз жобасын жасау, бірінші, екінші саты соттарының ұйғарымдарын, шешімдері мен қаулыларының жобасын жасау және т.б.). Тәжірибелік сабақтарда жақсы жасалған немесе төмен дәрежеде жасалған құжаттарды сұрыптау қажет.

Курсанттардың өзіндік жұмысын бақылаудың негізгі нысаны болып оқытушының күнеделікті кеңес берулері табылады, онда, курсанттардың дайындығына бақылау, сонымен қатар, рефераттар бойынша нормативтік материал мен әдебиеттерге тексеру жүргізіледі.

Рефераттарды жазудың, іскерлік ойынның қорытындыларын жасау кезінде оқытушы ең үздік жұмысты сұрыптау мен оны бағалауға, келешекте кемшіліктерді жою үшін кемшіліктер талдауына басты көңілді бөлу қажет.

Курсанттар білімін, олардың өзіндік жұмысының сапасын тексеру семинарлық сабақтарда жүргізіледі. Семинарлық сабақтарда курсант сабақта қарастырылатын тақырыптың теориялық сұрақтары бойынша жақсы дайындалуы тиіс. Мұның өзінде курсант азаматтық процестік кодекстің тиісті нормасына дұрыс сілтеме жасай білуі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тиісті қаулыларын білу тиіс және тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді зерделеуі тиіс.

«Азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша білімдерді игеруді ағымдық бақылау барлық сабақтар түрлерінің барысында және оқытушымен немесе кафедрамен таңдалған нысанда жүзеге асырылады.

Пән бойынша қорытынды бақылау емтихан нысанында жүргізіледі.

2.11. РЕФЕРАТ ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Реферат жазуға негізгі талаптар.

Рефераттың құрылымы зерттеудің мақсатымен және міндетімен анықталады. Жұмыс хронологиялық және проблемалық қағиаттардың үйлесімі негізінде орындалуы тиіс. Ол кіріспеден, 2 немесе 3 бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған қайнар көздер (нормативтік құқықтық актілер, әдебиеттер) тізімінен тұруы тиіс. Тақырыптың күрделілігі мен зерделенгендігіне байланысты көлемі 10-20 бетке дейін болуы керек. Осылайша, реферат автордың таңдаған тақырыбы бойынша қажетті қорытындылары мен ұсыныстары бар аяқталған дербес еңбек болуы тиіс.

Рефераттың мазмұны.

Реферат, жоғарыда айтылғандай тақырыбы мен оны зерттеудің проблемасына байланысты жасалатын өзінің құрылым бар. Оны жазудың белгілі бір жүйесі қалыптасқан.

Кіріспеде автор зерделеп, ұғымын ашуға бел буған тақырыптың қысқаша сипаттамасы, негізгі сұрақтардың негіздемесі болуы тиіс. Тақырыптың өзектілігі, зерделену дәрежесі және жұмыстың теориялық және құқықтық базасы негізделеді, зерттеудің мақсаты мен міндеті айқындалады, жұмыстың жанашылдығы, тәжірибелік маңызы баяндалады. Кіріспе автормен шешілетін

сұрақтардың заманауи негіздерін, автормен оларды зерттеудің жолдарына пікірін және жаңашылдығын көрсетуі тиіс.

Рефераттың негізгі бөлімі – әдетте, курсанттың орындаған өзіндік жұмысының мәні мен шешімін көрсететін ережелер мен мәліметтерден тұратын 2 немесе 3 бөлім (тарау). Рефераттың бұл бөлігінің мазмұнын тармақтар мен параграфтарға бөлуге болады, олардың әрқайсысында нақты қойылған сұрақ бойынша аяқталған ақпараттар болуы тиіс. Тұтас алғанда жұмыстың мазмұны зерттеліп отырған тақырыпқа қатысы бар оқиғалар мен фактілерге, заңнамалық, нормативтік актілерге, нұсқама ережелерге және әдеби қайнар көздерге курсантпен жүргізілген барлық ғылыми талдауы мен қорытындыларының жинтығын көрсету қажет. Зерттеу тақырыбы бойынша кең құжаттамалық база және әдебиеттердің толықтығы қорытынды жасау кезінде жоғары сапа мен негізділікті қамтамасыз етеді.

Қорытындыда – жасалған жұмыстың нәтижелері, қысқаша қорытындысы мен алынған нәтижелері, ұсынымдар мен практикалық ұсыныстар жасалады.

Аяғында пайдаланылған қайнар көздердің тізімін келтіру қажет.

Реферат дербес сипатта болу керек. Қайнар көздерді авторды, жұмыстың атауын, шыққан жылы мен орнын, бетін көрсетіп пікір ретінде пайдалануға жол беріледі. Реферат мәтініне ұсынылған оқу және арнайы басылымдарды жаза салудан алшақ болыңыз, себебі бұл сын пікір берушіге теріс қорытынды (сынақ емес) беруге құқық береді. Бақылау тапсырмасын өтудің ең үздік жолы – сәтті болуға кепілдік беретін және пән бойынша терең білім қалдыратын орындаудың өз нұсқасын жасау.

Рефератты ресімдеу.

Реферат компьютерде жалпытаралған талаптарды сақтай отыра 14 шрифтпен терілуі мүмкін. Мәтінді теру кезінде мынандай колонтитулды сақтау қажет: сол жағы – 3,0 мм, оң жағы –1,0 мм, жоғарғысы –2,0 мм, төменгісі – 2,0 мм. Бетті нөмірлеу төменгі оң жақта жүргізіледі (барлық беттер, оның ішінде сызбалар, диаграммалар, қосымшалар реттілік бойынша нөмірленеді). Орналастырудың мынандай тәртібі ұсынылады:

- 1) титулдық парақ;
- 2) мазмұны;
- 3) кіріспе;
- 4) рефераттың бөлімдері (тараулары);
- 5) қорытындысы;
- 6) пайдаланылған қайнар көздердің тізімі;
- 7) қосымшалар.

Қажеттілік болса графиктер мен кестелер түсіндірме мәтіндермен және қажетті мәліметтер пайдаланылған қайнар көздермен, әдебиеттермен қоса жүреді.

Егер мәтінде пікірлер, цифрлық және басқа да ақпараттар пайдаланылса, онда тиісті сілтемелер жасалуы тиіс. Сілтемелер әрбір беттің аяғында болуы тиіс.

Пайдаланылған қайнар көздер мен әдебиеттердің, басқа да ғылыми жұмыстардың тізімін (тізбесін) жасау құжаттың библиографиялық жазбасына

сәйкес жүргізу ұсынылады. Егер Интернет материалдары пайдаланылса, онда сайттың ресми атауын көрсету қажет.

Әдебиеттермен өзіндік жұмыстың мынандай реттілігі (кезектілігі) ұсынылады:

1) «Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы» пәні бойынша оқу бағдарламасымен танысу;

2) осы «Әдістемелік ұсынымдарды (нұсқауларды)» игеру;

3) осы бағдарламада ұсынылатын әдебиеттерді зерделеу.

Осы әрекет етудің жобалы алгоритімін пәннің әрбір тақырыбын игеру кезінде пайдалған жөн.

Оқу әдебиеттерін зерделеу кезінде оқығанның қысқаша конспектісін, үзінділерді, ескерулерді жасаған және түсініксіз сұрақтарды белгілеп алған өте пайдалы. Соңғыларды түсіну үшін оқытушыға жолығу қажет. Ұсынылған әдебиеттерді зерделеуді аяқтаған соң өз біліміңнің деңгейін өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтарының көмегімен тексерген абзал.

Оқу материалын механикалық түрде жаттаудан түбегейлі аулақ болған жөн. Сан ғасыр тәжірибесі көрсеткендей, ең тиімді болып «жаттаған емес», зерделенетін сұрақтың мәнісіне өз еркімен шығармашылық түрде көз жеткізу табылады.

Қазақстан Республикасы азаматтық процестік құқығы, басқа да көптеген ғылыми пәндер сияқты ақырғы сатыдағы біржолата бекітіліп бекіген ақиқаттың жиынтығы емес. Ол әрқашан дамиды, онда ескінің жойылуы мен жаңа идея, көзқарастар, теориялар туындауының төтеп берілмейтін диалектикалық процесі жүріп жатыр. Аталған инновациялық процес қоғамда болып жатқан ақырғы кездегі күрделі өзгерулерге байланысты күшейіп кетті. Ақпараттың тез ескіруі жағдайында оқу басылымдары елде және әлемде болып жатқан ірі өзгерулерден тундайтын жаңа құбылысты көрсетіп үлгермейді. Бұл көбінесе осы пән бойынша оқулықтарға және пәнге байланысты көптеген басқа басылымдарға да қатысы бар. Оларды басқасын айтпай-ақ техникалық себептер бойынша жыл сайын жаңарту және қайта басып шығару мүмкін емес. Осыған байланысты пән бойынша әдебиеттерде дамудың жаңа тенденцияларына жауап бермейтін немесе оларға қарама-қайшылығы бар ережелер кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда ой-сананың қажетті сыншылдығын көрсете отыра сол немесе басқа басылымның қандай беделді басылым болмасын ескірген идеяларына емес, халықаралық ұйымдардың, елдің жоғары заң шығарушы органдарының заң күші бар құжаттарының, сонымен қатар, тиісті заңға бағынышты актілердің нормаларына сүйену қажет.

2.12. ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Апелляциялық шағым (наразылық) беріледі:

- A) Прокуратураға.
- B) Шешім шығарған сот арқылы беріледі.
- C) Апелляциялық сатыға.
- D) Жоғары тұрған сотқа.
- E) ҚР Жоғарғы Сотына.

2. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы қанша уақыт өткен соң заңды күшіне енеді:

- A) Шығарылғаннан кейін 10 күн өткен соң.
- B) Шығарылғаннан кейін 15 күн өткен соң.
- C) Шығарылғаннан кейін 7 күн өткен соң.
- D) Шығарылғаннан кейін 5 күн өткен соң.
- E) Қабылданған күннен бастап.

3. Апелляциялық шағым беруге құқылы:

- A) Жауапкер.
- B) Прокурор.
- C) Талапкер.
- D) Үшінші тұлға.
- E) Тараптар мен іске қатысушы өзге тұлғалар.

4. Апелляциялық шағымға қосылуға құқылы:

A) Іске ортақ қатысушылар.
B) Іске ортақ қатысушылар мен апелляциялық шағым берген тұлғаның жағынан қатысатын үшінші тұлғалар.

- C) Жауапкер.
- D) Прокурор.
- E) Талапкер.

5. Апелляциялық шағымды қозғаусыз қалдыру туралы сот қандай акт қабылдайды:

- A) Ұйғарым.
- B) Қаулы.
- C) Хатама.
- D) Шешім.
- E) Хат жазып, хабарлайды.

6. Азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырады:

- A) Аралық сот.
- B) Жолдастық сот.
- C) Прокуратура.
- D) Сот.
- E) Арбитраж.

7. Азаматтық істі қозғау үшін негіз болып табылады:

- A) Арыз (соның ішінде талап арыз).
- B) Құпия шағым.
- C) Жауап алу туралы хаттама.
- D) Жауап алу туралы хаттама және құпия шағым.

Е) Өтініш.

8. Азаматтық сот ісін жүргізудің түрін атаңыз:

А) Шаруашылық істер бойынша іс жүргізу.

В) Алименттік істер бойынша іс жүргізу.

С) Ерекше іс жүргізу.

Д) Арбитраждық іс жүргізу.

Е) Зиян келтіру міндеттемелері бойынша іс жүргізу.

9. Аудандық, облыстық және оған теңестірілген соттардың шешімдері заңды күшіне енеді:

А) Шешімге сот қол қойған соң.

В) Аяқталған шешімді шығарған соң.

С) Егер шағымдалмаса немесе наразылық білдірілмесе, апелляциялық шағымдау, наразылық беру мерзімі өтісімен.

Д) Дәлелді шешім жазылған соң.

Е) Шешім жарияланған сәттен бастап.

10. Азаматтық дау аралық соттың қарауына берілуі мүмкін:

А) Тараптардың келісімі бойынша.

В) Кез келген жағдайда.

С) Халықаралық келісіммен қарастырылған жағдайларда.

Д) Заңмен қарастырылған жағдайларда.

Е) Талапкердің қалауы бойынша.

11. Анықтама: «Іс жүргізуді тоқтатуға бағытталған, талапкердің өзінің талабын соттық қорғаудан бас тарту жөніндегі сотта жарияланған сөзсіз бас тартуы»:

А) Бітім келісімі.

В) Талаптан бас тарту.

С) Талаптың пәнін өзгерту.

Д) Талаптың негізін өзгерту.

Е) Қарсы талап.

12. Анықтама: «Басталып кеткен процессте алғашқы талаппен бірге қарау үшін өз мүдделерін қорғау мақсатында жауапкермен мәлімделген дербес талап қою»:

А) Қарсы талап.

В) Талаптарды біріктіру.

С) Талаптарды бөлу.

Д) Бітім келісімі.

Е) Талаптарды қосу.

13. Анықтама: «Мүдделі тұлға үшін жеке немесе мүліктік құқықтарын жүзеге асыруға жағдай туғызу мақсатында даусыз субъективтік құқықтардың бар болуын немесе жоқ болуын анықтау бойынша сот өндірісін жүргізу түрі» - бұл:

А) Ерекше іс жүргізу.

В) Талап ісін жүргізу.

С) Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу.

Д) Сырттай іс жүргізу.

- Е) Бұйрық арқылы іс жүргізу.
14. Азаматтық іс жүргізудің қағидасы болып табылады :
- А) Нормативтілік, жүйелілік, міндеттілік.
 - В) Императивтік, диспозитивтік.
 - С) Сот төрелігін ұйымдастыру, қызметтік.
 - Д) Жариялылық, сот ісін жүргізудің тілі; диспозитивтілік; сайысушылық.
 - Е) Барлық жауап дұрыс.
15. Азаматтық іс жүргізуде дәлдеу міндеті кімге жүктеледі:
- А) Үшігші тұлғаға.
 - В) Соттағы өкілге.
 - С) Әрбір тарап өзінің талабының және қарсылығының негізі ретінде сілтеме жасап отырған мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.
 - Д) Жауапкерге.
 - Е) Судьяға.
16. Азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілігі кімде болады:
- А) 16 жасқа толған, есі дұрыс азаматта.
 - В) Кәмілетке толған азаматта.
 - С) Кез келген іске қатысушы болып табылатын азаматта болады.
 - Д) 14 жасқа толған, есі дұрыс азаматта.
 - Е) Сот шешімімен анықталған сәттен бастап.
17. Азаматтық іс жүргізудің қозғалу механизмін анықтаушы қағида:
- А) Заңдылық.
 - В) Сайысушылық.
 - С) Істің тікелей, ауызша жүргізілуі.
 - Д) Объективтік шындық.
 - Е) Диспозитивтілік.
18. Азаматтың азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілігі туындайды:
- А) 16 жастан.
 - В) 18 жастан.
 - С) Тұлғаның құқық қабілеттілігі танылған сәттен бастап.
 - Д) Туылған күннен бастап.
 - Е) 14 жастан.
19. Атқарушылық іс жүргізуді қозғайды:
- А) Судья.
 - В) Сот приставы.
 - С) Өндіріп алушы.
 - Д) Сот орындаушысы.
 - Е) Прокурор.
20. Азаматтық сот ісін жүргізудің түрін атаңыз:
- А) Ерекше іс жүргізу.
 - В) Даулы істер.
 - С) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер.
 - Д) Арбитраждық істер.
 - Е) Мүліктік даулар.

21. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы істің соттылығын атаңыз:

А) Азаматтың тұрғылықты жері бойынша.

В) Жалпы соттылық.

С) Арыз берушінің мекен-жайы бойынша немесе хабар-ошарсыз деп танылатын азаматтың соңғы мәлім болған мекен-жайы бойынша.

Д) Арыз берушінің мекен-жайы бойынша.

Е) Мүдделі тұлғаның мекен-жайы бойынша.

22. Азаматтық іс жүргізуді тоқтату (қысқарту) негізі болып табылады:

А) Талапкер талабынан бас тартса; тараптар бітім келісімін жасаса және ол сотпен мақұлданса; іс сотта қаралуға жатпайтын болса.

В) Талапкер осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды алдын-ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жоғалмаса.

С) Осы немесе басқа соттың өндірісінде осы тараптар арасындағы, сол пән және сол негіз бойынша бұрын қозғалған іс бар болса.

Д) Талап-арызды қайтарып алу туралы өтініш түссе, ал жауапкер істі негізі бойынша қарауды талап етпесе.

Е) Өзінің мүддесіне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса.

23. Анықтама: «Мүдделі тұлғаның бұзылған немесе дауланып отырған субъективтік құқығын қорғау немесе құқық туралы дауды шешу жолымен заңмен қорғалатын мүддесін қорғау туралы талаппен мүдделі тұлғаның сотқа жолдануы»:

А) Бітім келісімі.

В) Кінә қою.

С) Талап.

Д) Қарсылық.

Е) Наразылық.

24. Азаматтық сот өндірісін тоқтату негізі болып табылады:

А) Талап-арызды қайтарып алу туралы өтініш түссе, ал жауапкер істі негізі бойынша қарауды талап етпесе.

В) Талапкер осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды алдын-ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жоғалмаса.

С) Осы немесе басқа соттың өндірісінде осы тараптар арасындағы, сол пән және сол негіз бойынша бұрын қозғалған іс бар болса.

Д) Талапкер талабынан бас тартса; тараптар бітім келісімін жасаса және ол сотпен мақұлданса; іс сотта қаралуға жатпайтын болса.

Е) Өзінің мүддесіне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса.

25. Арызды қараусыз қалдыру негіздері қандай:

А) Егер дәл сол тараптар арасында дау бойынша, сол пән, сол негіз бойынша заңды күшіне енген сот шешімі болса.

В) Арыз әрекет қабілеттілігі жоқ адаммен берілсе, сотқа дейін істі қарастыру тәртібі сақталмаса, тараптар аралық сотқа істі беру жөнінде келіссе.

С) Іс азаматтық сот өндірісі тәртібінде қаралуға жатпайтын болса.

Д) Талап арыздың мазмұны сай келмесе, баж салығы төленбесе.

Е) Талапкер талабынан бас тартса, тараптар бітім келісімін жасаса.

26. Азаматтық іс бойынша сот өндірісін тоқтатудың құқықтық салдары қандай:

А) Шағым беруге болмайды.

В) Сол тараптар арасындағы, сол пән және сол негіздер бойынша екінші мәрте сотқа талап қоюға жол беріледі.

С) Іс қысқарады;

Д) Іс басқа сотта қозғалады.

Е) Сол тараптар арасындағы, сол пән және сол негіздер бойынша екінші мәрте сотқа талап қоюға жол берілмейді.

27. Анықтама: «Нақты бір материалдық-құқықтық дауды шешу мақсатымен бірінші сатыдағы сотта істі қозғау және сот талқысына қолдау көрсету құқығы» дегеніміз:

А) Талаптарды біріктіру.

В) Азаматтық істі қозғау.

С) Талап қою құқығы.

Д) Азаматтық талапты қарау.

Е) Бітім келісімі.

28. Азаматтық іс жүргізудің соңғы сатысын атаңыз:

А) Сот шешіміне наразылық білдіру.

В) Сот актілерін орындау.

С) Сот шешімін шағымдау.

Д) Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізу.

Е) Қадағалау сатысында іс жүргізу.

29. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ерекшелігі неде:

А) Тараптардың құқықтары мен міндеттерінде.

В) Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарына қатысушы міндетті субъектісі сот болып табылуында.

С) Іс жүргізуге қатысушыларға қойылатын талаптарда.

Д) Құқтық қатынастардың субъективтік құрамында.

Е) Материалдық-құқықтық даудың объектісінде.

30. Азаматтық процессуалдық құқық қабілеттілік дегеніміз -:

А) Процессуалдық құқықтар мен міндеттерге ие болу.

В) Өкілдің көмегіне ие болу және сотта өз құқықтарын қорғау.

С) Сотта құқығын өзі немесе өкіл арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі.

Д) Қорғаушының көмегін пайдалану мүмкіндігі.

Е) Сотта азаматтық істі қозғау құқығына ие болу

31. Азаматтық іс жүргізу мирасқорлығы – бұл ...:

А) Процессуалдық әрекеттер тәртібін реттейтін жалпы және деректі ережелер.

В) Азаматтық іс жүргізуде талап қоюшы не жауапкер жағында немесе екі тараптар жағында бір-біріне мүдделері қайшы келмейтін бірнеше тұлғалардың болуы.

С) Даулы құқықтық қатынас бойынша іс жүргізуден тараптардың біреуінің шығуына байланысты істе тарап немесе үшінші тұлға болып танылатын тұлғаны ауыстыру.

Д) Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі бар материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар.

Е) Азаматтың әрекет қабілеттілігі шектелуі немесе жоқ деп танылуына байланысты оны басқа тұлғамен ауыстыру.

32. Аталған негіздердің қайсысы іс жүргізуді тоқтата тұрудың негізі болып табылмайды:

А) Қарсы талаптың қойылуы.

В) Тарап әрекет қабілеттілігінен айырылса.

С) Талапкер немесе жауапкер қызмет бабындағы ұзақ іс сапарда жүрсе.

Е) Даулы құқықтық қатынас құқықтық мирасқорлыққа жол беретін жағдайларда.

Е) Сот сараптама тағайындаса.

33. Азаматтық іс жүргізу сатысына жатпайды:

А) Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот қаулыларын қайта қарау.

В) Азаматтық істі сотта қозғау.

С) Азаматтық істі сот талқысына әзірлеу.

Д) Сот шешімін қабылдау және жариялау.

Е) Азаматтық істі негізі бойынша сот талқысында қарау.

34. Азаматтық іс жүргізудің салалық қағидасын атаңыз:

А) Соттардың тәуелсіздігі және тек қана заңға бағынуы.

В) Азаматтық істерді алқалы қарау қағидасы.

С) Азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі.

Д) Заңдылық.

Е) Диспозитивтілік қағидасы.

35. Бірінші сатыдағы соттармен қабылданатын сот актілері:

А) Шешім, ұйғарым.

В) Шешім, сырттай шешім, ұйғарым, сот бұйрығы.

С) Шешім, ұйғарым, қаулы.

Д) Ұйғарым, хаттама, соттық акт.

Е) Шешім, ұйғарым, қаулы, хаттама.

36. Бала асырап алу туралы іс қаралады:

А) Ашық сот отырысында.

В) Асырап алушылардың қалауы бойынша сотта.

С) Судьяның қарауы бойынша.

Д) Покурордың қарауы бойынша.

Е) Жабық сот отырысында.

37. Бірнеше соттардың қарауына жататын істер бойынша соттылықты таңдау құқығы тиесілі:

- A) Талапкерге.
- B) Үшінші тұлғаға.
- C) Сотқа.
- D) Жауапкерге.
- E) Прокурорға.

38. Бірнеше жауапкерге талап қойылғанда соттылықты таңдау құқығы кімге беріледі:

- A) Үшінші тұлғаға.
- B) Талапкерге.
- C) Жауапкерге.
- D) Прокурорға.
- E) Іске ортақ қатысушыларға.

39. Белгілі бір құқықтық қатынастардың бар немесе жоқ екендігін сотпен мақұлдау туралы талап ету – ол мынадай талап түріне жатады:

- A) Тану.
- B) Тоқтату.
- C) Өзгерту.
- D) Ұйғару.
- E) Орындату.

40. Ведомстволық бағыныстылық түріне жатпайды:

- A) Аралас.
- B) Шартты.
- C) Арнайы.
- D) Баламалы.
- E) Императивтік (бағындыру).

41. Дәлелдеуден босатылған:

- A) Сотпен жалпыға мәлім деп танылған мән-жайлар.
- B) Талапкер сілтеме жасаған мән-жайлар.
- C) Жауапкер сілтеме жасаған мән-жайлар.
- D) Куәнің түсініктері.
- E) Тараптардың түсініктері.

42. Дербес талап қоятын үшінші тұлға кімнің барлық құқығына ие болады:

- A) Жауапкердің.
- B) Іс бойынша тараптардың.
- C) Талапкердің.
- D) Іске ортақ қатысушының.
- E) Куәнің.

ГЛОССАРИ

Азаматтық процестік әрекет қабілеттілігі– бұл сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттілігі.

Азаматтық процестік құқық қабілеттілігі– бұл азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі.

Азаматтық процестік құқығының қағидалары–оның фундаменталдық ережелерін, азаматтық істер бойынша сот әділеттілігі туралы негіз қалаушылық идеялар және азаматтық істер жүргізу құқығы нормаларында бекітілген идеялық-саяси, басшылыққа алынатын ережелер, олар процестің құрылымын, табиғатын анықтайды.

Азаматтық процестік құқығы қағидаларының жүйесі–құқық саласының реттелген, логикалық тұрғыда өзара байланысқан барлық принциптерінің жиынтығы.

Азаматтық процестік құқығының жүйесі–құқықтық реттеу пәнінің сипатымен негізделген құқықтық нормалармен институттардың жиынтығы.

Азаматтық процестік құқықтағы үшінші тұлғалар–өздерінің құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотта қозғалған іске қатысушы тұлғалар.

Азаматтық процестік құқығы–сотпен іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың арасында азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында қалыптасатын азаматтық-процессуалдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Азаматтық процестік құқығының қайнар көзі–азаматтық процессуалдық нормалар бекітілген нормативтік құқықтық актілер.

Азаматтық процестегі тараптар–олардың арасындағы материалдық-құқықтық дауды шешу үшін соттық іс жүргізуге қатысатын тұлғалар.

Азаматтық істі сотта қарауға дайындаудың мақсаты–азаматтық істің уақытылы және дұрыс шешілуін қамтамасыз ету.

Баламалы ведомстволық–өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір органға жолданатын субъектінің қалауы бойынша ведомстволық бағыныстылық.

Белсенді бірігіп қатысушылық–іске талапкер болып бірнеше тұлғалардың қатысуы және жауапкер болып бір тұлғаның қатысуы.

Бітімгершілік келісім–заңмен белгіленген жағдайларға сәйкес, сотта тараптардың арасында жасалған материалдық-құқықтық дауды ерікті түрде шешу туралы келісім.

Борышкер-атқару құжатында көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға.

Ведомстволық–азаматтық-құқықтық дауларды қарастыруға қатысты әр түрлі құзыретті органдардың арасындағы өкілеттіліктің бөлінуі.

Дәлелді қарсылық –қойылған талапты жоққа шығаруға бағытталған және нақты заңды фактілермен негізделген жауапкердің қарсылығы.

Дербес талап мәлімдейтін үшінші тұлғалар–талап қоюшыға да және жауапкерге де талап қою арқылы басталған процеске қатысатын тұлғалар.

Дербес талап мәлімдемейтін үшінші тұлғалар—өзінің жеке құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін талапкер немесе жауапкердің жағында болып процеске қатысатын тұлға.

Жанадан анықталған мән-жайларды қайта қарау—дербес мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған белгілі бір процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бір бөлігі.

Жанадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институты—өз алдына заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды тексерудегі соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығы.

Зандық факт—процессуалдық қатынастардың туындауы, өзгеруі және тоқтатылуымен байланысты азаматтық құқықтық қатынас нормаларымен қарастырылған өмірлік мән-жайлар.

Легитимация—белгілі бір тұлғаның процесте тарап болуға құқығы бар екендігін мойындау.

Материалдық-құқықтық қарсылық—заңды мүдделері мен құқығын қорғауға бағытталған жауапкердің қарсылығы.

Бәсең бірігіп қатысушылық—іске талапкер болып бір тұлғаның қатысуы, жауапкер болып бірнеше тұлғалардың қатысуы.

Процессуалдық бірігіп қатысушылық—азаматтық істе талапкер мен жауапкер жағында бірнеше тұлғалардың қатысуы.

Ресми өкіл—азаматты әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы арыз қабылдағаннан кейін сот процессінде қозғалған іс бойынша азаматтың мүдделерін білдіруші және қорғаушы өкіл-адвокат.

Соттылық—соттар арасында белгілі азаматтық істер қарастыру өкілеттіктерін бөлу, яғни істің қай соттың қарастыруына жататындығын анықтау.

Талап—мүделі тұлғаның бұзылған немесе даулы субъективтік құқығы немесе заңмен қорғалатын мүддесін, құқық туралы дауды шешу жолымен қорғауды талап етіп сотқа жолдануы.

Талап қоюшы—өз мүдделерін немесе талап қойған мүдделерді сотқа талап арызды беру арқылы қорғайтын сотқа жолданушы тұлға.

Ұйғару туралы талап—жауапкердің белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруын немесе оны жүзеге асыруды тоқтатуын міндеттеуді талап етіп сұрайтын талап түрі;

Үшінші тұлғалар—өздерінің субъективтік құқықтар мен мүдделерін қорғау үшін басталып кеткен азаматтық процеске қатысатын және мүдделері тараптардың құқықтары және мүдделерімен сәйкес келмейтін тұлғалар.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру—сотпен, істің одан әрі қарастырылуына кедергі болатын заңда көзделген негіздер бойынша процессуалдық әрекеттерді жасауды белгілі бір мерзімге тоқтата тұру.

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар—іске мүдделі тұлғалармен сота іс қарау және соттың шешімін орындаған үшін төленетін шығындар.

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемдері.

Білімді бақылау мен бағалау жүйесі

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы «Құқыққорғау қызметі» мамандығының курсанттары үшін міндетті түрде оқытылатын пән болып табылады. Кредиттік технология бойынша бұл пән 3 курста, 5 семестрде оқытылады және 2 кредитті құрайды.

Курсанттарға білімді бағалаудың технологиясын анық түсіндіру–пәнді меңгеруге курсанттың тиімді және тиісті қатысуының кепілі.

Курсанттың білімін бағалау 2 кезеңде жүргізіледі:

1 кезең–тәжірибелік (семинарлық) сабақтарға қатысуды, КОӨЖ тапсырмаларын орындауды, ағымдағы межелік бақылауларды өтуді қамтитын семестр бойы курсанттың жұмысын бағалау.

2 кезең–барлық азаматтық процестік құқығы пәнін аяқтағаннан кейін жүргізілетін 30 сұрақтан тұратын емтихан (тестілеу) нысанындағы қорытынды бақылау.

Қорытынды баға қойған кезде бұл кезеңдердің ара-қатынасы 60% -тан 40% дейін құрайды, яғни, бірінші кезеңнің бағасы жалпы бағаның 60 % құрайды, ал екінші кезеңдікі түпкілікті бағаның 40% құрайды.

Сонымен, бірінші кезеңнен бастайық. Семестр бойы жұмыс «Азаматтық процестік құқығы» пәнін меңгеруде мынандай қатысулардың нысанында бағаланады:

1. Тәжірибелік (семинарлық) сабақтарға қатысу;
2. КОӨЖ тапсырмаларын орындау және ол бойынша есеп беру;
3. КӨЖ тапсырмаларын орындау;
4. Курстың блоктары бойынша ағымдағы межелік бақылауларды өту;
5. Дәріс материалын талқылауға белсенді қатысу.

«А», «А-» (өте жақсы) – егер курсант барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

«В+», «В», «В-», «С+» («жақсы») - егер білім алушы бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

«С», «С-» («қанағаттанарлық») - деген баға егер білім алушы негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе;

«D+», «D» («қанағаттанарлық») - егер курсант негізгі материалды ғана меңгерген болса, бағдарлама материалдарын таныстырудағы дәйектілікті бұзады және практикалық тапсырмаларды орындауға қиындық туғызады;

«F» («қанағаттанарлықсыз») - егер курсант бағдарлама материалының елеулі бөлігін білмесе, 0% -30%;

Егер білім алушы 30-40% елеулі қателіктер жіберсе.

Егер білім алушы бағдарлама материалының едәуір бөлігін білмесе, тәжірибелік 40-49%-ын қатты қиналып орындаса, қойылады.

А-дан А-ға, В-дан В+ -ке дейінгі, D-дан С+ -ке дейінгі бағалар аралығын таңдау білім алушылардың сәйкес келу дәрежелері жоғарыдағы критерийлермен анықталады.

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

2.13. ПӘН БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Азаматтық сот өндірісінің түсінігі және түрлері
2. Сотқа шақыру және шақыру қағазының мазмұны
3. Азаматтық істер жүргізу құқының түсінігі, пәні және жүйесі
4. Талап арызды қайтарудың, қабылдаудан бас тартудың негіздері
5. Ерекше талап өндірісінің мәні, ерекшеліктері
6. Азаматтық процестің сатылары
7. Азаматтық істі сот талқысына дайындау
8. Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқытарын қорғау туралы істер бойынша сот өндірісі
9. Азаматтық істер жүргізу құқығының қағидаларының жүйесі
10. Сотта істі қарастырудың мәнісі. Сот мәжілісінің бөлімдері.
11. Мемлекеттік билік ету, жергілікті өзін-өзі басқару, қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар, лауазымды адамдар және мемлекеттік қызметкерлердің іс-әрекеттері мен шешімдерін жою туралы істер бойынша сот өндірісі.
12. Істі сот шешімін шығармай аяқтау.
13. Диспозитивтік және сайысушылық қағидалары.
14. Істі қарастыруды кейінге қалдыру.

15. Нормативті – құқықтық актілердің заңдылығын жою туралы істер бойынша сот өндірісі.
16. Азаматтық іс жүргізу бойынша сот төрелігінің конституциялық негіздері.
17. Іс бойынша өндірісті тоқтата тұру.
18. Органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін және актілерін заңсыз деп тану туралы прокурордың жолдануы бойынша сот өндірісі.
19. Іске қатысушы тұлғалар. Соттың құқықтық жағдайы.
20. Ерекше өндірістің түсінігі. Ерекше өндірістегі істерді қарау реті.
21. Азаматтық процестегі тараптардың түсінігі, түрлері және құқықтық жағдайлары.
22. Сот мәжілісінің хаттамасы, оның мазмұны, ескерту жасау реті.
23. Сот шешімін орындауды кері бұру.
24. Азаматтық процестегі үшінші тұлғалардың түсінігі және түрлері, құқықтық жағдайы.
25. Сот шешімі, оған қойылатын талаптар.
26. Бірінші инстанция соты актілерінің түсінігі мен түрлері.
27. Азаматты хабар – ошарсыз кетті деп тану және өлді деп жариялау туралы істерді қарау.
28. Азаматтық процеске прокурордың қатысуы, оның процессуалдық жағдайы.
29. Азаматтың әрекет қабылеттілігін шектеу немесе жоқ деп тану туралы істерді қарау.
30. Соттағы өкілдік.
31. Сот шешімінің мазмұны (бөлімдері).
32. Бала (ұл, қыз) асырап алу туралы арыздар бойынша сот өндірісі.
33. Процессуалдық мерзімдер.
34. Шешімді дереу орындау (түрлері мен негіздері).
35. Талаптан бас тарту, өзгерту.
36. Сот шығындары: түсінігі, түрлері.
37. Шешімді орындауды кейінге қалдыру және бөліп орындау.
38. Талапты мойындау, бітім келісімін жасасу.
39. Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы, түрлері.
40. Сот шешімінің заңды күші.
41. Бұйрықтық өндірісті қозғау.
42. Азаматтық істердің соттылығы: түсінігі және түрлері.
43. Бірінші инстанция сотының ұйғарымдары (мазмұны, түрлері).
44. Сырттай өндіріс және сырттай шешім.
45. Соттағы дәлелдеудің түсінігі, дәлелдеу пәні.
46. Жеке ұйғарымдар.
47. Сырттай шешімнің күшін жою.
48. Дәлелдемелердің түсінігі. Дәлелдеуді керек етпейтін мәліметтер.
49. Сот шешімін және ұйғарымын апелляциялық тәртіпте қайта қарау сатысының мәні мен маңызы.

50. Заңды күшіне енген сот актілеріне шағым ; наразылық білдіруге құқылы тұлғалар.
51. Сот дәлелдемелерінің жіктелуі.
52. Апелляциялық шағымдану (наразылық келтіру) құқығы.
53. Кассациялық тәртіпте заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық білдіруге құқылы тұлғалар.
54. Дәлелдемелердің қатыстылығы және дәлелдемелерге жол беру.
55. Апелляциялық шағым мен наразылықтың мазмұны.
56. Кассациялық тәртіпте наразылықты қарауға өкілетті соттар.
57. Дәлелдемелерді бағалау.
58. Апелляциялық шағымды немесе наразылықты қараусыз қалдыру және қайтарып беру.
59. Кассациялық өтініш хат сотта алдын-ала қараудың реті, оның процессуалдық солдарлары.
60. Талаптың түсінігі және түрлері.
61. Апелляциялық шағымды немесе наразылықты алғаннан кейінгі соттың әрекеттері.
62. Кассациялық тәртіпте наразылықты алғаннан кейінгі соттың әрекеттері.
63. Талаптың элементтері.
64. Соттың екінші инстанциясында апелляциялық шағым (наразылық) бойынша істі қараудың процессуалдық тәртібі мен мерзімі.
65. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот қаулыларын қайта қараудың негіздері.
66. Талапқа құқықтылық және талап қою құқығы.
67. Апелляциялық шағым, наразылық бойынша сот шешімдерін қайта қараудың процессуалдық тәртібі мен мазмұны.
68. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот қаулыларын қайта қарату туралы арыз беру, оны қарастыру реті.
69. Жауапкердің мүддесін қорғау, қарсы талап қою реті.
70. Апелляциялық инстанция сотының өкілеттілігі.
71. Шешімді орындау негіздері және орындау құжаттары.
72. Талапты өзгерту. Талаптан бас тарту. Бітім келісімін жасасу.
73. Апелляциялық инстанция сотының өкілеттілігі.
74. Шешімді мәжбүрлеп орындаудың жалпы ережелері.
75. Талапты қамтамасыз ету.
76. Апелляциялық инстанция сотының актілері, оның мазмұны.
77. Орындау өндірісін тоқтата тұру негіздері.
78. Арызды қозғалыссыз қалдыру.
79. Сот өндірісін тоқтау негіздері, салдары.
80. Заңды маңызы бар деректерді анықтау.
81. Азаматтық процессуалдық-құқықтық қатынастар, алғышарттары.
82. Соттың бірінші инстанциясы шығарған ұйғарымға жеке шағым беру (наразылық келтіру).

83. Апелляциялық тәртіпте сот шешімін бұзудың немесе өзгертудің негіздері.
84. Талап арызды қараусыз қалдыру негіздері, салдары.
85. Талап арыз, оның мазмұны.
86. Сот бұйрығын шығарудың талаптары.
87. Талап қоюдың реті, оны сақтамаудың салдары.
88. Апелляциялық тәртіпте сот шешімін бұзудың негіздері.
89. Мәжбүрлі орындату шаралары. Сот орындаушысының әрекетіне шағымдану.

2.14. Құрастырушы: азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры Қалиев Абылай Ақылбайұлы.